

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№6 (163),
ТАМЫЗ
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев – тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 25.07.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкесуі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Тұрсынхан Зәкенұлы. Күлтегін ескерткішінің тарихи-деректік маңызы.....	2
Дастан Сәтбай, Нұрқасым Ерболатов. Жаңадария жағалауы – көне өркениеттер мекені.....	6
Құмарбек Жұмбаев. "Қазақ" атауының шығуы.....	8
Н.Кузембаев, З.Сабданбекова, Ж.Жумабеков. Первый тюркский каганат и Иран.....	10
Оразгүл Мұхатова. Ұрпағының ертеңіне алаңдаған тұлға еңбегі.....	13
Сағат Тайман, Нұрлан Өзімов. Мұстафа Шоқай ұлттық сана және ұлт тарихы жайында.....	17
Фатима Қозыбақова. Академик К.Нұрпейіс және "Алаш һәм Алашорда".....	19
Қылышбай Сүндетұлы. Әминнің алғашқы мәресі.....	21
Айгүл Сыманова. Лех Валенса	23
Ш.Нагимов, Д.Хамидуллина, Г.Жамбауылова. Бай-феодалдарды тәркілеу шаралары.....	25
Бауыржан Мусаев. Последствия аграрной политики большевиков в Казахстане.....	30
Толқын Тіленова, Манар Рахымжанова. Қоғамның "Рухани жаңғыруындағы" әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың рөлі.....	33
Айжан Тұяқова. Рухани жаңғырудағы білім мәселесі.....	35
Талгатбек Аминов. Казахстанская модел экономического развития.....	37
Д.Кенжебаев. To the question of need of the research of history development of astronautics in the territory of Kazakhstan.....	41
Гаухар Мәуліт. Ұлттық ойындар.....	42
Керимсал Жубатканов. Книга Президента.....	45

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

А.Тұрғанбаева, Д.Тұрарбеков, Р.Сыздықова. Тарихи деректермен жұмыс жасау.....	49
Қуаныш Мақтиев. Жаңа оқулық – жаңа белес.....	52
Лариса Қожахметова. Қаңлылар.....	54
Қаныш Садыр. Жуалыойдан хабарсыз кеткендер.....	55
Бақытжан Қайырбеков. Зайырлылық және дінтану негіздері.....	56

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНІҢ ТАРИХИ-ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті шығыстану кафедрасының профессоры

Бірсыпыра қытай ғалымдары (Су Бэйхай, т.б.) ғұндар мен көне түркілердің тарихын қазақ тарихына жақындатқысы келмейді. Есесіне, кезінде Қытайдың Хан және Таң патшалығымен жақын болған Үйсін хандығын және Түркеш қағанатын барынша насихаттап, оларды қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде көрсетеді. Оның себебі де түсінікті. Өйткені, тарихта аталған екі мемлекеттің Қытайдың Хан, Таң империясымен байланысы біршама қою болған. Ал ғұндар мен түріктердің Қытаймен тату болған кезінен қарсыласқан кездері көп еді. Бүгінгі таңда Орталық Азияның геосаяси, экономикалық, мәдени-рухани орны қанша маңызды болса, ерте ортағасырларда да сондай маңызды болды. Осы өлкеде өз басымдығын әйгілей алған Көне түрік мемлекеті де сол кезде дамып, құдіреттеніп, өзінің шығысы мен батысындағы ірі елдермен иық тіресе алатын, тіпті, оларға қатер төндіретін, қажеті келгенде қорғаныш та болатын дәрежеге жетті. АҚШ ғалымы Thomas Barfield-тің атап көрсеткеніндей, «қауқарсыз Таң мемлекеті іс жүзінде көшпенділердің күш-қуаты арқылы өзін қорғап тұрды, сондай-ақ, көшпенділердің өздеріне берген артықшылықтарынан пайдаланып, ішкі бүлік пен сыртқы кесірден аман-сау тұрды» [1,166-б.]. Ішкі-сыртқы тепе-теңдік жағдайында көне түркілер өздерінің этникалық белгілерін сақтап тұра алды әрі бүгінгі Қазақстанды қамтыған ұлан-ғайыр аймақта мемлекет құрды.

Баса назар аударатын мәселе – көне түркілердің жоғары элитасының мемлекеттік санасының биік деңгейде болуы. Осы сана оларды жоғары мемлекеттік әлеуетке ие етті. Сол арқылы олар алдымен жужандардың, кейін эфталиттердің үстемдігін аударып тастады. Көне түркілердің тарих сахнасына шығуы туралы Ван Чжилай былай дейді: эфталиттер біртіндеп әлсіреген кезде, тағы бір қуатты этнос Қытайдың солтүстігінде пайда болды. Бұлар кейін Орта Азия тарихында айырықша маңызға ие болған түркілер еді [2, 53-б.]. Түркілердің тарих сахнасына шығуы өздерінен бұрынғы ғұндарға қарағанда анағұрлым өркениетті белгілермен есте қалды. Бірақ Еуразия кеңістігін жалпағынан билеген ғұндардан көп тәжірибе қабылдады. Аттиланың ғұн империясы кезінде және одан кейін де батыстағы ғұндар мен шығыстағы ғұндардың арасында байланыс еш үзілген емес. Кейін шығыстағы ғұндар біртіндеп «түрік» этносына айналды. Этноним ғана өзгергенімен этностың түпкі мәні өзгерген жоқ. Қытайдың терістігінен бастап, Қара теңізге дейінгі кең-байтақ кеңістікте билік құрған олар сол заманда дүние жүзіндегі жетістіктердің бәрінен игіліктене алды. Ең бастысы олар өздерінің төл жазуын қолданып, Қытайдың тас ескерткіштер орнату дәстүрін өнімді пайдаланды. Бұл ескерткіштер бүгінде «қазақ халқының арғы аталарының биік тілдік мәдениеті мен мемлекеттілігінің құнды айғағы»

[3,74-б.] болып отыр. Қытай ғалымы Линь Ганьның пікірінше, «Күлтегін ескерткішінде негізінен қағандар мен ақсүйектердің ерлігі мен еселі еңбектері сөз болғанымен, түркі халқының құдіреттенуі мен күйреуі, олардың құл иеленуші билігінің гүлденуі мен жойылуы жөнінен кейінгілерге аса қымбатты тарихи деректер қалдырды. Мәңгітас мәтіндерінің тілі қарапайым, мейлінше көркем, әдеби стилге бай, сол себептен бұл мәтіндерді әрі тарихи дерек, әрі ғажап эпопея деуге болады» [4,133-б.]. Демек, бұл деректер ата-бабамыздың бүгінгі күнге еш қоспасыз, боямасыз жеткен төл сөзі. Оның үстіне, бұл ескерткіштерде бастан-аяқ бір ғана мәселе – мемлекеттік мәселе сөз болады. Бүгінге жеткен көптеген ескерткіштердің ішінен айырықша атап көрсететініміз – Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері.

Бұл ескерткіштерді терең талдау, оның тарихи мәніне бойлау тек тарих ғылымы үшін ғана емес, біздің мемлекеттілігіміз үшін де айырықша маңызға ие. Төменде көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі ең толық сақталған Күлтегін ескерткішінің пайда болуы мен деректік құндылығы, қытай және басқа деректермен байланысы, мазмұндық бөліктері мен олардың ерекшеліктері туралы қысқаша тоқтала кетейік.

Бірегей ескерткіш. Күлтегін ескерткіші саны мен географиялық орналасуы және хронологиясы жағынан аса ауқымды болып келетін көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі ең кемелдісі. Ол заманымыздың 732 жылы Екінші Түркі қағанатының (681-745) талантты қолбасшысы, мемлекетшіл тұлғасы Күлтегіннің атына орнатылған. Деректану ғылымында мұндай ескерткіштерді қайталанбайтын бірегей ескерткіш деп атайды. Бұл бірегейлік оның қостілділігі мен мәтіндерінің сақталу деңгейіне, мазмұнының байлығына және ондағы берілген мәліметтердің қайталанбайтындығына байланысты. Бұл көне түркілердің Тан бодандығынан құтылып өз тәуелсіздігін қайта алған кезіне тән ескерткіш. Ғылымда осы кезге тән ескерткіштерді Екінші Түркі қағанатының ескерткіштері деп те атайды. Мұндай ескерткіштердің түрікше руникалық жазбамен жазылған мәтіндерінде елдік, мемлекеттік сарын, ерлік пен елдік дәстүрі, мемлекетті сақтап қалу жолындағы түркі халқы дәмін татқан ащы сабақтар, «Мәңгілік Ел» болудың асыл мұраттары мен алғышарттары, өткеннің тәжірибе-сабақтары сөз болса, ескерткіштердің қытайша мәтінінде табғаштардың (қытайлардың) Түркі қағанатын іштей мойындауы, оған құрмет ету, тату көршілік саясатты ұстану тілегі мен әлі де болса оларға Таң мемлекетінің «қамқорлығын» сездіру пиғылы байқалады.

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түрікше мәтінмен қоса мәңгітастың келесі бетіне қашап жазылған. Ерекше ескеретін жай – аталмыш қытай тіліндегі жазба ескерткіштегі түрікше жазба-

ны қайталамайды, бір сөзбен айтқанда, олардың аудармасы емес. Ескерткіштегі түрікше жазбамен салыстырғанда, онда Күлтегінге және оның ағасы Білге қағанға қатысты тарихи жағдайлар жалпылама айтылады. Сондықтан ондағы мазмұндар түрікшесіндегі мазмұндарды одан ары толықтырып қана қоймай, олардың деректік құндылығын арттыра түседі.

Демек, Күлтегін ескерткішіндегі жазбалар VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанатының және түркі тайпаларының тарихын, олардың айналадағы елдермен байланысын зерттеуде айырықша қажетті дерек көздері деуге толық негіз бар.

Күлтегін мен Білге қаған. Ескерткіште басты сөз Күлтегін туралы болғанымен, онда Білге қағанға қатысты мәліметтер де кездеседі. Өйткені, Білге қаған Күлтегіннің туған ағасы, екеуі де Екінші Түркі қағанатын құрушы Елтеріс Құтлық қағанның ұлдары. Күлтегін қайтыс болған соң, оған арналған ескерткішті осы Білге қаған тұрғызған және оқиғалардың реті оның өз аузынан баяндалған. Екеуінің өсіп-жетілуі, өмір жолы, кешірімелері негізінен бірдей. Бір уақытта, бір тарихи кезеңде өмір сүрген. Сонымен бірге, екеуінің қайтыс болған уақыты да қарайлас, яғни, Күлтегін 731 жылы қайтыс болса, Білге қаған 734 жылы дүниеден өткен. Екеуінің кесенесі де бір-біріне жақын жерде жатыр. Оның үстіне, екі ескерткіштегі мәтіндердің де мазмұн жағынан бірін бірі қайталайтын тұстары бар.

Күлтегін ескерткішінің Астанадағы ғылыми көшірмесі. 1997 жылы Қазақстанның үкіметтік делегациясы Моңғолияға барып, көне түркі ескерткіштерінің жай-күйімен танысып, олардың көшірмесін Қазақстанға әкелу мәселесін күн тәртібіне қойған еді. Нәтижесінде Күлтегін ескерткішінің Жапонияда жасалған ғылыми көшірмесі 2001 жылы 18 мамыр күні Астанадағы Еуразия университетінің бас корпусына жеткізілді. Ескерткіш тастың келуіне орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев құттықтау сөзін сөйледі [5, 9-12-бб.]. Сол күні Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихында түркология жөніндегі бірінші әрі кең ауқымдағы халықаралық конференция еді. Оған еліміз бен шетелдерден көптеген түрколог-ғалымдар, жазушылар және қоғам қайраткерлері қатысты. Сол кездегі Премьер-министрдің орынбасары И.Н.Тасмағамбетов конференцияның ашылу салтанатында кіріспе сөз сөйлеп, бүкіл Түркі дүниесінің бойтұмары деп атауға тұрарлық осынау жазбалардың ең басты қасиеті, ең негізгі құдіреті – оларды жасаушылардың асқақ рухында, өр намысы, өлмес еркі, мұқалмас жігерінде. Мұндай бекем рухсыз ұлы дала төсінде осыншалықты өркениеттік өрлеу орын алмас еді, осыншалықты терең тарих тарқатылмас еді. Ұлт ұлы, халық жасампаз болмас еді [6, 14-б.], – деп атап көрсетті.

Бұл конференция Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің келуіне орай өткізілгендіктен, онда көтерілген мәселелердің көбі көне түркілер мен қазақ этногенезінің тарихи байланысына арналды. Тек осы конференцияда ғана біз дүние жүзіне көне түркілерді өз ата-бабаларымыз ретінде таныта білдік, әрі өлем ғалымдарын осы пікірге мойынсал еттік. Сондай-ақ, біз Түркі қағанатын қазақ мемлекеттігінің бастау көздерінің бірі ретінде қарай бастадық.

Конференция қорытындысы бойынша көне түркі мұраларын, тарихын мемлекеттік және халықаралық деңгейде кешенді зерттеу, түрлі елдермен осы са-

ладағы ғылыми қарым-қатынасты тереңдету туралы шешім қабылданды. Конференцияның ең басты ерекшелігі – онда көне түркі өркениетін, тарихын қазақ этногенезі мен мемлекеттігінің қалыптасу тарихымен байланыстыра зерттеуге басымдық берілді. Конференциядан кейін түрколог ғалым Қ.Сартқожа басшылығында Моңғолия мен Қытайға бірнеше мәрте ғылыми экспедиция жасақталды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас корпусында жазу тарихының мұражайы ашылды. Филология ғылымдарының докторы, түрколог М.Жолдасбековтің жетекшілігімен Қ.Сартқожа қатарлы ғалымдар зерттеп, құрастырған «Орхон ескерткіштері» атты көлемді атлас 2003 және 2007 жылдары қазақ және орыс тілдерінде баспадан шықты. Әсіресе, 2003 жылдан басталған «Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы» көне түркі ескерткіштерін тарихи тұрғыдан зерттеуге тың серпін берді.

Көне түркі дәуірінің деректері. Деректану тұрғысынан алғанда көне түркі дәуірі жазба ескерткіштерге бай деуге болады. Бұл кезеңнің жазба ескерткіштерінің қатарына көне қытай, грек және араб деректері мен Моңғолия, Қытай жеріндегі тас ескерткіштердегі түрік, қытай, т.б. тілдердегі жазбаларды жатқызуға болады. Бүгінде отандық тарих ғылымы нақты деректермен қамтамасыз етілді деуге әлі ерте. Бұл жұмыс өте ауқымды, мол әрі шынайы дерек көздеріне мұқтаж. Соның ішінде көне түркі ескерткіштеріндегі қытайша және руникаша жазбаларды да зерттеп-зерделеудің маңызы айырықша. Өйткені бұған дейін қытай тіліндегі көне құжаттар түрік тарихын терең зерттеудегі бірден-бір құнарлы дерек көзі болып келді. Құдды орыс ғалымы В.В.Бартольд атап көрсеткендей: «*түркі тайпалары арасындағы түрлі тартыстар және көшпенді мемлекеттің дамуы мен күйреуі, бірінің орынын бірінің басуы арабтар үшін еш қызықсыз еді. Егер қытай жазбалары болмағанда (әрине, ішінара грек деректері де бар), біз тарихи деректерден құр алақан қалар едік*» [7, 50-б.]. Дегенмен, осы қолда бар деректер тарих ғылымына, әсіресе, көне түркі тарихын жүйелеуге, оның мазмұнын байытуға толық пайдаланылмай келе жатқаны жанға батады. Бүгінге дейін көне түркі ескерткіштерінің деректік әлеуетін зерттеген, оларға тарихнамалық және деректанулық тұрғыдан кіріскен ғалымдардың саны санаулы ғана.

Ұзақ жылдар бойы қазақ эпостары мен көне түркі ескерткіштері арасындағы рухани, тілдік дәстүрлердің ортақтығын зерттеген ғалым, профессор М.Жолдасбеков Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Астанаға келуіне орай сөйлеген сөзінде: «*Ең басты міндеттердің бірі – дүние жүзінің әр мемлекетінің мұражайлары мен кітапханаларында сақтаулы тұрған 15 мыңға жуық түркі ескерткіштерінің әр қайсысын есепке алу, ғылыми сипаттама жасау және оларды жүйелеу болып табылады*» [8, 65-б.], – деген еді. Ғалымның бұл ойы көне түркі ескерткіштердегі руникаша және қытайша жазбаларға да қатысты.

Сол себептен, жақында арнайы «Күлтегін ескерткіші: тарихи-деректанулық талдау» деп аталатын монографиямызды аяқтадық.

Бұл еңбекте VIII ғасырда көк түріктердің ата мекені Орхон бойында сақталып қалған Күлтегін ескерткішіндегі қытайша және руникалық жазбаларды зерттеу – олардың келіп шығуын анықтап, әрбір жазбаға текстологиялық талдау жасау, әрі тарихи дерек көзі ретінде қарай отырып, сол кезде болған тарихи оқиғалармен салыстыру, өзге де қатысты деректермен байланыстыра сараптама жасау, деректің

мәнін, құндылығын анықтау басты мақсат етіп қойылды. Сол үшін біз зерттеуді алдымен қытайша мәтіннен бастадық. Өйткені, қытайша мәтін ең алғаш руникалық мәтінді шешіп оқудың кілті болған еді. Ол ескерткіштегі түрікше жазбаның шынайылығы мен дәйектілігін арттыра түседі.

– Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін (Моңғолия), көлденеңінен 14 жол, тігінен 36 жол, жалпы жазылғаны 504 иероглиф, сақталып қалғаны 500 иероглиф, бүліну деңгейі жеңіл;

– Күлтегін ескерткішіндегі руникалық мәтін: 76 жол. Сақталу деңгейі жақсы.

Көзқарастар қасаңдығы. Түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты, ғалымдар бұған дейін Орхон ескерткіштеріндегі түрікше жазба мен бүгінгі түркі халықтары тілінің байланысын, руханизаттық мәдениетінің тамырластығын зерттеуге көбірек ден қойды. Бұл жөнінде проф. А.Сейдімбеков былай дейді: *“Түркология негізінен түркі халықтарының тілін зерттейтін ғылым ретінде бой көтерді де, бұл үрдіс күні бүгінге дейін бел алып келе жатыр. Яғни, түркология түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін кешенді қалпында бір тұтастықта зерделеуге әлі де болса қол жеткізе алмай келе жатыр деуге болады”* [9, 4-5-бб.]. Бұл пікірін ол 1997 жылы баспадан шыққан «Қазақ әлемі» атты зерттеуінде де ортаға салған еді: *«Кеңес дәуірінде ғылымдағы кереғар тұжырымдардың көбеюі бара-бара әрбір түркі тілдес ұлттардың өз “түркологиясын” қалыптастырып, түркі тілдес ұлттардың арасын алшақтата түсті»* [10, 16-17-бб.]. Сондықтан көне түркі ескерткіштері туралы сөз болғанда, оларға лингвистикалық тұрғыдан қарау үрдіске айналды. Яғни көпшілік қауым, оның ішінде гуманитарлық саланың ғалымдары да, көне түркі ескерткіштерін зерттеуді тек тіл тұрғысынан зерттеу деп түсінді.

Мемлекеттіліктің түп дәрегі. Дегенмен, мәтіндерді шешіп оқу мен оларды жариялау лингвистерсіз мүмкін емес еді. Олар өз жұмысын тиянақты орындады. Лингвистердің ұзақ жылғы қажырлы еңбектерінің нәтижесінде көне түркі мәтіндерінің мазмұны анықталды. **Бұл мәтіндерді түркі халықтарының тегінің бір екеніне, сол негізде қазақ этногенезінің де көне түркілермен байланысып жатқанына сілтейтін бірден-бір ғылыми дәйек деуге болады. Бұл бағытта лингвистер мен тарихшы-деректанушылардың қызметі бірін-бірі толықтайды.** Яғни, тілдік тұтастықты дәлелдейтін кез келген жазба деректің өзі де ең әуелі тарихи дерекке жатады. Мысалы, Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу пәлендей бір тарихи оқиғаны түсіндіріп бере алмағанымен, тым құрығанда сақтардың Жетісу өңірін мекендеген бір бөлігінің біздің дәуірімізден бұрынғы V-II ғасырлар бедерінде түрік тілінде сөйлеп, көне түркі руна жазуын қолданғанын дәлелдеп береді [11, 78-б.]. Бұл оның деректік құндылығы болып табылады.

Ендеше, бүтін бір дәуірдің шежіресін тұтастай жазып кеткен Орхон ескерткіштері қалайша тарихи дерек бола алмайды? Лингвистердің арқасында тарихшылар үшін аса құнды, қайталанбайтын деректер шоғыры пайда болды. Онда нақышталған жазбалар мейлі көне түркі тілінде немесе көне қытай тілінде жазылсын, бас-аяғы үш ғасырға созылған бүтін бір дәуірдің тарихынан мәлімет береді. Оның үстіне, көне түркі ескерткіштері ең алдымен бұдан мың қанша жыл бұрын тас бетіне бедерленген ескерткіш болғанымен де бағалы. «Ескерткіш» болады екен, ең әуелі ол тарихи дерек болып табылады. **Ескерткіштегі түрікше жазбада түркі халқының ең алғаш**

ерлегені, тәуелсіз мемлекет құрғаны, мемлекет құра тұрып ішкі берекесіздік, сатқындық кесірінен тағаш (Таң мелекеті) халқының алдап-арбауына сеніп, бодандық кепке түскені, тағаш жұрты үшін «ісін, күшін беріп», аты-жөндерін де қытайша өзгерткені, тегін ұмытып, мүлде азғындағаны, ақыр соңында бойында ар-намысы бар жеті ер жиналып жеті жүзге жеткені, күннен-күнге ұлғайып, Түркі қағанатын қайта құрғаны баяндалады. Тастағы қытайша жазбада да Қытай императоры екі ел арасында қалыптасқан тату көршілік саясатқа мол мән-мағына береді. Күлтегіннің ақылы мен парасатына бас иеді. Түркі қағанатын сыйлайды. Демек, таста елдің тарихы, сыртқы қатынасы, өмірлік ұстанымдары, өткеннің тәжірибе-сабақтары жақсы айтылған. Түркі тәртіпін, мемлекеттің сақтап қалуды өте өзекті мәселе ретінде көтереді.

Бұл жөнінде акад. Х.М.Әбжанов: *“Ең бастысы – адам мен қоғам мәселелерін өркендету үрдісіне толық жауап беретін зайырлы тұжырымдамада жинақтауы Күлтегін ескерткішін байырғы Түркі қағанатының Ата заңы деңгейіндегі асыл мұра деп бағалауға күмәнсіз негіз қалайды”* [12, 142-б.], – деген еді. Демек, алыс-жақынға атағы шыққан жазбаның тарихи құндылығы да осында жатса керек. Сол себепті, еліміздің деректанушы ғалымы, проф. Қ.Атабаев өзінің «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері» және «Деректану» атты еңбектерінде Орхон-Енисей жазбаларының түрлік және тілдік ерекшеліктері мен деректік маңызына арнайы тоқталып, оларды қазақ мемлекеттігінің тарихын зерттеудегі түп дерек ретінде көрсеткен болатын [13, 146-147-бб.].

Теориялық және тәжірибелік аспектісі. VI-IX ғасырларда жасаған түрік және ұйғыр қағанаты иелігіндегі түрлі этностардың бірсыпырасының кейін келе бүгінгі Қазақстан мен Моңғолия жерінде құрылған түрлі мемлекеттердің құрушы әрі негізгі тұрғыны болғаны ғылымға белгілі жағдай. Тарихтың осынау ұзақ кезеңінде көне түріктер қазақ жерінде мемлекеттік дәстүрді жалғастырушы әрі қазақ этногенезін байытушы фактор ретінде өмір сүрді.

Бүгінгі Қазақстан жағрапиялық тұрғыдан бір кездегі Батыс Түркі қағанатына тән территорияны толығымен алып жатыр. Сонымен бірге тарихи әдебиеттерде түркі дәуіріне байланысты кездесетін көптеген оқиғалар осы өңірде өткен. **Қазақстан – шын мәнінде, көне Түркі қағанатының мемлекеттік дәстүрі мен тарихына, әдет-ғұрпы мен тіліне, елдік аумағына мұрагерлік етуші бірден-бір мемлекет. Көне түркі тарихын зерттеу қазақ мемлекеттігі мен қазақ этногенезінің көне түркілік кезеңін зерттеу болып табылады.** Көне түркі кезеңіне тән кез келген ескерткіш пен ондағы әрбір сөз-сөйлем қазақ мемлекеттігінің тарихынан сыр шертетін бағалы мұра есептеледі.

Сондықтан, Күлтегін ескерткішін тарихи-деректану тұрғысынан зерттеу, сол бағытта көтерілген мәселелер, ғылыми тұжырымдар, жинақталған мәліметтер, деректер, қорытындылар мен ұсыныстар қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты жайларды тереңдей зерделеуге жол ашады; ерте және ортағасырлардағы Қазақстан мен оған көршілес аймақтардың, елдердің халықаралық қатынас тарихын зерттеуге көмектеседі әрі осы мақсаттағы кез келген зерттеу жұмысының дерек көзін байытады; ғылыми-зерттеу нәтижелерін дипломат кадрларды тәрбиелеуде және жалпы жоғары оқу орындарында тарих, шығыстану, түркология, аймақтану, халықаралық құқық, халықаралық қатынас мамандықтары үшін арнайы курс ретінде енгізуге болады; мұражайлар мен өзге де мекемелерде, жоғары

оқу орындары мен мектептерде Қазақстан тарихының көрнекі үгіт-насихат құралдары үшін пайдалануға, оқытушы ұстаздардың қосымша оқу құралы әрі факультативтік сабақтарда тиісті дерек ретінде қолдануға болады.

Уақыт шеңбері. Күлтегін ескерткішіндегі жазба – VIII ғасыр туындысы. Яғни, Бумын, Істеми қағандар құрған Бірінші Түркі қағанатының (552-657) жалғасы болып табылатын Екінші Түркі қағанатының (681-745) кезінде жасаған жауынгер қолбасшы Күлтегіннің құрметіне орнатылған ескерткіш. 630 жылы Шығыс Түркі қағанаты Қытайдың Таң патшалығы тарапынан жойылғаннан кейін, оған қарасты түркі жұртының бір бөлігі Қытайдың ішкі аймақтарына зорлықпен жер аударылды. Оған көнбегендері Шығыс Түркі қағанатына тән бұрынғы қоныстарын тастап шығып, Батыс Түркі қағанатына тиесілі иеліктерге кетіп қалды. Кейін (657 ж.) Батыс Түркі қағанатының жері де Таң империясы тарапынан жаулап алынды. Осылайша, империя шегінде толық отарлық, бодандық кепке түскен түркі жұрты Таң үстемдігіне қарсы көтерілістерін бірде-бір күн тоқтатпады. Жоғары жік ақсүйектерінің ішкі бақталастығы (оның өзі де империяның ағайынды адамдарды бір-біріне қайрап салуы нәтижесінде тұтанған) нәтижесінде Таң ордасына бас иген кейбір түркі сарбаздары жеке бастың араздығы үшін ел мен жерін құрбандық етіп, империяның ірге кеңейтуі жолында қызмет етіп жүрген кезде, талауға түскен ел-жұртын бодандық кептен құтқарып, қағанатты қайта құру жолында аянбай еңбек еткен ерлердің бірі Күлтегін еді. Ол әкесі Елтеріс Құтлық қаған Қыдырхан тауларының етегінен Темір қақпаға дейін азып-тозған түркі жұртын жиып-теріп қайта құрған Екінші Түркі қағанатын одан ары баянды ету жолында жан аямай күресті. **Күлтегіннің саяси ұстанымы – әр кім өз мемлекетіне ие болу, тәуелсіздігін сақтау, бір-біріне құрмет ету; елдің қуатты болуы ең әуелі халықтың ішкі бірлігіне, отансүйгіштігіне байланысты; сол үшін ішкі бірлікті көздің қарашығындай қорғап, сырт елмен тату-тәтті тұру дегенге саяды.** Бұл – бүгін де өте көкейтесті мәселе. Ол осы саясаты үшін қытайлық Тан мемлекетінің патшасы Тан Суанцзунның құрметіне бөленді. Тан Суанцзун оның батырлығы мен ержүрек, парасаттылығына, бейбітшілік сүйгіш ниетіне тәнті болды. Мұндай көңіл-күйін ол Күлтегіннің қазасына арнап өз қолымен жазған тас бітікке де сіңірді. Сондықтан Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түркі жұртының өз тәуелсіздігін қайта қолға алып, салиқалы сыртқы саясатқа бет бұрған бір кезеңнің белгісі ретінде бүгінге жетті. Ескерткіштегі түрікше мәтін де осы кезеңге саятын дереккөзі болып табылады.

Көне түркі тарихының географиясы. Бүгінгі Қазақстан тарихта түркі халықтары мекен еткен, мемлекет құрған байтақ территорияның қомақты бөлігін иелейді. Түркілер ту ертеде Қытай қорғанынан өтіп, Хуанхэ қолтығына дейін барып қыстап қайтатын. Себебі, бұл мекендер б.д.б. V ғасырларда-ақ түркітердің арғы аталары ғұндардың қысқы қонысы болған. Кейінгі кездері Қытайдың Цин, Хань, Цзинь, Суй, Таң патшалықтарымен болған мың жылдық күрес қолдан кеткен сол көне қоныстар үшін болған еді. Түркі тарихының бір ұшы ылғи да бүгінгі Солтүстік Қытаймен байланысты болып келе беретіні де сондықтан. Демек, біздің арғы аталарымыздың кіндік кескен көне қоныстарының бір шеті ерте кезде қиырдағы Хуанхэ шалмасынан басталатын. Сондықтан, “қазақ тарихы мен мәдениеті қазіргі Қазақстан Республикасының шекарасымен шектелмейді. Ежелгі Қытай мен Орталық және Солтүстік Азиядағы көшпелі (түрік-моңғол, манжур-тұңғұс, үнді-иран тілдес) халықтар

неше мыңдаған жылдардан бері көрші болып, өте тығыз саяси, этно-мәдени байланыста өмір сүріп келген” [14, 6-б.].

Л.Гумилев Еуразия құрлығы тұтас емес, оны табиғи бөгеттер бөліп тастаған дейді. Оның пікірінше, Ұлы дала Еуразия құрлығының ортасын ала Уссуриден Дунайға дейін көсіліп жатыр. «Таң кітабы. Батыс түрік баянында» Жұлдыздың батысындағы орталық Тянь-Шаньді үйсіндердің ата мекені дейді. Бұдан соң түркілер батыста Темір қақпадан шығыста Қыдырхан жынысына (Синанлин) дейін жайыла қоныстанды. Ол кезде *түріктер Алтайды «Алтын жынысы» дейтін. «Жыныс» дегені орман деген сөз (ит тұмсығы өтпейтін жыныс, жыныс орман, т.б.)* [15, 112-113-б.]. Күлтегіннің жүріп өткен жолдары шығыста Қытайдың Шандун жазығы мен Хинган (Қыдырхан) тауларынан батыста Каспий теңізіне, Темір қақпаға (Иран мен Тұран шекарасы), оңтүстікте Янцзы жағасынан солтүстікте Байқал көліне дейінгі кең-байтақ алқапқа созылып жатыр.

Қорыта айтсақ, **Көне Түркі қағанаты – бүгінгі Қазақстанды қамтыған байырғы Қазақ даласында құрылған ежелгі мемлекет.** Қазақ халқы да көне Түркі қағанаты құрамындағы ру-тайпалар негізінде дамыған түркі текті, түрік тілдес халық. Бұл Түркі қағанаты ту ертеден бүгінге дейін жалғасып келген Қазақ мемлекеттігінің бастауы екенін көрсетеді. Демек, Күлтегін ескерткіші біздің елдік тарихымыздың түпкі тұғырнамасы, басты құжаты болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Thomas Barfield. The perilous frontier: Nomadic empires and China 危的疆:游牧帝国与中国. 南京 2014. -409.
2. 王治来. 中史. 北京: 人民出版社, 2010. -424.
3. Аманжолов С.А. Насущные вопросы изучения Орхоно-Енисейских надписей // древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы, 2001. – 72-74-бб.
4. 林幹. 突厥与回史. 呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 2013, -500.
5. Назарбаев Н.Ә. Күлтегін жайымының тұсаукесерінде сөйлеген сөз // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, – Алматы, 2001. – 9-12-бб.
6. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовтың кіріспе сөзі // “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, –Алматы, 2001. –13-16-бб.
7. Бартольд В.В. Сочинение, V т., – М., 1965. –716 с.
8. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерін зерттеудің кейбір мәселелері // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, –Алматы, 2001. –62-66 б.
9. Сейдімбеков А. Түркология және Орхон ескерткіштерінің атласы // Көнетүркі жазба ескерткіштері: Жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары (Халықаралық конференция материалдары), – Алматы, 2005. –4-8-бб.
10. Сейдімбеков А. Қазақ өлемі. – Алматы, 1997. –16-17-бб.
11. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы, – Алматы, 1996. –127 б.
12. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, –Алматы, 2001. – 135-142-бб.
13. Атабаев Қ.М. Деректану. – Алматы: Қазақ тарихы. 2007, – 270 б.
14. Әбусейтова М. Шығыстану институты және “Мәдени мұра” бағдарламасы // Қазақ тарихы. – Алматы, 2005. – № 6. – 3-10-бб.
15. Зәкенұлы Т. Тянь-Шань тауының көне түрікше атауы // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – Семей, 2003. – №3.112-116.

ЖАҢАДАРИЯ ЖАҒАЛАУЫ – КӨНЕ ӨРКЕНИЕТТЕР МЕКЕНІ

Дастан СӘТБАЙ,
тарих ғылымдарының докторы,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры.
Нұрқасым ЕРБОЛАТОВ,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ аға оқытушысы

Жаңадария өзені Тұран ойпатындағы Қызылқұмның солтүстік-батысы мен Арал теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауына таяу жерге дейін созылып жатыр. Жаңадария сан ғасырдан бері ағып жатқан қос өзеннің Әмудария (Жейхун) және Сырдария (Сейхун) аралығында өз арналарын табиғи жағдайға байланысты өзгертіп отырған. Өр заманда Тораңғыл, Іңкәрдария, Жаңадария, Қуаңдария өзекетері Сырдарияның ескі арналары болған. Жоғарғы және төмен арналарының ені 50 м, орта тұсы тармақталып 200-400 м жетеді. Тереңдігі 2,5-7 м. Бұл тұста құм қайырлар мен аралдар кездеседі және өте иректеліп келген. Жер бедерін аллювий шөгінділері жапқан. Жаңадария өзені б.з.д. I ғасырдан б.з.д. III-II ғасырлары аралығында үлкен өзен болып 1819 жылға дейін Арал теңізіне құйып келді [1].

Бастауын Сырдариядан алатын Жаңадария өзенінің ертеректегі сағасы ескі арнамен Арал теңізіне құйған. Дәлірек айтқанда Жаңадария арнасы Тартоғай мен Сұлутөбенің ортасындағы аралықтан басталып, Қызылорда қаласы мен Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш және Қармақшы аудандарының территориясымен өтеді. Одан әрі Жаңадария оңтүстікке қарай ағып, Қарақалпақ жерінен Арал теңізіне құйған.

Қуаңдария сағасы Жаңадариядан 210 км төмен «Қышбөгет» деген жерден басталып, ескі Майлыөзек арнасымен 79 км Солтүстік батысқа қарай ағып, Қуаңның ескі арнасына түседі [2]. Қызылқұмның құмды шөлі біршама биік гипсометриялық жағдайға ие болуымен ерекшеленеді. Құмды жазықтың беткі төбесі текшелі аласа қалдық таулармен (абсолют биіктігі 764 м жететін Бұқантау) сонымен қатар, Жаңадария Қуаңдария, Ескідария сияқты Сырдарияның ескі арналарымен күрделенген. Ескі өзен арналарының есебінен біршама аумақты алып жатқан сазды шөлдер түзілген. Қызылқұмда солтүстік-шығысқа бағытталған біршама тілімденген жалды-төбелі, белді-белесті, сусымалы төбелі жалды жер бедері басым. Тектоникалық тұрақтану плиоценнің соңынан басталады.

Бұрынғы өзен арналары мен олардың бойынан табылған қала орындары бұл өңірдің көне «өркениет ошағы» болғанын дәлелдейді. Ежелгі авторлар деректеріне сүйенсек, Сырдарияның орта және төменгі сағаларында б.з.д. IV-II ғасырларда сақ тайпалары қоныстанған, олардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғанымен, егіншілік кәсібімен де айналысқан. С.П.Толстов: «...сақ тайпаларының бірі тохарлардың қоныстанған мекені Қуаңдария өңірі болып табылады...» [3], – деп санайды. Сондай-ақ, 1860 жылдары осы өңірде болған орыс саяхатшысы Н.Н.Каразин: «...Сырдариядағы ежелгі суландыру жүйесінің іздері бұрын да отырықшы мәдениеттің және халықтың тұрған аймақтарының тұрмысқа қолайлы болғандығын куәландырады. Сырдарияға жақындай

берсеңіз бұл іздер айқын көрінеді. Ақырында жақын маңдағы ауылдар мен қалалардың құрылысы және бау-бақшаның көрінісі сіз тани алмайтын ұшы-қиыры жоқ көк алқапты шалғындыққа әкеп соғады...» [4], – деп жазады.

Ежелгі дәуірлерден кейінгі ортағасырларға дейінгі жалпы игерілген жер көлемі Сырдарияның төменгі ағысындағы суландыру жүйесі 2–2,5 млн. га жерді құрап, ол негізінен Жаңадария жағалауын қамтыған. Ал одан кейінгі ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысындағы суармалы егіншілік әр түрлі деңгейде дамиды. Мысалы, Қуаңдария аңғарында б.з.д. I ғасырда дами бастаған суармалы егіншілік біздің заманымыздың IV ғасырына дейін сақталған [5]. Жаңадария бойында ертеден егіншіліктің дамығандығын жазба деректері де растайды: «... На нижнем течении Яны-Дары, где многочисленны, хотя заброшенные теперь канаваы, свидетельствуют о бывшем здесь в больших размерах хлебопашестве...» [6]. Демек, біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында мал және егіншілік шаруашылықтарының дәстүрлері Сырдарияның төменгі ағысында үйлесім тапқан.

Уақыттың өтуімен өзен арналары үнемі өзгерістерге ұшырап отырды. Лай шөгіп, биіктеген арнамен аққан тасқын су өзеннің биік кемерін кеміріп, сай-саланы жуып, өзіне жаңа арна іздеп, арнасын жиі-жиі өзгертіп отырған. Осындай табиғи стихиямен жасалған ескі арналар мен көлдер: Іңкәрдария, Мортұқ, Асанас арнасы, Кектің көлі, Жетікөл, Тораңғылсай, Жаңадария, Қуаңдария, Ақсай, Бозкөл, т.б. дариялар осылай бастау алған. Осы ескі арналар мен көлдердің бір сыпырасы бір-бірімен жалғасып, бір кездері Арал теңізіне құйған. Жаңадария б.з.д. II-I ғасырларда өмір сүруін тоқтатқан, алайда б.з. IX-XIV ғасырларда қайтадан суға толған. Одан кейінгі ғасырларда осындай үдеріс сақталған. Қалай болған күнде де XVIII ғасырдың өн бойында, оның төңірегін қарақалпақтар мекендеген [1].

Жаңадария арналары жайлы алғаш рет кеңінен түсінік берген орыс офицері Егор Мейендорф көне арналардың бойында 1820-1821 жылдары болған. Құм қойнауындағы арналардың сипаты мен аймақтың табиғи ерекшеліктері жайлы пікірлерін ол өзінің «Орынбордан Бұхараға саяхат» деп аталатын еңбегінде баяндаған. «Қырғыз (қазақ) даласында көне елді мекендердің орындары сақталған Жаңадария жағалауы секілді бірде-бір жер жоқ, – деп жазды ол. – Жаңадария – көне Қызылдария болуы мүмкін. Бәлкім, соңғысы оңтүстікке таман ағады, өйткені біздер Жаңадарияның оңтүстігінен үлкен өзеннің құрғап қалған арнасын кездестірдік. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын аса үлкен өзен болған, 1816 жылы ені Қуаңдариядан да асып түскен Жаңадария, бүгінде ені 100 сажындық, жағалауының биіктігі 3-тен 5 сажынға дейін, тереңдігі 2-3 сажындық, кейбіреулерінде су

жататын шұңқырларға толы құрғақ арна ғана. Бойындағы тіршілік біржола тоқтаған Жаңадарияның бірден-бір белгісі осы» [7].

Бұл арналардың құрғап қалу себебін анықтау – Сырдария өзенінің де табиғи ерекшеліктерін тануға мүмкіндік берер еді. Бұл жөнінде Е.К.Мейендорф: «Кейбіреулер оның құрғап қалуын Қуандария жағалауын игеруді жеңілдету мақсатында, екі өзеннің айрығынан Жаңадарияға ағаш тоспа салынуынан болды деп есептейді. Ал енді біреулер Жаңадарияны Қызылқұмның құмы басып қалды деп санайды, бұл шындыққа бір табан жақындайды. Белкім, судың жоғалуын булану немесе құмға сіңіп кетуімен түсіндіру керек шығар. Қандай бір себеп болмасын Жаңадарияның жоғалуы таңданарлық факт» [8]. – деп жазды.

Біздіңше осы тұста саяси факторларды да естен шығармаған дұрыс. Айталық XIX ғасырдың ортасында Қоқан хандығының билеушілері Жаңадария өзені бойындағы қазақтарды жерінен бездіріп, біржола көшіріп жіберу мақсатында өзенді сағасынан байлап тастап отырған. Оны халық «Қарабөгет» деген. Ол кез Жаңадария бойында егіншіліктің өркендеп тұрған шағы болатын. Бұл жайлы орыстың саяхатшы оқымыстысы Гран: «1850 жылы Жаңадария бойындағы егіншілік жер мыңдаған қолдың шапқыншылығынан соң құлазыған шөлге айналып, ел тіршілігі тоқтау керек еді, бірақ қазақтан шыққан Бұхарбай батыр 1852 жылы қоқандықтарға екі мыңдай қол жиып қарсы жорыққа шығып, Қарабөгет тоспасын бұзды. Сол уақыттан бастап, Сыр суы қайтадан Жаңадариямен аққан, онан Қуандария да нәр алған» [8]. – депті. Яғни, Сырдария мен Қуандария арасының қайтадан ел қонысына айналуына себепші болған да осы уақиға. Бүгінде өз күшінде жүріп жатыр.

Арақидік Сырдария мен Жаңадарияның кішігірім тасқындарынан жағалаудағы ойпаттар – «саздар» ғана суға толды. Мұндай ойпаттардағы тасқын суларды жазда ұзақ уақыт пайдалану үшін жергілікті тұрғындар арнайы бөгеттер жасап, оған айналдыра қоршау жасайтын. Мұрабтар тасқын кезінде бөгеттерді ашық қойып, су деңгейі тартыла бастағанда қайта жауып қоятын. Осындай су сақталған жерлерге су жақсы сіңіп, келер жылы мұндай жерлерге егістікті қолдан суармай ақ егін еге беруге мүмкіндік болатын еді.

Жаңадария бойында суландыру арықтардың көмегімен іске асатын жүйесі де болды. Арықтар өзендер және «каналдардан» тартылды [9]. **Су тарту құралы ретінде мал күшімен және су ағысының күшімен айналатын шығырлар қолданылды. 1912 жылы Перовск уезінде осындай 190 шығыр есепке алынған.** Жаңадария тарамдары ескі атыраудың (өзен тарамдары) оңтүстігіне көне аллювийлік Жаңадария жазығы кіреді.

Мұның бедері ескі атырауға ұқсас. Жазықтың бетін Жаңадария, Оңтүстік Жаңадария, Майлыөзек тағы басқа ескі өзендер мен өзектердің арналары тілімдеп жатыр. Жазық бетінде көне дәуірден қалған жармалардың іздері арық-атыздардың фрагменттері жиі кездеседі. Мұнда ескі дәуірде ирригациялық жүйе тәуір дамығандығы байқалып тұрады. Оны Жаңадария жазығында жүргізген зерттеулер көрсеткен болатын [10].

1976 жылы Сыр бойына Ленинград қаласында жасақталған арнайы экспедиция келіп, құм арасындағы Жаңадария, Іңкәрдария, Қуандарияның көне арналарын зерттейді. Оларға құм арасында жолыққан Қызылордалық балықшы Николай Платонов былай дейді: «...Сен жаңа бір сөзінде шөл дедің білем. Шынында да қай жағына қарама, сусыма құм. Ал меніңше, шөл дегенің – әшейін сырт көрініс қана, тамырына тереңдеп үңілсең, ешқандай да шөл емес...». Бұл деректер экспедиция құрамында болған

ленинградтық журналист Анатолий Стерликовтың «В дельте Сырдарьи» кітабынан алынған [11].

Жаңадария – Сырдария өзенінің құрғап қалған ескі арнасы. Сырдарияның **Қызылорда** қаласының тұсындағы сол жағалауынан басталып оңтүстік-батысқа қарай, ұзындығы 625 км, жоғарғы және төмен арналарының ені 50 м, орта тұсы тармақталып 200-400 м жетеді. Тереңдігі – 2-2,5 м. Бұл тұста құм қайырлар мен аралдар кездеседі және өте иректеліп келген. Жер бедерін аллювий шөгінділері жапқан. Жаңадария өңірін мекендеген халық бұрыннан егіншілікпен айналысқан.

Түйіндей келгенде, қазір де кейбір жылдары көктемнің су тасқынынан түзілген Жаңадария арнасының табиғи ағыны байқалады. Жаз айларында арнаға су аз түсіп, әр-әр жерде қарасуларға айналып қалады. **Жерасты** суы жақын жатқан ойысты жерлерінің сор, **сортан** және **сазды** топырағында **камыс, құрақ** шоғырлары кездеседі. **Қазақстандағы** ең ірі сексеуіл «орманы» да осы Жаңадария бойында. Сондықтан Жаңадария өзенінің гидрофаунасы мен жағалаудағы сексеуіл ормандарын, аң-құстарын қорғау – қазіргі уақыттың басты мәселесі және уақыт талабы.

РЕЗЮМЕ

В статье «Побережья Жанадарий-край древних цивилизаций» рассматривается история образования многочисленного русла реки Сырдарья функционировавшие в древности, средневековье и в преддверии нового времени, но постепенно переставшее свое существования в XVII- XVIII вв. Отмечается, что в побережья Жанадарий является искони регионом развитого земледелия, и что обнаруженные останки древних городов свидетельствуют о существовании в былые времена своеобразных очагов цивилизаций.

In the article «The coast of the Zhanadaria-the land of ancient civilizations» is considered the history of the formation of the numerous riverbed of Syr Darya River that functioned in antiquity, the Middle Ages and on the eve of the new time, but gradually ceased to exist in the 17th-18th centuries. It is noted that the coast of Zhanadaria is the oldest region of developed agriculture, and that the discovered remains of ancient cities testify to the existence in former times of peculiar centers of civilization.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Тажекеев А.А.** История обводнения южных протоков Нижней Сырдарьи по археологическим данным. Инкардаря // Материалы III международной конференции «Кадырбаевские чтения – 2012». – Актобе, 2012. С. 96-105.
2. Облыстық су шаруашылығы мекемесінің мәліметі. 2012.,- 35 б.
3. **Анриринов Б.В.** Древние оросительные системы Приаралья.- М.,1969.-254 с.
4. **Каразин Н.Н.** От Оренбурга до Ташкента: Путевой очерк. – СПб.: Изд. Герман Гоопе, 1886. – 14 с.
5. Қызылорда облысы ММ. Ф. 1432. оп. 16. д. 62. – л. 71.
6. ЦГА Руз. Ф.И-715. Оп 1. Д. 24. Л. 220.
7. **Мейендорф Е. К.** Путешествие из Оренбурга в Бухару - М.: Издательство «Наука», 1975.- 183 с.
8. **Бердәулетов К.** Бұхарбай батыр.- Алматы., 1992.- 105 б.
9. **Александров Н.Н.** Земледелие в Сырдарьинской области // Туркестанское сельское хозяйство 1916-1918 гг. – Ташкент.,1920. -С.35-36.
10. **А.Нұрғызарынов.** Агротехнические свойства такывидных почв Джанадарьинского массива и применение удобрений под различные культуры //Проблемы освоения низовьев Сыр-дарьи под рисовое хозяйство Изд. Акад. Наук Казахской ССР.-Алма-Ата., 1969. 187с. 134-140 с.
11. **Стерликов А.** В дельте Сырдарьи. Под ред. предисл. д-ра техн. наук Ю.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУЫ

Құмарбек ЖҮПБАЕВ,
зейнеткер

Көптеген тарихи және әдеби шығармалардан «қазақ» атауының Қазақ хандығы құрылғаннан көп бұрын қолданыста болғанын білуге болады. Осындай фактілерді келтіре кетейін.

Орыс жылнамаларында Святослав князь 968 жылы Кубань өзенінің терістік жағында «косогарды» жеңгенін жазған (Карамзин). **X ғасыр жазушысы, Византия императоры Константин Порфиродный** Таматархан (Тмутаракань) шығысқа қарайғы жерлерді «Казахия» деп атаған.

1020 жылдары Ә.Фирдоуси өзінің атақты «Шахнамасындағы» Рүстем туралы дастанында «қазақтар», «қазақ хандары» туралы жазған.

Орыс князі Мстислав 1022 жылы Тмутаракандағы «косог» княздігін бағындырды (жылнама). Орыс тарихшысы Карамзин: «*жекпе-жекте Мстислав өлтірген Редета батыр косог князы еді*» деп жазды.

Никонов жылнамасында: «*моңғолдар 1223 жылғы алғашқы шапқыншылығында Кавказ жақтан келіп, «касахтардың» жері арқылы өтіп, Қалқа өзенінде қыпшақтар мен орыс княздарының біріккен әскерлерін талқандап, шығысқа қарай кетіп қалды*», – деп жазған

1282 жылы (Ноғай ханның тұсында) Бестаудан (Пятигорск) қоныс аударған черкестер өздерін «қазақтар» деп атаған. Кейін олар Днепрге қоныс аударып, оның оң жағасында Черкасск (қазір Черкасы қаласы) бекінісін орнатқан.

Араб саяхатшылары (Ибн-Батута, Аль Омари, Ибн Халдун ж.б.) Азов теңізін Азақ теңізі деп, оны азақ әмірінің билігінде деп, Азақ деген Дон өзеніндегі қала деп жазған.

I ғасырдың жазушысы Плиний Азов теңізінен шығысқа қарай скиф тайпасы «асоки» (Asoci) тұрады деп жазған.

Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: I-XIII ғасырларда Азов теңізінің шығысындағы жерлерде көшпенділердің «азақтар» немесе «қазақтар» деген тайпасы мекендеген (ол замандардағы Қондыгер-Қобан жері). Азов теңізі Қазақ теңізі деп, Азов қаласы Қазақ қаласы деп аталған.

Кавказда, Азербайжанда, Қазақ ауданы бар екені белгілі.

XIII ғасырда Орел қаласының шығыс жағындағы Неруч өзенінің бойындағы тау «Казакский» деп аталған. Ол кезде орыс казактары жоқ болатын.

Прут өзеніндегі бір ауыл «Казаклия» деп аталған.

Ноғайларда, бұрынырақ, «қазақшылық» деген ұғым арнайы дайындалып, жорыққа аттану, жат жерлерден күшпен мал алу, олжа табу дегенді білдірген. Әсіресе, кедейшілік көрген, үйленіп, тұрмыс құрмақ болған азаматтар «қазақшылық» құрып, айлап-жылдап жорыққа аттанатын болған. Осындай адамдарды «қазақтар» деп атаған. Қазақшылық жорықтардан оралмай, қазақтың қаза табатын жағдайлары да жиі болып тұрған. Ноғай халқының ауыз әдебиетінде кездесетін көптеген «Қазақ жырлары» осыны анық көрсеткен.

Тарихи тұрғыдан қарасақ, ноғай халқы мен қазіргі қазақ халқының еш айырмасы жоқ, бір халық. Екеуі де түрік тайпаларынан құралған, тұрмысы, әдет-ғұрпы, кәсібі бірдей. Тілдері де бірдей,

айырмашылық жоқ деуге болады. Тек ноғай халқы Ноғай хан мен Ер Едігенің әулетінің билігінде болған. Қазақ халқы төре тұқымының – Жошы хан әулетінің билігінде болған. Бар айырмашылық тек билік жүйесінде болған. Ноғай халқының тарихы қазақтардан да ауыр, трагедиялы болған. Бүгінде біртұтас ноғай халқы жоқ, бытырап, тозып кеткен. Бұл тарихи сілтемені ноғайлардың «қазақ» «қазақшылық» атауларына қатысы болғандықтан келтіріп отырмын.

Украинаның Запорожье казактары өздерін «козақтар» деп атаған. Ал өзбектер қазақтарды «қозоқтар» немесе «қозақтар» деп атайды. Жалпы «қазақ» сөзі, «қазақлық», «қазақшылық» деген ұғым орталық, мемлекеттік билікке бағынбай, өз еркімен жүрген, бөлек өмір кешкен адамдарды, адамдар тобын, қоғамын білдіреді.

Ал енді қазіргі замандағы орыс казактарына (дұрысы – орыс қазақтары) келейік. Бұл мәселені «Полынь половецкого поля» деген кітабында құмық тарихшысы Мұрат Әжі (Мурат Аджи) дұрыс айтты (2008 ж.). Орыс казактары (Кубань казактары, Дон казактары, Орал казактары, Жетісу казактары, Забайкал казактары және Украинаның Запорожье козақтары) әдебиетте «половецтер» деген атпен белгілі кәдімгі түрік қыпшақтарының тұқымы, нәсілі екен. Яғни, олар – еріксіз орыстануға ұшыраған Дала көшпенділері, қыпшақтар. Қыпшақтар ежелгі заманнан көрші қоныстанған орыстармен тығыз байланыста болған. Бірте-бірте олардың тілін қабылдаған. Шоқындырылып, тәңіршілдіктен христиандықты қабылдаған. 1570 жылдардан кейін орыс патшалары оларды «половец», қыпшақ атынан айырып, «қазақ» атандырған. Кеңес өкіметі келгеннен кейін большевиктерге казактар жаппай қарсы шыққан. Азамат соғысында казактардың көбі ақтар жағында соғысқан. Большевиктер казактарды қатты қырғынға ұшыратып, тірі қалғандарын «орыстар» деп жаздырған екен. «Казактардың» жағдайында да түріктің «қазақ» ұғымының ерекшеліктерін байқауға болады. Казактар да кең далаларда тұрған, малмен айналысқан, егін салған, жылқыны жақсы көрген, казак үшін ең жақын досы аты мен қылышы болған. Жазушы М.Шолоховтың жазуына қарағанда казактар әйелдерін «турчанка» деп атаған. Ал, казак әйелдері үй ішінде, ас үйлерінде өзара түрік тілінде сөйлескен (қыпшақ тілінде). Казактардың тілінде, сөздерінде өте көп түрік сөздері, атаулары кездеседі. Мысалы: Атаман, арба, бунчук, есаул, башлык, күрен, және т. б. Бірақ, казактар өздері шыққан тектерін ұмытқан. Орыспысындар деп сұраса, «жоқ, біз басқа халықпыз» деп жауап береді екен. Түпкі тегі қыпшақ екендігін білмейді, мүлдем естен шығарған.

Осы фактілерді екшеп, сараласақ, мынадай қорытынды шығады: жалпы «Қазақ» және «Қыпшақ» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Түрік тарихшыларының жазбаларынан белгілі, заманында Оғыз қаған қыпшақтарды Түрік мемлекетінің бір отауы, ұлысы ретінде бөліп шығарып, оларға Еділ мен Дон (Тана) өзендерінің бойын, Кавказ тауы мен қазіргі Азов теңізіне дейінгі жерлерді мекендеуге берген екен. Бұл оқиға – б. з. д. XIII ғасырда орын алған қыпшақ тарихының басталуы болатын. Қып-

шақтардың бұл мекен жерлері Оғыз қағаннан кейінгі түрік державалары тұсында (Гүн империясы, Түрік қағанаты) шеткері, батыста орналасқандықтан, көбінесе орталық биліктен тәуелсіз өмір кешкен сияқты. Белгілі түрік тарихшысы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» жазуынша «...Оғыз ханның бір бегі де әйелін алып барып еді (жорыққа – Қ.Ж.). Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді. Толғағы келді. Күн суық еді, кірейін десе үй жоқ, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына босанды, ұл тапты. Мұны естіген хан «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп, атын Қыпшақ қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді... Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болған соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жіберді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына шейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер Дешті Қыпшақ (қыпшақ даласы) деп аталды...».

Түріктің негізгі тарихшыларының бірі осылай дейді. Бұл жерде тек «4000 жылдай» деген мөлшер ғана біраз сәйкес келмейді – Оғыз қаған б.з.д. XIV – XIII ғасырларда өмір сүрсе, қыпшақтардың бұл жерден бытырап кетуі б.з. XVI ғасыры десек, арада үш мың жылдай уақыт өткен.

Оғыздан кейінгі гүн (ғұн) империясы заманында қыпшақтардың аты шыққан жоқ. Тек Түрік қағанаты кезінде қойылған тас ұстында (балбал) қыпшақ туралы бір жазба бар. Ол – 1909 жылы Селенга өзені маңындағы Шине-Усу дейтін жерден Г.И.Рамстед деген ғалым тапқан Мойын – Чор тас ескерткішінде.

«...Түрік қыпшақ елу жылдай басқарғанда 26 жасында түрік елін де берді сонда...» деген сөздер бар (теріскей жағы 4-жол). Ол кезде 26 жаста екені де жазылған. Сол кез Мойын Чордың ел билігіне тұрған кезі болу керек. Бұл VIII-ғасырдың ортасы еді.

Бағдад халифы һарон Рашидтың заманында сарай гвардиясында түрік қыпшақ әскерлері болған деген мәлімет бар (VIII ғ. аяғы – IX ғ. басы). X-XI ғасырларда қыпшақтар орыс княздерімен жиі қақтығысып, орыстарға жорықтар жасап тұрған. Орыстардың жылнамаларында, ауыз әдебиетінде қыпшақ хандары дала жыртқышы – сұр бөрілермен теңестіріліп, жиі жырланған. Ол кездегі Қыпшақ хандары Шеру хан (Шарукан), Құншақ (Құлыншақ, Кончак), Қзақ (Қазақ, Гзак) және басқалары туралы айтылған. Мысалы, XVI ғ. көшірмесі, **XVIII ғасырда табылған «Игорь княздің жасағы туралы» жырда орыс князь Игорь 1180 жылдарда қыпшақтарды қырып-жоймақ болып, қарымта жорыққа шығады. Бірақ Қаял өзенінде қыпшақтардан оңбай жеңіліп, әскері түгелге жуық қырылып, өзі тұтқынға түседі.** Бұл жыр ғалымдар ортасында көп шу көтерген шығарма болды. Өйткені, XX ғасырдағы орыс ғалымдары XII ғасырдағы славян сөздерін дұрыс түсінбей, жиі кездесетін түрік (қыпшақ) сөздерін ұқпай, жыр туралы қисынсыз түсініктер (талдаудар) жасаған еді. Оны ақын О.Сүлейменов өзінің «Аз и Я» деген кітабында өлтіре сынға алып еді.

XII ғасырдан кейін қыпшақтар орыстардан жеңіліс тауып, олармен одақтасуға көшті. Қып-

шақтардың бірталайы қоныс аудара бастады. XI ғасырдан кейін қыпшақтар Дунай өңіріне жетті. Олар Киев княздығына (1067 ж.), Византияға (1064 ж.), Болгарияға (1065 ж.), Трансильвания арқылы Молдавия мен Валахияға (1071 ж.) жиі-жиі жорықтар жасап тұрды. 1253 ж. Моравияға басып кіріп, Балкан түбегі арқылы Грекияға дейін жетті. Құмандар (қыпшақтар) XIII ғасырда Балкан түбегіне орнықты. 1219 жылы моңғолдардың Орта Азияға жасаған жорығында мұндағы қыпшақтар түгелге жуық қырылып кетті.

Моңғолдардың Сүбітай баһадур мен Жебе ноян бастаған екі түмен әскерінің Кавказға, Қырымға, орыстарға жасаған алғашқы жорықтарында қыпшақтар грузин, осетиндермен (аландар) одақтасып, соғысып, бірақ жеңіліске ұшырады. Орыстармен одақтасып соғысқанда 1223 жылы Қалқа өзенінде моңғолдардан күйрей жеңілді. Осыдан кейін қыпшақтар батысқа қарай қоныс аудара бастады. Моңғолдар басып алған жерлерінде қыпшақтардың тірі қалғандары Шам мен Мысырға, Кіші Азияға құлдыққа сатылды. Осы құлдардан Мысырда 560 жылдан аса билікті қолына алып, үстемдік құрған мамлюктер (ақ құлдар) шықты. 1250 жылдарда Мамлюк әулетінің негізін қалаған Айбек, Бейбарыс сұлтандар 1265 жылдан бастап Еуропаның крест жорықтарына, моңғолдардың басып алу жорықтарына үздіксіз тойтарыс беріп отырды. Мысырдағы қыпшақ билігі 1811 жылға дейін жалғасты.

Моңғол шапқыншылығынан басталған қыпшақтардың қырғынға ұшырап, ауа көшуі, басқа елдермен араласып кетуі, XVI ғасырдағы Ресей империясының саясатымен орыстандырылуы, қыпшақ этносын өте сиретіп тастады. Половец қыпшақтары казактарға айналдырылды. Қазір аздаған қыпшақтар Орталық Азияда ғана кездеседі. Кезінде жер бетінде атышулы болған түрік-қыпшақтардың тарихын қысқаша осылай баян етуге болады.

Қыпшақтар өздерін «қос оқ» елі деп атаған деп пайымдаймын. Себебі, қыпшақ тайпасының таңбасы екі тік сызық (кейде қос әліп деп те атайды). Екі тік сызық таңбаны «қос оқ» деп атау өте мүмкін жәйіт. Өйткені, түрік елдерінде «оқ» сөзі ел атауында жиі пайдаланылған. Мысалы, Оғыз хан тұсында «Бұз оқ», «Үш оқ» деп Оғыздың балалары және олар билеген елдер аталған. Бұл жайында түрік тарихшылары қалдырған мынадай деректер бар: Оғыз қаған, өзінің өсиет-жоспарын жариялау үшін, күншығыс жаққа бір алтын садақ апартып жасырын тастатады, күн батыс жаққа садақтың үш алтын оғын апартып жасыртады. Содан соң үш үлкен ұлын бір тапсырма беріп, күншығыс жаққа жібереді. Үш кіші ұлдарын күнбатыс жаққа жібереді. Оғыздың алты ұлы болғандығы белгілі. Қайта оралған үш үлкен ұлы жасырылған алтын садақты тауып әкеледі. Үш кіші ұлы жасырылған үш алтын оқты тауып әкеледі. Сонда, Оғыз қаған Алтын садақты үшке бөліп, үш үлкен ұлдарына береді, үш алтын оқты үш кіші ұлдарына береді де, өз өсиетін айтады: «Үш үлкен ұлдарын, сендер үшке бөлінген садақ алғандарың үшін «Бұзоқ» атанасыңдар (бұлыған садақ деген мағынада ж.қ.). Түрік оғыздардың барлық билеушілері сендердің әулеттеріңнен шықсын. Бір бірімен тату болсын, жауласпасын. Үш кіші ұлдарын, сендер үш алтын оқ алғандарың үшін «Үш оқ» атанасыңдар. Сендердің өздерің және әулеттерің бұзоқтарға адал қызмет етіңдер. Олардың бұйрықтарын мүлтіксіз орындаңдар», – деген екен.

Қыпшақ Оғыздың асырап алған баласы. Сондықтан, Қыпшаққа белгілі бір себеппен «Қос оқ» деген

лақап атты Оғыз қағанның өзі қоюы да өте мүмкін. Сонда, Оғыз қағанның балалары «Бұз оқ», «Үш оқ», «Қос оқ» атанулары қисынға келіп тұр.

Бұлардан басқа Түрік қағанаты құрамында «Оң оқ бодун» елдері болған ж. с. с. Сондықтан, түрік ішінде қыпшақтардың «қос оқ» елі атануы табиғи нәрсе. Орыс жылнамаларында «косох», «косохи», «косог», «касах» деп аталған ел тарихи қыпшақ елі болып шығады. Шет ел саяхатшылары «асоки», «азақ», (Азов теңізі аты да) деп жүргендері де сол «қосоқ» елі, қыпшақтар болып табылады. Қыпшақтардың басқа елдерден тәуелсіз жеке өмір сүруі «қазақ» сөзінің мағынасына әсер еткен.

Қазақтар, қазақ елі туралы ұғымдар, мөлшері, біздің заманымыздың бас кезінен бері белгілі болған деп айтуға негіз бар. Егер бұл ұстанымды Қазақ хандығы, қазақ мемлекеттігі ұғымдарына пайдалансақ, былайша ұйғарым жасалуы керек – Қазақ хандығынан бұрынғы қазақ мемлекеттігіне қыпшақ хандығы, (немесе хандықтары) жатады. Бұл факт біздің заманымыздың басынан бері белгілі болған. Яғни, алғашқы қазақ мемлекетінің құрылғанына 2000 жылдай уақыт болды. Ал, Қыпшақ хандығын Қазақ мемлекеті деп есептесек, қазақ мемлекеттігіне 3300 жыл болды. Тек, Шыңғыс хан заманындағы 225 жылдай үзілісті

ескеру қажет болады (1240 – 1465 жж.).

Әрине, түрік мемлекеттігінде үзіліс тек Ресей империясына бодандық басталған соң болды – 1847 – 1991 жж. Алайда бұл аралықта да Осман түріктерінің мемлекеті (Түркия) өмір сүрді. Бұл мемлекет өзінің 700 жылдық тарихында XVII ғасырға дейін орасан жетістіктерге жетіп, Осман империясы атанса, XIX – XX ғасырларда құлдырау, әлсіреу жағдайында болды. Түрік ұлтының лидері Ататүріктің басшылығымен XX ғасырдың ортасында түрік елі республика болып қайта құрылып, дамудың жаңа кезеңін бастаған еді.

Қазақ атауы, Қазақ мемлекеті жайлы әзірге белгілі мәліметтер негізінде осыны айтуға болады. Қазақ атауы, қазақ мемлекеті де жалпы түрік мәдениетінің, тарихының, мемлекеттігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мәселеде Қазақ елі Елбасымыздың сарабдал саясатын басшылыққа алып, дұрыс бағытты ұстанып келеді. Қазақстан республикасы Қазақ мемлекеттігінің ендігі стратегиялық мақсаты – алдыңғы қатардағы дамыған, дәулетті, қуатты Қазақ түрік Мәңгілік елін құру деп Дүние жүзіне жар салып жариялады.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

ПЕРВЫЙ ТЮРКСКИЙ КАГАНАТ И ИРАН: к проблеме периодизации взаимоотношений

Нуркен КУЗЕМБАЕВ,
Замзагуль САБДАНБЕКОВА,
кандидаты исторических наук, доценты Павлодарского
государственного педагогического университета,
Жамбыл ЖУМАБЕКОВ (Джамбул Джумабеков),
кандидат исторических наук, доцент Карагандинского
государственного университета имени Е.А.Букетова

Проблема взаимоотношений Сасанидского Ирана и Первого Тюркского каганата сложная научная проблема, решение которой позволит реконструировать объективную картину геополитической обстановки в Центральной и Средней Азии во второй половине VI – начала VII веков. Интерес к этой научной проблеме в казахстанской исторической науке связан с тесными исторически обусловленными связями идущими корнями с эпохи древности, когда на территорию Средней и Центральной Азии приходили персидские армии Кира и Дария, македонская армия Александра Македонского. С территории Ирана пришло манихейство оказавшее влияние на религиозную жизнь тюркских государств [1-2].

Первый этап военно-политических отношений Персии и Тюркского каганата связан с военным союзом 563 – 567 гг. Ирана и Первого Тюркского каганата. Основной целью этого союза был разгром Эфталитского государства, война с которым продолжалась с 563 до 567 года [3, с. 206].

Сведения о тюрко-эфталитской войне имеются у Фирдоуси в его произведении «Шахнаме» [4, с. 1]. В нем косвенно указывается на то, что эфталиты не были заинтересованы в военном союзе тюрков и персов. Поэтому послы, отправленные к шахиншаху с предложениями мира и военного союза против эфталитов, были убиты. Военные действия начались

незамедлительно, и каган бил наверняка, Истеми каган нанес сокрушительное поражение царю эфталитов Гатфару [5, с. 118-119].

Сведения о тюрко-эфталитской войне дополняет византийский автор Феофилакт Симокатта письмом тюркского кагана к императору Маврикию: «Разбив наголову вождя племени абделов, я говорю о тех, которые называются эфталитами, этот каган победил их и присвоил себе власть над ними» [6; 7, с. 159-160]. В связи с этим мы можем предположить, что тюрки захватили только часть земель, населенных эфталитами, так как территория Эфталитского государства была разделена между Ираном и Тюркским каганатом в 571 году [8, с. 52].

Второй этап тюрко-иранских взаимоотношений связан с войнами между тюрками и персами 567 – 589 гг., которые продолжались с переменным успехом. Первая война между тюрками и персами относится к 567 – 571 гг., к этому времени относится посольство Земарха Киликийского 568 г., в котором указывается на военный поход против Ирана, сведения о котором имеются у византийского историка Менандра Протектора: «Дизавул отправился в поход против персов, имея при себе Зимарха. На пути они остановились на месте, называемом Талас» [9, с. 380].

В результате войны были захвачены «торговые

города и порты сиров, прежде обладаемые персами» [9, с. 493]. Но уже в 569 г. тюрки вернулись в Согдиану [10, с. 227; 8, с. 52]. Последующий договор 571 г. определил, что Ирану отходят территории Синда, Боста, Арахозии, Забулистана, Тохористана, Дардистана и Кабулистана. Кроме того, персам подчинялся наследственный удел последнего эфталитского царя Фагониша – Чаганиан. Тюркам досталась Согдиана [8, с. 53].

В связи с этим мы предполагаем, что причинами тюрко-иранской войны 567-571 гг. были: 1) шелковая торговля между тюрками и византийцами, которая не устраивала персов. Так как наличие в достаточном количестве шелковых изделий у византийцев позволяло им нанимать целые армии наемников, воевавших против персов; 2) желание тюркского кагана обладать городами Согдианы, которые ранее принадлежали эфталитам.

Несмотря на вражду между тюрками и персами, в политику Истеми кагана не входила враждебность по отношению к Ирану, так как транзит шелка в Византию предполагалось проводить через северную границу Персии. В связи с этим понятен шаг Истеми кагана в упрочении связей с Сасанидским Ираном, каган попытался наладить отношения с Ираном самым надежным способом – династическим браком. После заключения брака между дочерью кагана Истеми и шаха Хосрова Ануршивана на свет появился шахиншах Хорзмид.

Вторая тюрко-иранская война была в 589 г., когда армия кагана Савэ напала на Иран [8, с. 84]. По этому поводу Табари сообщал: «...враги окружили Персию, как тетива концы лука» [8, с. 135; 6, с. 49]. Также в его тексте можно найти текст ультиматума тюркского кагана персидскому шаху, по которому условия тюркского кагана состояли в улучшении инфраструктуры территории Персии, для открытой торговли с Византией [8, с. 143].

Для спасения перед Ираном стояла лишь одна задача – победить тюрков. Что было очень затруднительно, ведь, по мнению Фирдоуси, тюрки располагали четырехсоттысячной армией [11, с. 11]. Это вызывает у нас сомнения, так как Фирдоуси не располагал точными сведениями о количестве воинов в армии тюрков, а число, выдвинутое автором, скорее всего имеет метафорическое значение.

Вскоре после того как Бахрам Чубина выступил в поход против Савэ кагана, Бахрамом к тюркам был послан лазутчик. Им был отправлен некий Харрод, который должен был дезинформировать Савэ, а также завести его в ловушку к персам, которая стояла в Гератской долине. Затем, чтобы не настал «час расплаты», под покровом ночи он убежал из лагеря [11, с. 39].

Савэ, увидев войско Бахрама, пытался заключить с ним мир, но Бахрам отказался, оставалось только одно – идти в бой [8, с. 144]. Сначала Савэ попытался взять превосходство психологическим воздействием, видя, что это не приносит своих плодов, каган атаковал ударной кавалерией, атака которой смяла правый фланг, но была отбита на левом и в центре. Тогда Савэ бросил в бой боевых слонов, здесь проявились лучшие качества лучников-ветеранов Персии, которые стреляли в уязвимые места слонов: хобот и глаза, и разъяренные слоны смяли свое собственное войско. Увидев панику среди солдат, Савэ попытался скрыться, однако он был настигнут и убит Бахрамом [11, с. 12-61].

Третий этап тюрко-иранских взаимоотношений, охватывающий время с 589 г. до 603 г., характеризуется

затишьем во внешней политике. По данному этапу мы не располагаем сведениями письменных источников, однако мы можем предположить, что причиной мира может быть гражданская война в Первом Тюркском каганате 80-х гг. VI в., из-за которой тюрки не могли вести активную экспансивную политику.

Говоря о материальных свидетельствах тюрко-иранских культурных контактов, необходимо сказать, что археологические находки по данной проблематике достаточно скудны и сводятся к двум находкам, которые имеют большое значение.

Сулуцкая терракота обнаружена и исследована археологом А.Н.Бернштамом, известно ее местонахождение – согдийский слой Сулуцкого городища [12, с. 36-38]. Также в катакомбном могильнике Кенкол в Таласской долине, в захоронениях на Нижней и Средней Сырдарье обнаружены сасанидские монеты [13, с. 17].

Таким образом, на основе анализа исторических источников мы посчитали возможным выделить в тюрко-иранских взаимоотношениях второй половины VI – начала VII вв. на три периода. В первый период (563-567 гг.) между Ираном и Тюркским каганатом был заключен военный союз против эфталитского государства. Во второй период (567-589 гг.) между тюрками и персами было две войны, которые проходили с переменным успехом. Время 567-571 гг. характеризуется первой войной между Первым Тюркским каганатом и Сасанидским Ираном. В ходе этой войны тюрками были захвачены города сиров, ранее принадлежавшие персам. Однако уже в 571 г. был подписан мирный договор, по которому разделялись территории, ранее принадлежавшие государству эфталитов. В 589 г. разразилась вторая война, в которой был предпринят поход Савэ кагана на Иран. В результате похода армия тюрков была разбита, а сам Савэ был убит. В третьем периоде (589 – 603 гг.) между Персией и Тюркским каганатом наступил мир, так как они были охвачены гражданской войной и не могли вести активную внешнюю политику.

Тюрко-иранский военный союз, который был создан во время тюрко-эфталитской войны (563-567 гг.), был нужен тюркам для того, чтобы овладеть городами Согда, и тем самым приобрести важный отрезок Великого Шелкового пути, что дало бы тюркам экономическое господство в регионе.

Возможно, причиной тюрко-иранской войны 589 г. стало желание тюрков-тугов к широкому торговому обмену с Византией, это доказывает и высказывание Табари об ультиматуме персидскому шахиншаху, в тексте которого можно проследить заинтересованность тюркского кагана к внешней торговле с византийцами.

Культурные связи между Ираном и Средней Азией повлияли на материальную культуру. Штамп сулуцкой терракоты, на которой изображалась иранская тематика, был результатом иранского влияния на города Согда. Кроме того, сасанидские монеты, найденные в Таласской долине, указывают на важность Великого Шелкового пути для экономических и культурных контактов тюрков и персов.

РЕЗЮМЕ

Мақалада Бірінші Түрік қағанаты мен Сасанидтік Иранның халықаралық қарым-қатынасының кезеңделуі қарастырылады. Тарихи деректерді сараптау негізінде VI ғ. – VII ғ. басындағы түрік-иран қарым-қатынасы үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде (563–567 жж.) Иран мен Түрік қағанаты арасында эфталит мемлекетіне қарсы әскери одақ құрылды.

Екінші кезеңде (567–589 жж.) түріктер мен парсылар арасында алма кезек жетістікке толы екі соғыс өтті. Үшінші кезеңде (589–603 жж.) екі мемлекетті де азаматтық соғыстың өрті шарпығандықтан, белсенді сыртқы саясат жүргізе алмауына байланысты Парсы елі мен Түрік қағанаты арасында бейбітшілік орнады. Түріктер мен ирандықтардың халықаралық байланыстарының кезеңделуін қарастыру олардың мәдени байланыстарының және экономикалық қарым-қатынастарының сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

The article considers an important scientific problem of the periodization of international relations between Sassanid Iran and the First Turkic Kaganate. Based on the analysis of historical sources, we considered it possible to separate the Turkic-Iranian relations of the second half of the 6th - early 7th centuries for three periods. In the first period (563 - 567) between Iran and the Turkic Kaganate, a military alliance was concluded against the Ephthalite state. In the second period (567-589), there were two wars between the Turks and the Persians, which took place with varying success. In the third period (589-603), peace between Persia and the Turkic Kaganate came about, as they were engulfed in the civil war and could not conduct an active foreign policy. Consideration of the periodization of the international ties of the Turks and Iranians makes it possible to reveal the nature of cultural ties and economic relations between them.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Материалы Международного круглого стола «Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт- и Кипчака XIII – XVIII вв.» (Ал., 11-12 марта 2003 г.). – А.: Дайк-Пресс, 2004. – 372 с.
2. Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт- и Кипчака. Мат. междунар. конф. (Алматы, 23-24 мая 2006 г.). Кн. вторая / Ред.-сост. М.Х. Абусеитова, С. Абдулло. – А.: Дайк-Пресс, 2007. – 316 с.
3. **Пигулевская Н.В.** Византийская дипломатия и торговля шелком в V – VII вв. // Византийский временник. – 1947. – Т. I. – С. 184-215.
4. **Фирдоуси Абулькасим.** Шахнаме «Книга о царях». Выпуск первый. – М.: 1905. – 144 с.
5. **Фирдоуси А.** Шахнаме: В 6 т. - М.: Наука, 1957. – 655 с.
6. **Пигулевская Н.В.** Византия и Иран на рубеже VI и VII веков. - М.-Л.: Издат. Академии наук СССР, 1946. – 291 с.
7. **Феофилакт Симокатта.** История. - М.: Издательство Академии наук СССР, 1957. – 223 с.
8. **Гумилев Л.Н.** Древние тюрки. – М.: Товарищество «Клышников – Комарова и К», 1993. – 527 с.
9. Византийские историки / Перевод С. Дестуниса. - СПб: «Типография Леонида Демиса», 1860. – 496 с.
10. Советская историческая энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия. Т. 13., 1971. – 1024 с.
11. **Фирдоуси Абулькасим.** Сказание о Бахраме из «Шахнаме». – Душанбе: Таджикгосиздат, 1952. – 343 с.
12. **Бернштам А.Н.** Образ сасанидского царя в сукулукской терракоте // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института истории материальной культуры – 1948. – Т. XXIII. – С. 36-39.
13. **Байпаков К.М.** Археологические исследования по программе ЮНЕСКО «Великий Шелковый путь» // Вестник АН КазССР. - 1991. - № 12 – С. 17 – 27.

ТӘРБИЕ. ТӘЛІМ. ӨНЕГЕ.

«ӨЗІНЕН СҰРАП КӨРСЕҢДЕРШІ!»

(Құрандағы гибратты оқиға)

Ибраһим (а.с.) пайғамбар ретінде жіберілген кезде ел ішінде пұтқа табынушылық кең етек алған болатын. Адамдар әр нәрсенің құдайы бар деп есептейтін. Мәселен, соғыстың құдайы, береке әкелетін құдай, махаббат құдайы, егіннің құдайы, отбасының құдайы, т.б. Ибраһим пайғамбар (а.с.) пұттардың ес-түссіз, жай ғана мелшиген меңіреу тастар екендігін, Жаратушы бола алмайтындығын шырылдап қанша айтса да оларды көндіре қою аса қиын шаруа еді. Өйткені олар ылғи да қарсы дау айтудан жалықпайтын. Бір күні Ибраһим пайғамбар (а.с.) олардың саналарына сәуле бітіріп, шел басқан көңілдерін ояту мақсатында гибратты бір іс істеуді ұйғарады. Қала халқы түгелімен мереке қарсаңында қаланың сыртына шыққан болатын. Қағбаға кірген Ибраһим (а.с.) пұт атаулының бәрін балтамен қиратып, балтаны іштеріндегі ең үлкен соғыс құдайының мойнына іліп қояды. Мерекеден қайтып келген халық ойран-асыр бұл жағдайды көріп жағаларын ұстасады. «Қап құдайларды қараусыз тастап кеткен өзіміз де оңбаймыз!», – деп өкіне бастайды. Кенет ашу қысқан біреуі: «Біздің Құдайларымызға бұндай сұмдықты кім істеді? Сірә, бізге зұлымдық ойлаған біреу болар», – дейді ызбарланып. Осы кезде бір кісі: «Ибраһим деген бір жігіт осы жайында кейінгі кезде көп айтып жүрген еді», – дейді. «Олай болса, оны дереу алдымызға әкеліңдер. Куәлік етсін!», – дейді халық жамырап. Ел: «Әй, Ибраһим!

Біздің құдайларымызға бұны істеген сен бе?», – деп сұрайды. Өзі де осыны күткен Ибраһим (а.с.) салмақты пішінінен айнымай: «Мүмкін ол істі ұйғына балта асынған ана бір үлкені жасаған болар?.. Сөйлей алса, өзінен сұрап көрсендерші?», – дейді. Ибраһимнің бұл сөзіне таңданған олар: «Сен бұлардың сөйлей алмайтындығын білесің ғой», – дейді. Ибраһим (а.с.): «Олай болса, тіл қатуға да шамасы келмейтін, ешкімге не пайдасы, не зияны жоқ мұндай меңіреу тастарға, ағаштарға, сүйектерге қалай табынасыңдар? Кішкене ақылмен ойласаңдар қайтмеді?», – дейді. («Әнбия» сүресі, 63-аят; «Саффат» сүресі, 89, 99-аяттарының тәпсірі) Иә, Құранда келетін бұл оқиға шипаны өзі секілді қос аяқты пендеден, ризықты темірден, сүйектен жасалған мүсіндерден, қорғау мен пананы бір уыс матадан күтіп жүрген адамдардың барлығына ой салатыны анық. «Бірінші тілек тілеңіз, бір Аллаға жазбасқа» деп өткен бабаларымыз «Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады», «Алла деген құстай ұшар, адам деген мұрттай ұшар» деп бекерден-бекер айтпаса керек...

www.asylarna.kz

Ақпарат көзі: <http://www.asylarna.kz/maqala/maqalainfo/371>

© «Асыл арна» рухани-ағартушылық телеарнасы

ҰРПАҒЫНЫҢ ЕРТЕҢНЕ АЛАҢДАҒАН ТҰЛҒА ЕҢБЕГІ*

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Тарихи және ұлттық сананы жетілдіруде өлкетанудың атқарар рөлі ерекше, себебі «үлкен» тарих «жергілікті» тарихтан құралады. Ал «жергілікті» тарих – жекелеген мемлекеттің, халықтың, қаланың, ауданның, ауылдың, көшенің өткені дегенді білдіреді [1, 11-б.]. Ал жергілікті тарих дегеніміз – өлкетану. Соңғы уақыттарда қоғам мен ғылымда өлкетанудың қажеттілігі және оның маңызы туралы айтыла бастады. **Елбасы «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында:** «*Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі*» [2], – деп қадап айтты.

1920-1930-жылдардағы тоталитарлық жүйе мен оның зардаптарының асқынған кезеңі – қазақ тарихындағы ең ауыр да қасіретті жылдар. Қызыл табан шұбырынды, қанды қол қарақшылық кезеңдегі озбыр саясаттың аяусыз қорлығына ұшыраған ұлт зиялыларының есімдерін ардақтап, рухтарына құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов бастаған ұлт көсемдерінің туған халқы үшін жасап кеткен өнегелі істерін бір тарихи мерзімнің өлшеміне салып бағалаудың өзі оңайға соқпасы белгілі. Өйткені ұлтқа, оның болашағына қызмет етуді өздерінің асыл мұраттарына балаған арыстардың еңбегі қашан да өлшеусіз. Ел егемендігін алып, тәуелсіздікті тұғырына қондырған кезеңде Алаш арыстарына деген құрмет те ерекше бола түсті. Өйткені Алаш арыстарының көксеген ой-арманы да қазақ елінің өз алдына дербес мемлекет атануы еді. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің есімдерін түгендеу, кітаптарға, жинақтарға енгізу, еңбектерін жария ету жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатса да әлі де талай боздақтарымыздың өмірлері зерттей түсуді қажет етеді. Солардың бірі – Асылбек Жұманұлы Сейітов.

Асылбек Сейітов 1894 жылы 2 желтоқсанда Омбы генерал-губернаторы жанындағы кеңсе тілмашының отбасында дүниеге келген. Алдымен шіркеу-приход, содан соң Омбы классикалық ерлер гимназиясында білім алған. Гимназияны 1911 жылы тәмамдап, Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. Университетті үздік бітірген Асылбек Омбыға қайта оралып, Баянауылдағы қазақ станциясының дәрігері қызметіне орналасты. 1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ жұмыстары жүргізілгенде А.Сейітов

оның оңтүстік бөлігі комиссиясын басқарады. Халық арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырысқақ ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ақ, осы жылдары саяси-қоғамдық өмірге араласып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымның қатарынан көрінді.

Ол 1917 жылы Орынбор қаласында өткізілген I жалпықазақ съезіне делегат болып сайланған. Съезд президумының төрағасы Халел Досмұхаммедұлы, қосалқы төрағалар Ахмет Байтұрсынұлы, Әл-Мұхаммед Көтібарұлы, ал хатшылық қызметті Міржақып Дулатұлымен бірге Асылбек Жұманұлы атқарды [3, 116-б.]. 1921 жылы Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің съезіне, 1922 жылы Қазақ АКСР-і кеңестерінің съезіне делегат болып қатысты. Ол Баянауылда бас дәрігер қызметін атқарған. 1922 жылдан бастан 15 жыл бойы Семей қаласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға атсалысты. 1937 жылы Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау халық комиссариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. 1937 жылы 3 желтоқсанда қамауға алынып, ату жазасына кесілді [4].

Асылбек Жұманұлы осымен қатар бірнеше мақала жазып, мерзімді басылым беттерінде жариялаған. 1925 жылы Семейде қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми-педагогикалық және әдеби-өлкетанулық «Таң» журналы шығып тұрды. Оның құрылтайшылары Семей губерниялық партия, атқару және кәсіподақ комитеттері еді. Журналдың небәрі төрт-ақ саны шықты, солардың барлығында дерлік Асылбектің ұрпақтың денсаулығы және тәрбиесі туралы мақалалары жарияланды. Солардың бірі «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (Жазды күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында)» деп аталады. Мақала араб қарпінен кириллицаға аударылған қолжазба түрінде Асылбек Жұманұлының қызы Клара Сейітованың жеке архивінде сақталған [5]. Кириллицаға көшіріп жазған – Маһисәруар, екіншіше орай тегін көрсетпеген. Мақала осы уақытқа дейін еш жерде жарық көрмеген. Осы тұрғыдан келгенде оның өзектілігі әрі маңызы өте зор. Енді осы мақаланы талдау арқылы мазмұнын көрсетейік.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін большевиктер «қараңғы, артта қалған, жабайы халықты» социалистік құрылысқа тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын күшейтіп, сауатсыздыққа қарсы

* Мақала АР05134617 «Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (XX ғ. – XXI ғ. басы)» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

майдан ашқаны мәлім. Дегенмен, Кеңес өкіметі қазақ халқының жазу-сызуын екі рет өзгертіп, сауатсыздықпен күресті өзі қиындатып жіберді. Сөйтіп сауаттыларды емес, сауасыздарды көбейтті. Оның үстіне сауат ашуды жүргізетін мамандар, мұғалімдер жетіспеді. Аз уақыттың ішінде мұғалімдер, тәрбиешілерді даярлау міндеті туындады. Сол кезде 2-3 немесе 6 айлық курстар деген ұйымдастырылды. Асылбек Жұманұлы өзінің мақаласында осындай күрмеуі қиын күрделі мәселені көтерді. Тақырыбының өзектілігін автор былайша көрсетті: «Кеңестер өкіметі алдында ұлы қиын мәселенің бірі – елдің надандығын, қараңғылығын жою, сауатсыздықпен күресу, жеткіншек жастарды тәрбиялап жол үйретіп, ең пайдалы өнер техникамен таныстырып, ел шаруасын, тұрмысын жөнге саларлық білім тәжірибамен таныстыру. Осы жолмен елге үлгі берерлік білімді шаруақор азаматтар тәрбиялап жеткітіру».

Мақаладан А.Сейітовтің партия мен кеңестер саясатын түсінгені көрінеді. 1920-жылдардың бас кезіндегі большевиктік биліктің айқындаған мақсат-міндетін Асылбек: «Ел бұқарасы, оқушы жастардың көбінің ұғуынша оқу жалғыз елге билік айтып, ел билерлік азаматтар жеткітіру деп түсінеді. Көп жастардың, мұғалімдердің ойынша саясатқа жүйрік болу, кеңседе қызмет атқару үшін хат білу мен барлық керек білім түгелісетіндей жеп-жеңіл көрінеді. Бұл қата ұғыныс, кеңестер өкіметінің, партияның ұстаған жолына қайшы келерлік нәрсе», – деп көрсеткен.

Әрбір мемлекеттің өз халқының, соның ішінде жастарының көзқарасын қалыптастырып, өзінің саясатын қолдауға шақыруда алуан түрлі, тіпті қитұрқы әрекеттерге баратыны белгілі. Кеңес өкіметі де мұндай үдерістен тыс қалмады. Ол түрлі Декреттермен қатар сан түрлі бағдарламаларды Бүкіл-одақтың большевиктер партиясы Орталық комитетінің съездері мен конференцияларында, пленумдарында қабылдап, бекітіп отырды. Сондай қаулы-қаралардың бірінің мәнін Асылбек Жұманұлы көпшілікке түсіндірген. Жас билік органдарының мақсаты қатардағы кеңестік азаматты қалыптастыруға бағытталғанын Асылбек былай көрсеткен: «Кеңес өкіметінің негізгі тәрбия жобасы былай дейді: «Біздің дәуірдегі еңбекші таптың балалары мектепте алған білімі, тәрбиасы арқасында өз табынан, тұрмысынан айрылып, төмен дәрежедегі еңбекші табының төріне шығып төрелер, яки оқығандар болып шықпайды. Бұл ескі өкімет, ескі мектеп саясаты. Жаңа тәрбияның негізгі мақсаты оқып шыққан жастар алған білімі, тәжірибасымен жұртқа үлгі берерлік жұртшылдық шаруашылдығымен алдыңғы қатардағы еңбекші жұмыскер яки қара шаруашы болу. Білімі толық болмаған, кейінгі қатардағы жолдастарына кеңес берерлік азамат болуы». Жас мемлекеттің мүддесі таптар мен тап күресіне негізделгенін аяулы азамат жылдам түсінген. Биліктің дйттеген жерін анық байқаса да халқына қызмет етуді көздеген Асылбек өзгелерді де соған шақырды. Бұны оның мына сөздері дәлелдейді: «Кеңес өкіметінің ұстаған жолы оқығандарды бір өз басына айырым білгіш тап деп қарап ел билеу емес.

Қандай үлкен саяси төңкеріс болмасын егер елдің шаруасын, байлығын түзеу қамын ойламай, жай тәртіп орнату шарасына ғана қараса – бұл төңкеріс пайдасыз, мақсатына жете алмайтын,

елді күйзелдіретін залалды нәрсе. Кеңес өкіметінің барлық жер жүзіндегі өкіметтерден басқалығы – жалпы еңбекші табының еңбегінің жемісі өнімді болуын, еңбек жемісінің әділеттілікпен жалпы қоғамның әлеуметтік пайдасына керегіне жұмсауын керек деп табуында». Білім алуда, оқу-ағарту саласындағы тың өзгерістерді көріп, сол бағытта жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетуі Асылбек Жұманұлының көрегендігінен, даналығынан хабар береді. «... Жалпы оқу-ағарту жұмысы, мұғалімдер, мектептің оқу жоспарлары туралы сөз жазғандар бұл негізгі жобадан бастамауға болмайды. Біз жаңада ғана мектеп құра бастағанбыз. Бізге жат мәселелер есепсіз көп. Бірақ біздің ниетіміз, бетіміз дұрыс жолға салу үшін ең түпкілікті жобаларды қабылдап, сол жобаны жүзеге асыру шарасын істеу», – деуі сөзіміздің дәлелі.

А.Сейітов мақаласын бірнеше мәселелерге бөліп қойған. Алдыңғысы кіріспе ретінде жазылған. Алғашқы, яғни Асылбекше екіншісі, «II жаңа праграмның түбірі – асылы» деп аталады. Автор кеңес өкіметінің білім берудегі тың бастамасы мен бағдарламасының мақсатын көрсеткен. Ол Асылбектің сөздерімен айтқанда мынадай: «Жаңа праграм ескі жоба ескі жоспарға көңілін бекіткен, машықтанған оқытушыларға аса ауыр. Терең ұлы мағына беріп, қолдан келмейтін іс деген бір қарасында туды. Мұның көп себебі бұрынғы тәртіптің, бұрынғы оқудың бос білім, тұрмысқа үйлеспеген кең дерексіз білім екендіктен туып отыр. Бұрынғы оқығандар өз елінің төңіректік тұрмыс шаруасына, маңайдағы, аймағындағы жаратылыстың шаруаға, тұрмысқа келетін пайдасынан тысқары болған білімге ие болып шығушы еді. Еңбекші табын жаңа өкімет, жаңа тәртіп орнатумен бірінші қатарға қойған мәселе жас буынды тұрмысқа әзірлеу деп қарау». Бұдан әрі Асылбек қабылданған бағдарламалардың әрқайсысына тоқталып, олардың білім алудағы ұтымды тұстарын ашқан. Оқытылатын пәндердің тәжірибелік жақтарына назар аудара отырып, баланың белгілі бір кәсіп иесі болып шығуына ықпалын, білім алушының бойында қазіргі тілмен айтқанда, құзыреттіліктерді, яғни дағды-машықты қалыптастырудың қажеттілігін түсіндірген. Оны былай жеткізген: «Бұл мәселе төмендегі үш жобадан келіп шығады. 1) Оқудың кіндігі төңіректегі елдің еңбекші шаруасын үйрету. Бұл еңбектің бұрынғы ескі түрлерін қазіргі күнде қандайлығын, мәдени техника күштері мол елдерде қалай қойылғандығын білу. Мектепте оқылатын есеп, пизика, қимия сабақтары, тарих сабақтары жалғыз еңбек шаруа керегіне не түрде пайдалы сол даражада оқылады».

Пәндерді оқып-үйренумен қатар алған білімді тәжірибемен ұштастырып, тереңдету мәселелесін де айналып өтпеген. Асылбектің теория мен тәжірибені байланыстырудағы ойы терең. Оған мына бір сөздері арқылы көз жеткізуге болады: «Практика тұрмыста елдің істегенін көріп үйрену, тәжірибе жасаудан баланың жалғастырып білім алуы – тиория шығады... Мәселен, елдің өз қолымен жүнді, шуданы жіп қылып ұршық иіруі, онан алаша шекпен тоқуын үйретумен жүннің қандай түрде жаратылысына жолығуын әр түрлі тұқым жүн жабағылы малдардың барлығын, жабай тоқу машиналары – пабрик, заботтағы шыт, кездеме, сөкне тоқитын машиналарды ойлап шығуы керек. Ауылдағы жүн тоқу ұршықтан бастап үлкен пабриктегі жүн

тоқитын, жіп жасайтын машиналар техника өнер тарихын, мәданият тарихы дәуірлерін үйрену үшін жеткілікті нәрселер елдің шаруасы, елдің еңбегі арқылы білім алу. Балалар өз күштеріне қарай сол шаруаға қатынасып үйренуі – еңбек мектебі деген сөздің дұрыс жабайы мағынасы». Заманауи Қазақстанда цифрлы индустрияландыруға қол жеткізуде білім мен тәжірибенің рөліне ерекше ден қойылды. Дамыған отыз елдің қатарына қосылуда экономиканың, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіпті өркендету ХХІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның басты басымдықтарының біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан келгенде сонау өткен ғасырдың 20-жылдары айтылған А.Сейітов ұсыныстарының құндылығы баға жетпес.

Білім алуды еңбекпен тығыз байланыстырып, пәндерді оқытуда балаларды олардың тиімді тұстарына үйретудің маңызын Асылбек: «2) Үйрену білім алудың кіндігі еңбек арқылы елдің еңбегін байқап үйрену арқылы дедік. Еңбек деген сөз марксизм үйретуінше төмендегі мағынаны білдіреді. Еңбек жаратылысынан тіршілікке керек бір-бір затты шығарып сол нәрсені қолдануға (ішіп-жеуге, құрал-асбаб істеу) жарайтын түрге келтіру. Қолда асыраған мал, шашқан егін, бақ, жер бетіндегі топырақ, түрлі науғы кен тастар, ағып жатқан су жалпы табиғат – шаруаға, тұрмысқа керектік жағынан үйретілуге керек», – деп көрсеткен. Бұл жерде автордың еңбек деп отырғаны білім мен ғылымды елдің экономикасына жарату, яғни өндірілген өнімді өңдеу арқылы елдің байлығын еселеу, сұранысын қанағаттандыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту. Ол үшін Асылбектің пікірінше, өндіріс күштерді, яғни еңбек құралдарын, техниканы жетілдіру қажет. Техниканың көмегімен табиғат байлығын игеру, оны халықтың игілігіне жарату. Автордың сөздерімен айтсақ, «Елдің күнелтуі бір жағынан еңбегінің түрлі құрал техникасы артуынан болса (бұл ілгері бірінші шарт), екінші сол жердің байлығы. Жаратылысының беретін заттарына барып тірелуі. ... Елдің күнелтуі үшін, шаруасы үшін ең керекті шарттың бірі төңірегтегі жаратылысты үйрену».

Асылбек Жұманұлы мектепте жаратылыстану пәндерін оқытудың маңызына ерекше мән берген. Табиғатты, қоршаған ортаны тану, зерделеу оның апаттарынан қорғанудың, алдын-алуды қамтамасыз етудің ұтымдылығына назар аударған. Жаратылыстану пәндерін меңгерудің қоғам үшін пайдасы туралы жазған. Қазақстан мектептерінде бұл пәндерді шет тілінде оқыту әлемдік заманауи үдерістерден тыс, озық тәжірибеден қалыс қалмаудың, жаһан мойындаған іргелі еңбектерден махұрым болмаудың қамы десек артық айтқандық емес. Мұның өзі қазіргі жаһанданған әлем талаптарының бірі. Ал Асылбек Сейітов болса өз заманы үшін ұтымды мәселені өзгелерден бұрын күн тәртібіне шығарды. «Табиғаттағы уақиғаларға таң қалып отырмай, бұл уақиғалардың неден болғанын болжап біліп, шаруа күйсіз, залалды болған табиғат күштеріне қарсы шара көруге үйрену – мектептегі жаратылыс сабағы», – дегенінен талай жайтты аңғаруға болады.

Мақала кеңес өкіметі орнағаннан кейін жарияланғандықтан, автордың тап күресі мен таптық бағытқа балама еңбек жазуы мүмкін емес еді. Сондықтан да ол ұжымдық психологияны, таптық қоғамды, көппен бірге көретін ортаға бейімделудің

қажеттілігін ұсынған. «... Жас буын мектепке келгеннен бастап қоғам үшін тіршілік шаруа жолында еңбек пен бас қосудың керектігін өздігінен сезініп тәртіп жасауға үйретудің қамын торулары керек. Үйренулері керек. Көп бірігіп істеген істің жемісті екенін үйрету керек. ... бала еңбекші таптың жұртшылдығы, шаруасы үшін керек тәрбия алып шығады», – деп кеңестік идеология ауқымында тәрбие беру туралы өз ұсынысын білдірген.

Білім беру бағдарламасының еңбекпен, аймақта-нумен және қоғамның әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты болуын қадап айтқан Асылбек Жұманұлы оның маркстік-лениндік ілімнің шеңберінде жүзеге асырылуы қажеттілігін «Оқылатын сабақ: 1) баланың аймағындағы еңбек түрлері мен шаруа әдістерінен; 2) сол жердің шаруасы құрылған жаратылыспен; 3) қоғамның тәртібі тұрмысымен толуы керек. Жаңа праграмның Маркс, Ленин көрсеткен жолмен қойылуы осы», – деп көрсеткен. Бағдарламаның осындай ұстанымы социалистік қоғамға лайық ұрпақты қалыптастыруға жол ашатындығын «Баланың барлық білімі, саяси сезімі осы 3 нәрседен құралса бала Ленин тәрбиасын алған еңбекші қоғамның бір толық мүшесі болып шығады», – деп түйіндеген.

Мақаласының келесі бөліміне «ІІІ – мұғалімдердің міндеті» деген айдар тағып, жаңа қоғамға лайық мұғалімнің білімі туралы сөз қозғаған. Баланы оқулықпен шектемей, терең әрі жан-жақты білім беру мұғалімнің тікелей міндеті санаған Асылбек Жұманұлы оқытушының көп білуі керектігін ашып жазған. «Жаңа шыққан праграмның негізіне туспей қолайсыз қиын тауып, терең ұлы мағна іздеп, праграмның әр тарауын тарқатып жіберіп кітаптан қарап оқыту орыс мұғалімдерінің көбінің істеген қатесі. Мұның түпкілікті себебі: мұғалімнің өзінің аймағын, елдің шаруасын, жаратылысын білмеуден келіп шығып отыр», – деп білімі таяз мұғалімнің беделінің де болмайтындығын меңзеген.

XX ғасырдың 20-жылдарында түрлі ғылым салаларымен қатар өлкетану, әсіресе, мектептегі аймақтану ісінің қолға алынуы жаңа бастама болды. Кеңестік Қазақстан жағдайында өлкетанудың, яғни аймақтанудың негізінің қалануына Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының орны ерекше болды. 1924 жылдан бастап қоғамның негізгі бағыттарының бірі – мектепте өлкетану бөлімдерін ұйымдастыру болды. **Бұл бөлімге ең бірінші кезекте төмендегідей міндеттер жүктелді:** қолда бар маңызды материалдарын мектептік өлкетану ұстанымдарына бейімдеу, өлкетану жұмыстарына оқушылар мен ұстаздарды тарту, мектепте өлкетану үйірмелері мен ұйымдарын нығайту болды. Осындай іске ұлт зиялылары белсене араласты. Сондайлардың бірі – А. Сейітов еді. Ол аймақты оқып-үйренуді мектептен бастау қажет деп санады. Осы бағытта білім берілуі тиіс деген тұжырым жасады. «Біз жаңа құралып келе жатқан мектептердің праграмын оқу жоспарын қалай құруымыз керек. Алғашқы адымымыз жабайы жеңіл жол жаңа праграм көрсеткен жолмен балаға білім тәрбианы аймақты үйретуден бастап беру. Жаңа мектеп орнату үшін жас бекімеген мұғалімдерді адастырмай, осы жолда білім беру әдістерін таныстыру», – деген пікірі осының дәлелі. Автордың бұл ойы өзге ұлт зиялыларының көзқарастарымен үндесті. **Мәселен, Телжан Шонанұлы «Мектепте аймақтану» атты мақаласында өлкені зерттеу туралы өз ойлары**

мен тілектерін жазды. ... Аймақтану деген не? Нені қалай үйретеді? Өз алдына бір пән бе? Болмаса педагогиканың тәрбие беретін бір әдісі ме? – деп [6, 31-б], жүйелі мақсат қою арқылы мәселенің мәнін ашуға тырысты. Аймақтануға анықтама берген Т.Шонанұлы бұдан әрі аймақтану – бәрінен бұрын өз туған өлкесін, оның адам қажеттілігіне қарай өзгерісін оқып-үйрену деп түсіндірді. Мектептегі аймақтану мәселесі туралы аталған еңбегінде автор жергілікті табиғат пен адам әрекетін оқып-үйренуге көңіл бөле отырып, мектептегі пәндер баланы табиғатқа жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу керек, ал өз өлкесін тану үшін оның тарихын білуі керек, яғни «Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгіні үйрету арқылы келешекті білуге болады... Балалар қоршаған табиғат ерекшеліктерін басқа жердің табиғатымен салыстыра білулері қажет, туған жерін білмеген адамның ой-өрісі тар болады», – деген пікір танытты [6, 33-б.]. Осыған орай 20-жылдардың өзінде-ақ ғалым өз жерінің табиғатын, тарихын, мәдениетін білу үшін мектепте аймақтану үйірмелерін ашу қажет деп есептеді. Аймақтануды туған өлкенің тарихын, этнографиясын, табиғатын, халық шаруашылығын, әдебиеті мен мәдениетін оқып үйренуді бірлестіретін, яғни оқыту мен тәрбиелеудің маңызды бір педагогикалық құралы ретінде кешенді пән деген ойға келген [7, 94-95-бб.].

Елбасы XXI ғасырдың бас кезінде өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға басқа мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [2], – атап көрсетті. Мұның өзі идеялардың, ұрпақтың сабақтастығы болып табылады, өйткені ХХ ғасыр басында айтылған ой ХХІ ғасырдың бас кезінде жалғасын тапты.

Ұлт зиялылары, соның ішінде А.Сейітов білім беруде өлкені және оның ерекшеліктерін білу маңызды болғанымен кеңестік саясатты, В.И.Ленин ілімін бір сәтте де естен шығармады. Өз ойын «Қазақ елі қазақ мектебі жаңа құрылып жаңа дұрыс Ленин көрсеткен жолмен бекіп орнығуы керек», – деп бекітіп қойды. Осы орайда кеңестік мұғалімнің ұстанымдарын былайша ашып берді: «... Мектептің оқу жоспары тәртіпке салынып оқу жаңа жолға салынудан басқа біздің мұғалімдерге міндет қылып артатын жобалар нағыз мыналар: мұғалім ел ішіндегі мәдени күш, елге басшылық қыларлық азаматтың бірі. Сол себепті ол өзінің құлық пиғылымен елге үлгі берердей жаңа жұртшылық орнату жолында қоюы керек. Ел арасындағы жастар ұйымы жас жауынгерлер ұйымымен араласып істеу, оларға дұрыс жобалар айтып, жол көрсету үлкен борыштың бірі».

А.Сейітов мақаласының төртінші бөлімі «IV – Мұғалімдердің білімін, санасын кеңейту жұмысы» деп аталады. Бұл бөлімде автор жаңа бағдарламаның мазмұнына баға берген. «Жаңа

ашылған курстың сабақтары мазмұны жағынан болсын жаңа мектеп жоспарының негізінде жарамды қылып істелген. Оқу жоспары ел мұғалімінің не дәрежедегі білімге ие болуын ыңғайлап, сол білім болымдарының барлығына уақыт сыйғызуына қарап жауап береді», – дегенінен осыны аңғаруға болады. Тың бағдарлама бойынша білім беруде қазақ халқының төл тарихы бейнеленген ауызша тарих айту деректерін пайдаланудың маңызын көрсеткен автор: «... Қалың елдің неше жүз жылдық тарихында теріліп келген көп әңгіме, қиссалар, кестелі мағналы сөздер бар. Ел аузында жүрген терілімдер, тәртіпке салынбаған әңгімелерді мұғалімдер көбі естіген, біледі, бұл әңгімелер ретінде олардың тарихи дәуірдің сәулесі есебінде қаралмай, сынға салынып, сол дәуірдің мәданияты, тұрмысы, салт-санасының айнасы екендігі ашылмай келеді», – деп жазған. Эпикалық шығармалар тұрғысындағы деректердің білім беруде қолдану және солар, яғни тарих арқылы тәрбиелеу қолға алынбай отырғандығына қынжылған.

Асылбектің сөзімен айтсақ, ел аузындағы шығармалардың қазақ тарихы үшін құнды дерек екендігі даусыз. Жалпы қазақтың ата-бабасы барлық рухани мұрасын хатқа қондырып, ұрпағына тау-тау етіп, құжат жинап, мұрағат ашпаса да ауызша тарихтан мол деректерді қалдырды. Ауызша тарих айтудың дерек көздері болып табылатын көптеген аңыз әңгімелер, дастандар, эпостық жырлар, толағай толғаулар, ертегілер, т.б. қазақ арасына кең тарап кеткен. Шежіре қылып сыр шертетін деректер бүгінгі күні 100 томдық «Бабалар сөзі» деген атаумен шетінен жарық көрді [8]. Ауызша тарих айту деректері өздерінің бойында қазақ халқының дүниетанымының және тарихи білімінің негізін жинақтаған көрсеткіш болып табылады, өйткені оларда халықтың күнделікті өмірі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрыпы, дүниетанымы, көші-қоны, көршілермен қарым-қатынасы жайлы мәліметтері сақталған. Оларды талдап, мол мәлімет алып, тарих жазудың, тарихи шындықты қалпына келтірудің өзегіне айналдырған абзал. Осы орайда тарих ғылымындағы методологиялық ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерді, зерттеу бағыттарын пайдалана отырып, ауызша тарих айту деректерінің шынайылығын дәлелдей отырып, ғылыми айналымға көбірек түсіру көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Фольклор арқылы ұрпақ тәрбиелеу өз алдына күрделі әрі дербес мәселе.

Мақалада А.Сейітов білім беруде заманауи тілмен айтқанда, пәнаралық байланыстарды да көтерген. Аймақтануды жаратылыстану пәндерімен, соның ішінде географиямен ұштастыра отырып оқытудың ұтымдылығын көлденең тартқан. Сонымен қатар мұғалімнің міндетті түрде көшпелі мал шаруашылығының өткенін, негіздерін, ерекшеліктерін білуі керектігі туралы қадап айтқан. «Ең көп уақыт белгіленіп отырған сабақ аймақтық тану сабақтары. Аймақты тану не даражада керектігін бастап айтып өттік. Қазақ елінің шаруасы мал асырау, егін салудан құралады. Жерінің жағрапиясы жаратылыс әуесі аймақтың шаруасымен байланып оқылмақ. Мұғалімдер қазақ жұртының мал асырау шаруасын әбден бекіп білуі керек». Мұның өзі төл тарихты, оның өзегін тану дегенді білдіреді.

Асылбек Жұманұлы «Аймақты үйрену әдісі ауылдың тұрмысын, шаруасын үйретуден басталады», – деп жазды. Бұл дегеніміз туған жерді оқып-үйрену, сол арқылы маман иесі болу.

А.Сейітов мұғалімнің атқаратын жұмыстарын атап көрсете келе оның үнемі өз біліктілігін арттырып отыруы тиіс екендігін де назардан тыс қалдырмады. Біліктілікті кітаптар, мерзімді басылым материалдар арқылы көтеруге болатындығын былайша көрсеткен: *«Мұғалімнің білімін арттыру жолындағы жұмысы мұнымен түгесілмейді. Жалпы мұғалім қазақ тілінде шығып жатқан кітап, журналдарды, газеттерді жазып алдырып отыруы керек».* Сол үшін Асылбекше *«Губернадағы әрбір мұғалім жалобниасының бір бөлімін кітап, журнал, газетке арнауы аса керек. Оқу бөлімдері, оқу бақылаушылары бұл пікірді елге жайып шыққан кітаптарды уақытында жеткізу шарасын көру керек».*

1920-жылдары білім беру саласында мұғалімдер жетіспеген уақыттарда оларды даярлайтын курстар ашылды. Кеңес өкіметі тек мұғалімдерді ғана емес өзге маман иелерін 1, 3, 6 айлық курстар арқылы дайындап шығарды. Алайда мұндай курстарда толыққанды мамандардың дайындалуы мүмкін емес еді. осыны Асылбек те көре білген. Сондықтан да *«... Мұнан былай мұғалім өз жолына бекілген қызмет болып дұрыс жеміс берердей оқыту үшін білімін толықтыруды өзінің міндеті көруі керек. Хат таныту, төрт амалды білгізу үшін 4-5 жыл сабақ оқытылатын мектеп ашылмайды. Бұл даражада білім беретін ликпункттар 3-4 айлық. 3-4 жыл баланы тәрбиялап оқытуға жетерлік білімді мұғалім өз бетімен ізденіп тұруы керек»*, – деп жазды. Алайда аз оқыса да, көп оқыса да мұғалімдер өз білімдерін тереңдетіп, біліктіліктерін көтеріп отырулары тиіс. Қазіргі уақытта бұл мәселеге ерекше мән берілген. Осыған орай кез келген мұғалім әрбір бес жылда арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады.

Мақала соңында Асылбек Сейітов өзінің аты-

жөнін толық көрсетпей А.С. деп, бүркеншік есімімен берген. Осылайша жазғы айларда мұғалімдер курсының ұйымдастырылар алдында Асылбек Жұманұлы арнайы еңбек дайындап, көзі қарақты оқырманның назарына ұсынып, бірқатар ұтымды пікірлер айтты. Оқытуда уақыт талабына сәйкес өз ойын білдірді. Кеңес өкіметімен бірге келген өзгерістерді мойындаса да аяулы азаматтың ұлттық мүддені көздегені анық көрінеді.

Қазіргі кезеңде Асылбек Сейітов еңбегінің маңызы зор. Заманауи білім беру бағдарламаларын дайындауда шетелдік тәжірибені ғана насихаттай бермей, ұлттық мүддені басшылыққа алу қажет. Білім беруде ұлттық, яғни отандық модельді қалыптастырып, дамыту ел болашағының кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Каштанов С.М.** Источниковедение, история и краеведение // Источниковедение и краеведение в культуре России. – М., 2000. – С.11-14.

2. http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293

3. **Нүрпейісов К.** Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.

4. Центральный государственный архив г. Алматы. - Фонд №357. Документы постоянного хранения фонда личного происхождения Асылбека Жумановича Сеитова за 1909-2002 гг.

5. Клара Асылбекқызы Сейітованың жеке архиві.

6. **Шонанұлы Т.** Мектепте аймақтану // Жаңа мектеп. – 1925. – № 3. – 31-36-бб.

7. **Әбикенова К.Е.** Телжан Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық және ғылыми қызметі (1894-1938 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2007. – 129 б.

8. Бабалар сөзі. 100-томдық. - Алматы., 2009 -2012.

МҰСТАФА ШОҚАЙ ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА

Сағат ТАЙМАН,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың доценті
Нұрлан ӘЗІМОВ,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың магистранты

Алаш зиялыларының ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев: *«Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің қазіргі жедел жаңғыру, яғни, модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттел сақтауға міндеттейді»*,– дей келе олардың алдына қойған мақсат-мүдделері арқылы өткенімізді саралап, болашағымызға назар аударды. Замана қай уақытта да жүріп өткен жолынан сабақ алып, оның маңызды тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігін, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын танудың маңыздылығын, оларды қастерлеуді айқындап келеді [1, 4-б.].

Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол саяси өмірге ерте араласып, студент кезінде-ақ Ресей империясының заңдарын тыңғылықты үйренумен қатар, түркі-мұсылман халықтарының дәстүрлі сот

ісін, тарихы мен мәдениетін зерттеді. «1917 жыл туралы естеліктерден үзінділер» деген кітабында Мұстафа: *«Студенттік жылдары мен біздерде билер мен қазылар соты жөнінде көп шұғылдандым. Сырдария облыстық басқармасы мен уезд әкімшілігінің мұрағаттарында ұзақ отырдым»* [2, 38-б.],– деп жазады.

Қандай қиындықтарға қарамастан, өз еліне қалтқысыз қызмет ету – туған халқына деген шексіз сүйіспеншіліктен туындайды. Мұстафа Шоқайдың пікірінше, берік ұлттық санасыз тәуелсіздікке жету мүмкін емес. Ол: *«атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады»*,– десе, Ә.Бөкейханов: *«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өзге жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс*

болады», – деп айтқан болатын. Шежіре – біздің ұлттық тарихтануымыздың, көшпенділердің тарихи танымының төлтума ерекшеліктерінің бірі.

Бұл жайында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістанның түпкілікті тұрғындары: қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр және қарақалпақтар, басқа халықтар сияқты, өзіміздің көне әрі бай тарихымызды боямасыз, бұлталақсыз шынайы шындығын үйрену ниетіндеміз» [3, 89-б.],– десе, «совет өкіметі ата-бабаларымыз он төрт ғасыр бойы қолданған әліпбиді зорлықпен өзгертіп, үлкен мәдени мұрамыздан айырды, әрі туыстарымыздың тіліне мүлде жат емле қағидаларын енгізіп, түркістандықтардың тұтастығына зор зиян келтірді... Орыстар Түркістанды Мәскеуге тек экономикалық жағынан байлап-матаумен шектеліп қана қоймай, мәдени, рухани өмірінің көрінісі болған бүкіл тарихи шығармаларын да өз қалауынша бұрмалап, Мәскеудің еркіне тәуелді етуде, Түркістанды отарлау үшін адамгершілік өлшемдерге сыймайтын ең бір шектен шыққан шараларға жүгініп отыр»,– дейді белгілі шоқайтанушы Қасымхан Бегманов.

Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғырларды «түркістандық ұлт» ретінде танып, олардың әр қайсысын жеке халық ретінде санады. М.Шоқай өз шығармаларында өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік әдебиетіне көңіл бөліп, олардың рухани жетістіктерін қарастыруға ұмтылды. Түркістан тұрғындарының ауыз әдебиеті Мұстафа дүниетанымының бір қайнары болғандықтан, оны өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының өнері мен мәдениетінің мәселелері шет жерде жүргенде де назарынан тыс қалдырмаған. Оның 1931 жылы «Остойропа» журналында жарияланған «Түркістан ақындары мен олардың өлеңдері» және «Муа» журналындағы «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» атты мақалалар туралы пікірлері соның бір ғана дәлелі. Онда Мұстафа: «Түркістан поэзиясының гүлденуі ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей байланысты. Большевиктер мұндай процесті болдырмауға тырысады. Алайда халықтың өмір сүру қабілеті барған сайын күшейе түсуде. Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде» [2, 438-б.],– деп жазады. 1930 жылы 8 қаңтарда М.Шоқай Париждегі «Франс-Ориан» комитетінің жиналысында «Түркістандағы қазіргі жағдай» деген тақырыпта жасаған баяндамасында Түркістанда Кеңес өкіметінің күшпен орнатылғаны және оның жергілікті халыққа «аса қымбатқа» түскені, өлкедегі ашаршылықтың «этностық сипат» алғандығы туралы баяндап, Түркістанды бес республикаға бөліп, ұлттық-аумақтық межелеу шараларын жүргізген большевиктер саясатының өзегі бұл өңірдегі халықтың этностық бірегейлігін, біртұтастығын жою деп бағалайды. «Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан және Қарақалпақ автономиялық облысын нәсілі, тілі, діні бір түркі тектес халық мекендейді, бірақ, өкінішке қарай, олар бірегей мемлекеттік ұлт ретінде қалыптасып үлгермеген» [2, 330-б.],– деп жазды.

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай олар дербес, бір мемлекет құрамында даму барысында «мемлекеттік ұлтқа» ұласатынына ешбір күмән келтірмейді. «К.Маркс үшін неміс тайпалары мен итальяндықтардың бірыңғай мемлекеттік ұлтқа бірігуі ХІХ ғасыр тарихындағы ең

озық құбылыстардың бірі саналса, Маркстің іліміне шын берілген оқушысы В.Ленин үшін түркістандықтардың, тіпті қызыл кеңес туы мен Мәскеудің «революциялық қанатының астында» бірыңғай мемлекетке бірігуі аса қауіпті, кертартпа болып шығады. БК(б)П Х съезінде Сталин қазақ, өзбек және басқа да халықтардың өзара бірігуі «революциялық Ресей орталығының мүдделеріне қауіпті» [2, 331-б.],– деп атап көрсеткен еді.

М.Шоқай ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық рухты жеке-жеке емес, бір-бірінен ажырамас ұғымдар ретінде түсіндіреді. «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал, ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [4, 85 б.]. Мұнан М. Шоқайдың тарих, әдебиет пен өнердің қоғам өмірінде қаншалықты орын алатындығын өте жоғары бағалағандығының куәсі боламыз. Мұстафа Шоқайдың жастарда ұлттық сананы қалыптастыру тактикасы Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде анық байқалады: «Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек... Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат» [2, 364-б.],– дейді.

Түйіндей келе тәуелсіздігімізді алғаннан бастап ұлттық тарихи сананы, ұлттық рухты қалыптастыру біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыты болды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [5],– деген болатын. Бұл тұжырым Мұстафа Шоқай идеяларымен қалай ұштасады десеңізші.

РЕЗЮМЕ

В статье – «Мустафа Чокай о национальном сознании и отечественной истории» – рассматривается взгляд и комплекс вопросов М.Чокая по данной проблематике. Отмечается, что М.Чокай внес значительный вклад в формировании национального самосознания казахов в начале ХХ века и что его наследия актуальны и ныне.

In the article – «Mustafa Shokay about the national consciousness and national history» – the views and the complex of questions of M.Shokay on the given problems are considered. The best work by M.Shokay is that he made a significant contribution to the formation of the national self-consciousness of Kazakhs in the early twentieth centuries.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Әбілсейіт М. Рухани жаңғыру және Алаш зиялылары // Айқын. 2017 ж. 22 шілде.
- 2.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 томдық, 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.
- 3.Бегманов Қ. Мұстафа Шоқай жолымен. Алматы: Сораба, 2013. – 496 бет.
- 4.Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. Алматы. – 194 бет.
- 5.Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. 26 сәуір.

АКАДЕМИК К.НҰРПЕЙІС ЖӘНЕ «АЛАШ ҺӘМ АЛАШОРДА»

Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Көрнекті ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, 2001 жылғы ғылым саласындағы «Алтын адам» атағының иегері Кеңес Нұрпейісұлы – Қазақстан тарих ғылымының іргетасын нығайтып, бүкіл саналы ғұмырын өз ұлтының тарихын түгендеуге, бүтіндеуге, ұлт тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге арнап, қазақ халқының ақиқат тарихын жазып, еліне адал қызмет еткен, халық құрметіне бөленген азамат.

Академик К.Нұрпейіс – жаңа тарихи сананы қалыптастыруға және жаңаша тарихи зерттеу жүргізуге зор серпін берген ғалымның бірі. Ол алғашқылардың бірі болып, кеңестік режим мен коммунистік идеология тыйым салған ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын, Алаш тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосып, «Алаш және Алашорда» жөніндегі жаңа бағыттың көшбасшысы болды.

Кеңес дәуіріндегі қазақ тарихы қарама-қайшылыққа толы күрделі тарих болды. 1917 жылдан кейінгі Кеңестік империяның сталиншілдік, әкімшілдік-өміршілдік жүйесінің ұйымдастырған зобалаңы қазақ халқын тарих сахнасынан өшіре жаздады. Бұл жөнінде **К.Нұрпейіс**: «Жиырмамыншы ғасыр қазақ халқы және барша қазақстандықтар үшін үміт пен күдікке, қымқиғаш қайшылықтар мен нәтижелері аса ауыр болған әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі мәндегі күрестерге толы тарихи кезең болды», – деп жазды.^[1]

1990 жылдары Тарих институты мен өзі күш салып, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатына рұқсат алып, жарты жыл тапжылмай отырып зерттеу жүргізді. Тәуелсіздік алғанға дейін қараланып келген Алаш қозғалысының тарихын ашуда зор табандылық танытып, мұрағат қорлары мен кітапхана сөрелерінде зерттеушілердің қолы жетпей, жабық жатқан құжаттар мен тыйым салынған материалдарды алғашқылардың бірі болып ғылыми айналымға енгізді. Ғалым Алаш қозғалысын зерттеуге байланысты «Ұлан – Гвардия» газетіне берген сұхбатында: «Мен осы іске 1990 жылдан бастап кірістім. Қайта құру, егемендік алу сияқты елеулі өзгерістер зерттеу жұмысына көп мүмкіндіктер ашып берді. Сонда мен академия басшыларының, институт жетекшісі академик Қозыбаевтың толып жатқан жазған хаттары арқылы және телефон соғу арқылы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде жарты жылдай отырдым», – деп жазды.^[2]

90-жылдардың басында осы зерттеу нәтижесінде Кеңес Нұрпейіс «Алаш» саяси партия болды ма?» немесе «Алаштың» ақиқатын кім айтады?» және «Саяси партия болып санала ма?»^[3] деген алғашқы мақалаларын жариялады. Осы мақалаларында Алаш қозғалысы тарихын Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне жатқызып, ХХ ғасыр басында саяси партия құруға талпынған ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси әрекеттерін саралап талдап, олар құрған саяси партия жайында өзіндік ғылыми тұжырымдарын жариялады. Алаштың саяси партия болғандығын алдына қойған

алғашқы бағдарламалық мақсат-міндеттері арқылы нақтылап, Алаш автономиясының іс-әрекеттерін мұрағат деректеріне сүйеніп, шынайы тұрғыда зерделеп, алда бұл мәселе төңірегінде салалы ғылыми еңбектер жазылатындығын баса көрсетті. Осы ізденістердің нәтижесінде 1995 жылы «Алаш һәм Алашорда» атты ғылыми, құнды монографиясын жарыққа шығарды. Автор бұл зерттеуінде қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы тарихын талдай отырып, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа деңгейін, қазақ халқының зиялы қауым өкілдерінің осы жолдағы қызметін, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін күресін, олардың қилы тағдырын көрсетеді.

Ғалым осы еңбегінде «Алаш», «Алашорда» ұғымын ғасыр басындағы буржуазиялық қауымның «әлеуметтік-саяси қозғалысына тартуға болмайды» деп санайды. Ол Алаш партиясы, Алашорда автономиясы большевизм мен оның жаңа құрылған өкіметімен бетпе-бет жауласқан, 1917-1920 жылдарға ғана тән ұғым екендігін атап айтып, «Алаш қозғалысы» туралы өз ойын түйіндейді. Сонымен бірге, Алаш қозғалысы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың тоғысында қалыптасқан қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясы құрған ұлт-азаттық қозғалыс деп бағалап, «Алаш қозғалысы» деген ұғым үш түрлі құрамдас бөліктен тұрады. Олар: «Алаш» атты партия, «Алаш автономиясы» атты қазақ мемлекеттілігі, сол автономияны басқаратын Алашорда үкіметі», – деп жазды.^[4]

«Алаш һәм Алашорда» еңбегінде 60 жылдай тек қараланып келген, зерттеуге тыйым салынған Алаш тарихының деректемелік негіздерін, ұлттық-демократиялық Алаш партиясының дүниеге келуі, оның бағдарламалық мақсат-міндеттерін, мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдасуы, Алашорданың нақтылы іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда нақты деректермен дәлелдеп, яғни Алаш қозғалысын зерттеудің жаңа методологиялық мәселелері мен деректемелік негізін айқындап берген. Ғалым зерттеуінде Алашорда тарихын, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстар тарихымен жалпы контексте қарастырады. Ол Алаштану саласында зерттеуін күтіп тұрған маңызды мәселелердің ішінде Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; Алаштың ХХ ғасырдың алғашқы 20-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен рөлі, 1917 жылғы екі революция аралығындағы «Алаштың» басқа саяси партиялармен байланысы, өзара қатынасы; Алаш пен Алашорда және Кеңес өкіметі; Алаш қозғалысына тән ішкі қайшылықтар, Алаш қозғалысы жетекшілерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатысушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және Орталық Азия мен Еділ бойының түркі тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстар арасындағы байланысы; Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан; сияқты тақырыптарды көрсете отырып, осы тақырыптарға іргелі зерттеулер жүргізу қажеттігін айтады. Ғалымның көтерген мәселелері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Кеңес Нұрпейісұлы 1917 жылдардағы еліміздегі барлық өзгерістерді Алаш

қозғалысымен тығыз байланыста қарастыруды ұсынды. Алаш зиялыларының идеясы тек таптық мүдде ғана емес, тұтас ұлт мүддесі үшін саяси күреске шығып, ғасырларға созылған отарлық саясат бұғауын бұзып, еркіндік, елдік жолында күрескендігін талдап көрсетеді.

Кеңес Нұрпейісұлының еңбегінің тағы бір баға жетпес құндылығы – есімдері аталмай кеткен көрнекті Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мұстафа Шоқайдың, Мұхаметжан Тынышбаевтың, Халел Досмұхаммедовтың, Әлімхан Ермековтің шығармаларын, олардың өмірі мен қызметіне қатысты мұрағаттық құжаттарды, әсіресе, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған тың, құнды деректерді ғылыми айналымға шығаруы. Нақақ күйген ұлт зиялыларының тағдырын жекелеп зерттеуді де қолға алып, Х.Досмұхаммедов, Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев сынды қазақ азаматтарының ОГПУ тарапынан тергеліп, «Халық жаулары» аталып, атылып кетуінің негізгі себептерін анықтайды.

К.Нұрпейістің арнайы зерттеген тұлғаларының бірі – Халел Досмұхаммедов. Ол туралы 1992 жылы «Алматы ақшамы» газетінде «Қияметті жылдар жаңғырығы» деген ғылыми мақала жариялады. Онда 1930-32 жылдардағы жалған айыптаулармен сотталып, жер аударылған қазақ зиялылары туралы айта келе, Халел Досмұхаммедовтың орысша жазған мәліметтері мен арызын қазақ тіліне аударып отырып, оны деректік құжат ретінде жариялайды. Осы мақаласында: *«Халел Досмұхаммедов – қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің және алғашқы жоғары білімді қазақ дәрігерлерінің бірі. Ол талантты, көп қырлы ғалым болған адам. Түркістан АССР-і мен қазақ Совет мемлекетінің оқу-ағарту ісін, ғылымын, әдебиеті мен өнерін дамытуға үлес қосқан»*, – деп бағалайды [5].

Осы тарихи тұлға туралы арнайы зерттеу жұмысы 1996 жылы Алматыдағы «Санат» баспасынан шыққан «Халел Досмұхаммедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты ұжымдық кітаптың бесінші тарауы болып жарық көрді [6]. Осы тарауда «Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі» деген тақырыпта ғалым Халелдің еңбегі мен таптық көзқарасына терең талдау жасаған.

Сол сияқты 2004 жылы 28 тамызда «Известия Казахстана» газетінде «Мұхамеджан Тынышпаев – в контексте истории» атты үлкен мақала жазып, ҚР ҰҚК мұрағатынан алынған М.Тынышбаев туралы құнды деректерді алғаш жариялады. К.Нұрпейіс, XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеуді өмірінің соңғы сәттеріне дейін жалғастырып, оларға қатысты тың мұрағаттық құжаттарды жарыққа шығарып отырды. Соның нәтижесінде ғалымның кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөз бетінде жарияланған материалдары негізінде «Тарихи тұлғалар» (Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2007 ж.) атты еңбегі жарық көрді. Онда коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген Алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы құнды мәліметтер баяндалады. Бұл еңбегінде ғалым қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларын ақтап, олардың есімдерін толықтай қайтару керектігін ұсынады. **К.Нұрпейіс «Алаш һәм Алашорда» ғылыми-зерттеу кітабында Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған қазақ азаматтарының тізімін берген еді.** Бүгінде

бұл тізімдегілердің көпшілігінің есімдері әлі де беймәлім күйде екенін көреміз.

К.Нұрпейістің Алаш мәселесіне қатысты еңбектеріне орай академик М.Қ.Қозыбаев: *«Автор бұл зерттеулерінде қазақ халқының XX ғасыр басындағы тарихын саралай отырып, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа деңгейін, қазақ халқының зиялы қауым өкілдерінің осы жолдағы қызметін, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін күресін, олардың қилы да қайғылы тағдырын көрсетті»*, – деп жазған еді [7].

К.Нұрпейісұлының Алаш тарихына байланысты көптеген ғылыми мақалалары, баяндамалары, ғылыми еңбектері, кітаптары тек елімізде ғана емес, көптеген шет мемлекеттерге де танымал болды. Ол жөнінде жазушы Ә.Ибрагим Кеңес Нұрпейісұлының Отан тарихындағы еңбегін жоғары бағалап: *«Кеңес Нұрпейісұлы Москва, Ереван, Уфа, Сан-Франциско, Брекли сынды үлкен-үлкен қалаларда небір ығай мен сығай ғалымдар бас қосқан жиындарда көсіле баяндамалар жасап, әріптестерін елдеріндегі Қазақстан тарихының жетістіктері жайлы шерткен мән-мағыналы әңгімелері неге тұрады десеңізші! Елі мен жерінің тарихын әлем кеңістігіне насихаттау деген де нардың жүгін көтерер азаматтарға ғана лайықты»*, – деген еді [8]. Ол Москва, Ереван, Ташкент, Бішкек, Уфа, АҚШ-та Калифорния университетінде лекциялар оқыса (1990 ж.), Түркияда (1994, 1997 ж.) өткен халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда, Анкарада өткен Түрік дүниесі тарихы бойынша конгресте «Алаш қозғалысы тарихының деректік негіздері» деген тақырыпта баяндамалар жасады.

Сол сияқты ол тарихи тұлғалар мен оқиғаларға арналған бірқатар телевизиялық құжаттық фильмдер мен радиохабарлар жасауға да қатынасты. «Алаш туралы сөз» атты ғылыми фильмге кеңесші болды.

Қысқасы, К.Нұрпейісұлы еңбектерінің Алаштау тарихы үшін құндылығы мол. Болашақта оның жолын жалғастыра ғалымдардың көбейетіндігіне, еңбектерінің әлі де өз бағасын алатынына үмітіміз зор. К.Нұрпейісұлы Отан тарихына айқын із қалдырып, ұлт мүддесіне қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті. Алаш тарихын зерттеуде аянбай ізденіп, тарихты жаңа белеске көтеруге сүбелі үлес қосқан, ғылым өлемінде айтарлықтай із қалдырған айтулы ғалым Кеңес Нұрпейісұлының өзі де Алаштың Ақ береніне айналды десек артық айтқандық емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Нұрпейіс К.** XXI ғасыр: Табалдырықтан биік тау жоқ // Тарихи тұлғалар. – Алматы: қазақ энциклопедиясы, 2007 ж. -192- бет.
2. **Нұрпейіс К.** Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 2007 ж. -199- бет.
3. **Нұрпейісов К.** «Алаш» саяси партия болды ма? // Қазақстан коммунисті. 1990 ж. №5. 69-75-бб.; Алаштың ақиқатын кім айтады? Саяси партия болып санала ма? Социалистік Қазақстан. 1990 ж. 13-16 мамыр.
4. **Нұрпейісов К.** Алаш һәм Алашорда. Алматы. 1995 ж. -256 б.
5. **Нұрпейісов К.** «Қияметті жылдар жаңғырығы» // Алматы ақшамы, 1992 ж. 15 маусым. 3-б.
6. Халел Досмұхамбетұлы және оның өмірі мен шығармашылығы, Алматы, «Санат», 1996 ж.
7. **Қозыбаев М.** Тарих зердесі. 2-кітап. – Алматы, 1998 ж.
8. АОММ. қ-1099; Т-1; іс-252; бума-10; бет-18.

ӘМИННІҢ АЛҒАШҚЫ МӘРЕСІ

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан жеңіл атлетикасының құдіретті күшін өлемге танытқан қазақтан шыққан екі жігіттің бірі – **Ғұсман Қосанов болса, екіншісі – Әмин Тұяқов.** Сонау өткен ғасырдың 70-жылдарында Махамбет ауданының Фурманов атындағы орта мектебінде оқып жүргенімізде дене тәрбиесінен дәріс беретін, мамандығы математик Жанасов Орынғали ағайымыз институтта бірге оқыған курстасы Әмин Тұяқов туралы және оның спорттағы жетістіктері туралы жырлап айтушы еді. Кейін Әмин ағамыздың өмірбаяны мен шыққан биіктерін талай рет газет-журналдан оқып, тіпті университетте болған әр түрлі ғылыми-тәрбиелік шараларда рекордшымен бетпе-бет жүздестік те. Жуырда архивте сақталған газеттер тігіндісін ақтарып отырып «желаяқ» ағамыздың алғашқы жеңістерін баян еткен мақалаларға тап болып, енді солардың бір тобымен оқырмандарды таныстыра кетуді жөн санадым.

Алдымен Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетінің 1958 жылғы 4 тамыз күнгі № 131 (7096) санындағы тілші **М.Ысқақовтың «Ақтөбедегі үш күн» атты репортажында ағамыздың есімі ерекше құрметпен аталады.** Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Гурьев облысының жоғарғы оқу орындарының студенттері спорттан үш күн өзара бақ сынасады. Бұл жарыста жеке және командалық жарыста жеңіске ие болған жеңімпаздар республикалық додаға қатысу құқына ие болатын еді. Гурьев педагогикалық институты атынан 52 спортшы қатысып, олар спорттың 7 түрінен бақ сынасқан. Студенттердің спорт жарысы бойынша өткен аймақтық бұл кездесуде Гурьев педагогикалық институтының студенттері өздерінің спорт өнеріне деген шеберліктерін айқын аңғартқан. Спорттың күрес, суға жүзу, қыз балалардың 400 метрлік эстафеталық жарыстарында олар бірінші орынға ие болады. **Ал жүгірудің тартысты өткені туралы тілші былай деп жазады: «Жолдастық кездесуде жеке спортшылардан жақсы нәтиже көрсеткендер де аз емес. 100 метрлік қашықтыққа жүгіруде Тұяқов II спорт разряды нормасын орындады. Оның көрсеткіші – 11, 3 минут» [1].** Сөйтіп жарыста жүлдеге ие болған Әмин ағамыз спорттың осы түрінен Алматыда өтетін республикалық жарысқа қатысу құқына ие болады.

Сондай-ақ «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетінің 1958 жылғы 19 тамыз күнгі № 164 (7129) санында тілші **М.Қабдешевтің «Жеңіл атлетшілердің жеңісі» атты мақаласы шығыпты.** Мақала сол кездегі астанамыз Алматы қаласында өткен кәсіподақтардың II республикалық спартакиадасына арналған. Сол жарысқа Гурьев (қазіргі Атырау) облысынан 20-дан астам спортшы қатысыпты. Солардың ішінде облыс спортшылары жарыстың жеңіл атлетика түрінен ерекше көзге түскен екен. **Тілші былай деп жазады: «...Жүгірушілер алдында Әмин Тұяқов. Ол Гурьев педагогикалық институтына түспестен бұрын-ақ мектеп қабырғасында жүргенде спорттың жеңіл атлетика түрінен көзге түсіп жүрді. Әминді парталас достары**

«жүйрік болсаң Әминді қуып жет» деп мақтанышпен дәріптейтін еді. Ол қазір пединституттың үшінші курсына оқиды. Осы жолғы жарыс оған көп үміт артатын сияқты. Себебі облыста жаңа рекорд жасап, жүлделі, жүйрік атанған ол үлкен намысты қорғайды. Мұны орындаған күнде Москвадағы кәсіподақтардың Бүкілодақтық VI спартакиадасы күтіп тұр» [2].

Міне, жарыс төрешісі берген ысқырықтан құйындай ұшқан жарыс төсіндегі спортшылар бірін-бірі қуалай жөнелді. Бәрінің де алдында бір мақсат – чемпион болу. Жеңіл көтеріліп, оқтай зымыраған Әминнің қимылына көз ілеспейді. Төрешілер қолындағы секундомер тілі алға жылжыған сайын Әминнің екпіні арта түсті. **Тілші М.Қабдешев одан әрі кейіпкерін былайша суреттейді: «Финиш! 10,8 секунд, Тамаша! Облыстық рекорд тағы да жақсарды. Бұл Әминнің «Спартак» стадионында өткен 100 метрлік қашықтыққа жүгірудегі көрсеткіші еді. Тұяқов 200 метрлік қашықтықты да 22,8 секундта өтіп, елеулі табысқа жетті. Ал ұзындыққа секіруде 6, 143 метр көрсеткішке ие болды. Бұл да облыс бойынша рекорд еді. Жас рекордшы кешікпей ВЦСПС-тың Бүкілодақтық VI спартакиадасына қатысады».**

Алматы қаласында өткен кәсіподақтардың осы II республикалық спартакиадасында гурьевтік жеңіл атлетшілер эстафеталық жарыстарда да жақсы нәтижелерге ие болады. Әмин осы 4x100 метрлік қашықтықта әріптестері Бисеналиев, Иваньян және Оганьянмен бірлесе жүгіріп, жарыс қорытындысында 45,2 секунд уақытта аяқтайды. Бұл да облыстың жаңа рекорды болып табылды.

Осылайша Әминнің жұлдызды шағы уақыт жетегінде жүре берді. Институттың құрама командасының сапында физика-математика факультетінде оқитын Ә.Тұяқов бастаған жеңіл атлетшілер облыста өткен талай жарыстың бас жүлдесін иеленді. Сондай бір жарыстан жазылған Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетінің 1958 жылғы 31 қазан күнгі санында тілші **А.Молдашевтың «Педагогикалық институтта» деген мақаласынан үзінді келтіре кетсек: «Жуырда Гурьев педагогикалық институтының спортшылары қалалық, облыстық спорт жарыстарында әзірлік алдындағы спорттық кездесулерді өткізді. Онда 100-ден 1500 метр жерге жүгіру, 4x100 метрлік эстафета жарыстары өтті. Филология және физика-математика факультеттері спортшылары арасында болған бұл жарыста көптеген спортшылар жақсы нәтижеге ие болды. 100 және 200 метрге жүгіруден Ә.Тұяқов бірінші орын алды, сол сияқты студент Молдабаев дистанция бойынша III разряд нормасын орындады. Ал 1500 метрлік жүгіруде Шапауов алда болды. 4x100 метрлік эстафеталық жарыста физика-математика факультетінің спортшылары финиште бірінші болып келді. Жарыс қорытындысында 110 ұпай алған физика-математика факультетінің студенттері бірінші орынға ие болды» [3].** Мақаладан көріп отырғанымыздай,

ұжымның алға шығуына бірден-бір шешуші рөл атқарған спортшы Әминнің өзі болғанын айтпасақ та түсінікті.

Әмин Елемесұлы 1937 жылы 12 ақпанда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шайыр ауылында дүниеге келген. Әжесінің қолында өскен ол спорт десе, ішкен асын жерге қояр жас болып өсті. Сыныптастарының «*жүйрік болсаң, Әминді қуып жет*» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Білім іздеген жас шәкірт облыс орталығындағы Гурьев педагогикалық институтына қабылданады. Осында жүріп нағыз спортшы екенін құрбыларына таныта білді. **Сөзіміздің дәлелі ретінде, «Түркістан» газетінің 2018 жыл 18 қаңтар № 1 санында жарияланған Б.Әкебаевтың «Қазақты жаһанға танытқан желаяқ» атты мақаласында ағамыздың өсу жолдары туралы былайша баяндайды:** «*Әмин 1954 жылы Атырау қаласында, небәрі 17 жасында 100 метрлік қашықтықты 12, 3 секундта жүгіріп, Атырау қаласының чемпионы атанды. Чемпион деген атақты 17 жасында жеңіп алған Әминге жаттықтырушылар қызығушылық танытып, тәрбиелей бастайды. Кеңес Одағы кезінде «Қайрат», «Динамо» және «Буревестник» сияқты, тағы басқа да ерікті спорт қоғамдары көп болатын. 1960 жылы сол «Буревестник» ерікті спорт қоғамының Мәскеуде өткен бүкіл одақтық біріншілігінде 100 метр қашықтықты 10,4 секундта жүгіріп өтіп, «КСРО-ның спорт шебері» атағын алады» [4]. Ол кезде одақта топ жару деген Антрактида мұзын кескенмен бірдей еді. Небір спортшылар арасынан сонау түбекте жатқан Шайырдың тау-тасты*

жерінен шыққан қазақтың қара домалақ баласының бұл қадамы талайдың таңдайын еріксіз қақтырғаны шындық.

Әмин кейін КСРО-ның құрама командасына қабылданып, талай әлемдік, одақтық жарыстардан жүлде алып қайтты. 200 метрлік қашықтықта жүгіруден Кеңес Одағының бес дүркін чемпионы болғанын жақсы білеміз. Жеңіл атлетикадан 1965 жылы Киев қаласында болған АҚШ – КСРО арасындағы жолдастық кездесуде болған 4x100 метрлік эстафеталық жарыста құрамында Ғұсман Қосанов пен Әмин Тұяқов болған құрама топ жарды. Әлемдік аренада алдарына жан салмаған америкалық спортшылар құрамында екі қазақ жігіті болған топтың жеңісін еріксіз мойындады.

Әмин Тұяқов өткен жылы ғана 80 жылдық торқалы тойын атап өтті. Оның есімі қазақ спортының тарихында, оның ішінде жеңіл атлетика саласында алтын әріптермен жазылып қалғаны анық. Қоғамымыздың жаршысы, айнасы атанған мерзімді баспасөзде сақталған осындай деректерді жарыққа шығару тарихшылардың абыройлы ісі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ысқақов М.** Ақтөбедегі үш күн. // Социалистік құрылыс. – 4 тамыз 1958 жыл.
2. **Қабдешев М.** Жеңіл атлетшілердің жеңісі. // Социалистік құрылыс. – 19 тамыз 1958 жыл.
3. **Молдашев А.** Педагогикалық институтта. // Социалистік құрылыс. – 31 қазан 1958 жыл.
4. **Әкебаев Б.** Қазақты жаһанға танытқан желаяқ. // Түркістан. – 18 қаңтар 2018 жыл.

Ата-аналардың назарына

БАЛАНЫ ДҰРЫС ТӘРБИЕЛЕУДІҢ 9 ТӘСІЛІ

Бала тәрбиесі – таудан сырғанаған шана секілді. Бағыттап отырсаң болды. Жас баланың жүрегі таза болған соң, жақсы тәрбие берсең, соған қарай ұйып түседі. Балаңыз жақсы болса, онда сіздің өмірлік мақсатыңыздың орындалғаны. Ол үшін бала тәрбиесіне қажетті мына тоғыз тәсілге назар салыңыз:

1. Балаңыз өзіңіздің көшірмеңіз болады деп күтпеңіз. Оған қоса, сіздің қалауыңыздағыдай болады деп ойламаңыз. Себебі, сіз өскен орта, кезең басқаша болатын. Сондықтан, тәрбие бала үшін сізден артық болуға баулитын болуы тиіс.

2. Барлық жасаған іс-әрекеттер үшін балаңыздан құн сұрамаңыз: сіз оған өмір сыйладыңыз, ол қалайша сізге алғысын жеткізе алады? Ол басқа адамға өмір сыйлайды, бұл алғыстың қайтымсыз заңы.

3. Тәрбиелеу процесінде бар өшіңізді балаңыздан алмаңыз, өйткені не ексеңіз, соны орасыз. Сіздің жақсы деп санағаныңыз – балаңызға жақсы. Алдымен, өзіңіз жақсылықтың жаршысы болуға асығыңыз.

4. Балаңыздың проблемаларын түкке тұрмайтын деп бей-жай қарамаңыз: өмір ауыртпалығы әр адамға күшіне байланысты беріледі, сондықтан да баланың жүгі сіздікімен бірдей болады. Мүмкін сіздікінен ауырлау да шығар. Өйткені, баланың әлі дағдысы қалыптаспаған. Батыс елдерінде «қылмыскерлердің

қатігез болып қалыптасуының негізгі себебін оның жастық шағынан іздеңіздер» деген қағида бар.

5. Тәрбие беруде балаңызды мұқатып, кемсітпеңіз. Ол өзін сізден кем сезінуіне жол бермеңіз.

6. Өз балаңызға бір нәрсені жасай алмасаңыз, ол үшін өзіңізді қорламаңыз. Бірақ жасау қолыңыздан келіп, жасамасаңыз – қорланыңыз.

7. Бала үшін шамаңыздың шеңберіне қарай барлық жағдай жасауға тырысыңыз. Бұл – тәрбие берудің ең маңызды заңдылығы. Осыны ұмытпаңыз!

8. Біреудің баласын сүйе біліңіз. Бірақ, басқа біреудің баласына өз балаңызға жасамайтыныңызды жасамаңыз.

9. Балаңыз дарынсыз, қырсық, ересек болса да, оны сүйе біліңіз; балаңызбен қарым-қатынаста қуануды ұмытпаңыз, өйткені балаңыздың жаныңызда болуы – бұл сізбен өмір бойы бола бермейтін мереке уақыты.

P.S. Балалар бұл өмірге үлкендердің тәрбиесін алу үшін ғана емес, бізді де тәрбиелеу үшін келеді. Ата-аналар өз балаларын жақсылыққа тәрбиелеу барысында өздері де жақсы бола бастайды. Бұл – балаңызды дұрыс тәрбиелеудің негізгі мақсаты.

www.asylarna.kz © «Асыл арна» рухани-ағартушылық телеарнасы.

ЛЕХ ВАЛЕНСА –

мемлекеттік қайраткер, саясаткер және өз ұлтының жанашыры

Айгүл СЫМАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің доценті

Польша тарихына із қалдырған саясаткерлер баршылық, солардың бірі – «Ынтымақ» жұмысшылар қозғалысының көшбасшысы Лех Валенса. Ол 80 жылдары поляк ұлты азаматтары арасынан ең танымал тұлғалардың біріне айналды. 1943 жылдың 29 қыркүйегінде Поморлық воеводствға қарасты, Папов ауылындағы ағаш ұстасының жанұясында дүниеге келген Лех Валенса, 1958 жылы орта мектепті тәмамдаған соң, ауыл шаруашылығын механизациялау училищесіне оқуға түседі. Бірақ оқуын одан әрі жалғастыру мүмкін болмады, өйткені көп балалы отбасынан шыққандықтан университетке түсуді қалтасы көтерген жоқ [1, 125]. Үш жылдан кейін кәсіптік училищені аяқтап, «Мемлекеттік көлік жасау орталығында» электр-механик болып жұмысқа тұрды. 1963 жылы Лех Валенса әскер қатарына шақырылып, капрал шенімен бұрынғы жұмыс орнына қайта оралады. 1967 жылы Лех Валенса Гданьск қаласына келіп, В.И.Ленин атындағы кеме жасау зауытына электрик болып жұмысқа орналасады [2, 321]. 1969 жылы ол Мирослав Данут есімді қызға үйленіп, сегіз баланың әкесі атанды.

Мектепте оқып жүрген кезден-ақ Лех Валенса тамаша ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Ол жұмыс істеп жүрген кезде де қоғамдық іс-шаралардан тыс қалған емес. Лех Валенса қандай қызметте болса да өзінің айрықша жауаптылығымен, атқарған қызметін жетік меңгеру және өз міндетін орындаумен ғана шектелмей, оған өзіндік леп беруімен ерекшеленді. Лех 1970 жылы «Қозғалыс комитетіне» мүше болып, азық-түлік бағасының қымбаттауына қарсы ереуілді басқарады, нәтижесінде осы «Қозғалыс комитеті» кейін келе «Ынтымақтастықтың» [3, 33] іргетасын қалайды.

1976 жылы ол ереуілге құқығы бар жұмысшылардың тәуелсіз кәсіподағын құруды қолға алады. Полиция жағынан қуғындалып, бірнеше рет тұтқындалса да, ол «Жағалаудағы жұмысшы» деп аталатын заңсыз газет шығарумен айналысып, «Еркін кәсіподақ» деп аталатын ұйым құрады. Бастапқы кезде бұл ұйымдардың төңірегінде ешқандай көшбасшы болған жоқ, Лехтың өзі де қарапайым жұмысшылардың бірі бола жүре, Польша демократиясы үшін күрес жүргізді. Сонымен бұл поляк оппозициясының алғашқы қадамы болатын.

Алайда осы кезде «Ынтымақтың» ішінде өте күрделі үдерістер де болып жатқан еді, сондықтан олар коммунистік билікке қарсы бостандық үшін ғана емес, елдегі басқа да «патша», «сұлтан», «монархтарға» қарсы күрес жүргізулеріне тура келді [4]. Лех Валенсаның бұл кездегі билігі немқұрайлы түрде болғандықтан ол халықпен бірге жүрді, қарапайым халық үшін ол ұлттық батырдай болып көрінді.

Мәселен, Польша тарихында Тадеуш Костюшко мықты тұлға, ол туралы: «... міне, енді біздің ұлттық батырымыз бар», «...ол бәрін біледі, ...ол бәрін түсінеді, ...оның қолынан бәрі келеді», – деп айтылады. 80 жылдары Лех Валенса да халық ара-

сында осындай тұлғаға айнала бастады. Мысалы, интеллигенттер үшін ол қарапайым жұмысшы болса, жұмысшылар арасында «өзіміздікі» деп есептелді, ол цензура, баспахана, әдебиет, сөз бостандығы үшін күресті. Оның құпиясы сөйлеген сөзінде болды, ол тілді тамаша меңгере білді. Бірде ол былай деген екен: «Мен жеңіске қалай жеттім?...», яғни поляк тілінде «Як я шлем...», сондықтан оған «пан» («мырза») деп айтудың көрегі жоқ, тек «я шедлэм» деп айтса болғаны деп қалжыңдаған, яғни «шлэм-шедлэм, дошедлэм», «жүрдім, жүріп-жеттім» [5, 4]. Оның беделінің тез өсуіне айтқан сөздері үлкен әсер етті, мысалы тыңдаушыларға қандай әсер қалдырғаны бәрінің есінде қалды. Олар Валенсаның түрін көрмесе де, сөйлеген сөзі айналасындағыларға өз адамы екенін мойындатуға түрткі болды. Оның айтқан сөздерінде ешқандай шешендік болған жоқ, дегенмен оның тыңдаушылары ол сөйлеген кезде бойына электр қуаты соққандай әсер алды. **Алайда сөзден де маңызды нәрсе:** оны «кішкентай капрал» немесе «кішкентай рыцарь» деп айтып та жүрді, бұл оның бойына байланысты емес – ол мұның әскердегі шені мен «Наполеон» деген лақап атына байланысты шыққан еді, кейде ол жылылық пен жақындықты да білдірді. Өйткені Валенса басшылардан шыққан жоқ, сондықтан қатардағы қарапайым поляктарға жақын болды.

Әлем үшін ол поляк халқының символы, яғни жұмысшы табы, интеллигенция және католик шіркеуі арасындағы байланыс көпірге айналды. Осы кездегі поляк халқы үшін символға айналған үш тұлға: Рим папасы II Иоанн Павл (Кароль Войтыла), Нобель сыйлығының иегері, ақын Чеслав Милош және «бәрі мүмкін» деген үміт символына айналған – Лех Валенса болды [6, 71].

Тәуелсіз кәсіподақтың 1980 жылы тамыздағы Құрылтай жиналысында жұмыс орындарында әділетсіз түрде жұмыстан шығару, азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты жалақыны көтеру мәселесімен халықты ереуілге шақырды. Тап осы кезден бастап Лех Валенсаның аңызға айналған қадамының іргесі қаланды. Осы уақытта жұмысшылар мен үкімет арасында келісімге қол қойылып, ереуіл жеңіспен аяқталды. Ал Лех Валенсаның есімі тек Польшаға ғана емес, бүкіл әлемге шарықтап кетті.

Мысал келтіре кетсек, нақты бақылаушылардың бірі, поляқтың танымал режиссері Анджей Войда өзінің «Темірден жасалған адам» деген түсіріліміне материал жинау барысында Лех Валенса туралы: «...Лех тоталитарлық жүйедегі пролетариат мәдениетінің өнімі болған жоқ. Ол поляк ұлттық мәдениеті мен оның дәстүрі аясында шыңдалып, аз уақыт ішінде жұмысшы көсемінен халық көшбасшысына айналды, сол үшін поляктар ол үшін барлық есікті айқара ашуға дайын. Поляктар құрмет, сүйіспеншілік, сенімділік сияқты құндылықтарға ашығып жүрген кезде, оларға бұл ізгілікті істерді үлкен жанұяның отағасы Лех ұсынды», –

деп жазды [7,121]. Лех Валенса халықтың тынысын сезіне білді. Үнемі халықпен араласып жүрген «Гданьскілік воевода» 1980-1981 жылдары кез келген бюрократияға қарсы шықты, әрбір келіссөзден кейінгі оның халықпен кездесуі үлкен сенімділіктің көрінісіне айналды.

1980 жылы 5-10 қыркүйекте Гданьскіде «Ынтымақтың» I съезі болды. Ал съездің екінші жартысы 26 қыркүйек пен 7 қазан аралығында өтті. Осы съезде қабылданған құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы «Ынтымақтың» бағдарламасы болатын. *«Ынтымақтың» мүшелерінің көзқарас спектрі тым кең болғандықтан бағдарламада әр түрлі қоғамдық, идеялық ағымдардың, әр түрлі саяси және діни сенімдердің ұсыныстарын біріктіре алды»,* – деп жазылды. Бағдарламаның саяси бөлімінде: «өзін-өзі шектеу революциясын» қолдап, қантөгістік ереуілден сақтану, елдің халықаралық жағдайын басты назарда ұстау мәселелері қаралды. *Экономикалық бөлімінде:* дағдарысқа қарсы шараларға емес, экономиканы дамытудың перспективалық мақсаттарына аса көңіл бөлінді. Онда, экономиканы басқаратын әкімшіл-әміршіл тәсілдің орнына еңбекшілер ұжымдарының өзін-өзі басқаруы, шаруашылықтық есеп, нарықтық қағидаларға келу керектігі айтылған. *Әлеуметтік бөлімінде:* жұмыссыздыққа, жалақының өзгеруіне, жұмыс күнінің қысқаруына, негізінен табыс айырмасының азаюы мен еңбек жағдайының жақсаруына аса көңіл бөлінді [8].

Алайда бұл кезде «Ынтымақ» мүшелері көп нәрсеге қол жеткізе алған жоқ, өйткені елдегі дағдарысты күйдің әсерінен, қозғалыс мүшелері тек астыртын әрекет қана жасаумен шектелді. Дегенмен халық үшін Валенса бұл қозғалыстың көшбасшысы ғана емес, сонымен бірге туған баласындай болып көрінді. Елдегі ауыр саяси жағдайды ол ызғарлы сараптама негізінде емес өз жан дүниесі арқылы және тобыр халықтың одан не күтетінін де сезіне білді. Сол үшін өте абайлап әрекет жасады, өзінің алдына қойған мақсатын ешқашан көзден таса қылған жоқ. Әрине, дағдарысты кезеңде басқалардың да көзқарасына сүйеніп, тез арада нақты шешім қабылдап отырды. Сөйтіп Шығыс Еуропада бірінші рет тәуелсіз кәсіподақтың басшысына айналды.

1981 жылдың екінші жартысында Польшада экономикалық және саяси дағдарыс басталып, «Ынтымақ» аймақтарға бақылауын жоғалтып, Мәскеудің ықпалы күшейе бастады. Валенсаның ұйымдастырған ереуілін мемлекеттік төңкеріс деп басып тастады. Бұл туралы естіген Валенса бас сауғалаудан бас тартты. Нәтижесінде кезінде Гомулканы тұтқындап ұстаған зәулім үйде Валенсаны жалғыз қамауда ұстады. Ал кейін оны ешқандай ортамен байланысы жоқ қалың орман ортасындағы Алармовтағы үкіметтің аңшылық үйіне ауыстырды. Валенса жалғыздық сынағына шыдап, өз бас бостандығын баспалдақтан қайта төмен түсуге ауыстырған жоқ [9].

Ал түрмеден шыққан соң жаппай қозғалысқа тыйым салынған екі ойлы бұрынғы төрағалық жағдайына да ұстамдылық танытты. Адам баласының басына түсетін тағы бір қиындыққа сабырлылық танытты: өз есімі төңірегіндегі тыныштық сынағы. Жасырын түрде «Ынтымақ» қайта жандана бастады. Баспахана құрылды, көптеген газеттер, кітаптар, үндеу хаттар басып шығарылды. Нақты үгіт-насихат 1985 жылы басталды, үкіметтік мекемелер «Ынтымақты» Батыс

азықтандырып отыр деп ойлады. Ал ақшаның басқа кәсіподақтардан түсіп отырғаны туралы ашық айтылған жоқ. Бұл кезде қоғамдық пікір үшін «Ынтымақтың» бұрынғы төрағасының беделі түскенімен, жастардың оған деген сенімі жоғалған жоқ. Польшадағы мұндай жағдай 1988 жылға дейін жалғасты. Месснер үкіметінің шаруашылық реформалары іске асқан жоқ, экономика тағы да нашарлап, халық қайта күйзеліске түсті. Осыдан кейін Валенсаның беделі тағы да көтерілді. 1989 жылы қаңтарда Лех Валенса Польша Біріккен Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Медовичпен көгілдір экранда жекпе-жекке шықты. Осы кездесу туралы бұқаралық ақпаратта: *«...жұдырығын жұмып Варшаваға келген Лех Валенса 42 минуттың ішінде Польшадағы ең танымал саясаткерге айналды, ...сегіз жыл бойы уысынан шығарып алғанын толығымен қайтарып алды»,* – деп жазылды [10, 210].

Қорыта айтқанда, Лех Валенсаның саяси және мемлекеттік қызметте болуын оның ақыл-білімі және саяси тәжірибесінің молдығымен ғана емес, сонымен қатар ұлтына деген жанашырлығымен де түсіндіру қажет сияқты. Өйткені ол қандай қызметте болса да, мансап қуып, жеке басын ойлаған жоқ, поляк халқына пайда келтіруге тырысты. Сондай-ақ Валенса өзінің саяси, мемлекеттік және кәсіпкерлік қызметінде жинақтаған тәжірибесін үнемі ой елегінен өткізіп, зердесіне сақтап отырды. Егер осы ойды Лех Валенсаның өзін танып-білуге қолдансаңыз, оның өмірі мен қызметіне үңіліп, байыппен, зер салып қарасаңыз, кеңес идеологтары айтқандай қарадүрсін «бүлікшіл» емес, сындарлы ақыл-ойы бар, елін, жерін сүйген, адал және іскер қайраткерді, балаларына жақсы әке болған жылы жүректі қарапайым адамды көресіз. Польша тарихында өзіндік орны бар, халқына мінсіз қызмет атқарған Лех Валенсаның өмірі – қандай адамға болса да үлгі боларлық өмір.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Медведев Р.А.** Незнакомый Андропов. Кризис в Польше 1980-1981 гг. // Новая и Новейшая история. – 1999. – №2 (2). – С. 123-133.
2. **Дыбковская А., Жарын М., Жарын Я.** История Польши с древнейших времен до наших дней. – Варшава: Научная издательство ПВН, 1995. – 372 с.
3. **Корнилов Ю., Кузнецов В., Николов Ю.** Как делается заговор. – М.: Прогресс, 1985. – 224 с. С.33.
4. **Трубников В.П.** Крах «операции Полония». До и после «жаркого лета» восьмидесятого. Документальный очерк. – Москва: Издательство «Агентства печати новости», 1983. – 241 с.
5. Взят с личным // «Известия», № 280 (22087) от 7 октября 1987. стр.4
6. **Antoni Dudek.** Reglamentowana rewolucja. Rozkład dyktatury komunistycznej w Polsce 1988-1990. – Kraków, 2004.
7. **Leszek Garlicki.** Polskie prawo konstytucyjne. Wyd. 11. – Warszawa: Liber, 2007.
8. **Адам Михник.** Антисоветский русофил. – Москва: «Летний сад», 2010. – 349 с.
9. **Antoni Dudek.** Pierwsze lata III Rzeczypospolitej 1989-2001, Wyd. 2, popr. i uzup., Wydawnictwo Arcana. – Kraków 2002.
10. **Травин Д., Маргания О.** Европейская модернизация. Польша: Чудо, которого не ждали. После шока // В кн. Модернизация: от Елизаветы Тюдор до Егора Гайдара. – СПб.: Норма, 2016. – 392 с.

БАЙ-ФЕОДАЛДАРДЫ ТӘРКІЛЕУ ШАРАЛАРЫ

(XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Ш.НАҒИМОВ,
Д.ХАМИДУЛЛИНА,
Г.ЖАМБАУЫЛОВА (Джамбаулова),
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен қазақ жұртшылығының әлеуметтік құрамына байланысты шешімдер бүкіл Ресей мемлекетінде қалыптасқан стереотиптер шеңберінде қабылданды.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мүлде ескерілмей, жұртшылықты үстем тап пен қанаушы тапқа бөліп қарастырды. Ал шындығында **Қазақ қоғамында Европа мен Ресейдегідей кедейлерді сүліктей сорған бай-феодалдардың болмағанын орыс зерттеушілері профессор Кушнер мен Полочанский 20-жылдары атап көрсетті.** Мәселен, Кушнер қазақ ауылында тап күресі өршіп тұр дегенге қарсы өз пікірін былай деп жазды: «Мен тап күресін және әлеуметтік таптарды босқа іздепін, нақты тап түсінігіне сәйкестікті іздедім, бірақ таппадым». Қазақ қоғамындағы ауқатты мен қара шаруаның тұрмыстағы айырмашылықтарының шамалы екенін, ал бұл олардың өзара қарым-қатынасында елеулі рөл атқаратынын 1926 жылы Е.Полочанский де жазған еді. Қазақ ауылындағы байлар мен ауқаттылардың үлкен ұйымдастырушылық беделін байқаған ол былай дейді: «Бұқарада таптық сананың мүлде болмауы жағдайында, ол (бай), жайылымдық мал шаруашылығы жағдайында, ешқандай қанаушы ретінде емес, керісінше шаруашылықтың – рулық негізде қалыптасқан қоғамның орны толмас және пайдалы мүшесі ретінде құрметтеледі».

Қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтарда бай мен кедейдің арасында таптық қайшылық жоқ, оларда рулық мүдде немесе жалпы қазақтық мүдде таптық мүддеден басым түсіп жатады», – деген пікірлері кейіннен большевиктер тарапынан «реакциялық теория» ретінде өткір сынға алынды. Соның кесірі бай-феодалдарды тәркілеу кезінде айқын көрініс тапты.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Атырау облыстық мұрағатында 88 жыл бойы сақталған №3 қордың, 4-тізіміндегі «Теңіз ауданындағы ірі байлар мен феодалдардың мал-мүлкін тәркілеуге дайындық және оны жүргізу шаралары» атты №1 іс материалдарын оқушы назарына сол күйінде ұсынамыз.

Конфискация жөніндегі округтік комиссияға Көшірмесі: БК (б) П-ның Округтік комитетіне Теңіз ауданы бойынша өкіл Орынтаевтан

БАЯНДАМА

ОКРИК-тің 1928 жылы 9 қыркүйектегі №3263 куәлігінің негізінде мен 10 қыркүйек күні ірі байлар мен жартылай феодалдардың малы мен мүлкін тәркілеу үшін Теңіз ауданына іссапарға шықтым, бірақ байланыстың нашарлығынан аудан орталығына тек 1928 жылдың 16 қыркүйегі күні ғана жеттім. Демалыс күні болғанына қарамастан БК(б)П-ның Аудандық комитетінің отырысы шақырылып, хабарлама жасап, келген мақсатыммен таныстырғаннан кейін, сол оты-

рыста ауданның неғұрлым жауапты қызметкерлері арасынан кандидатураларды анықтап, оларды Аудандық тәркілеу комиссиясы құрамына және ауылдық өкілдер қызметіне тағайындадық. Сөйтіп, жоғары органдардың директиваларының негізінде аудандық комиссия құрамына төмендегілер енді:

1. Дүйсебаев (Аудандық атқару комитеті) кейіннен ол аудандық партия комитетінің хатшысы Санадиевпен ауыстырылды.

2. Досмайылов (Қосшы одағы).

3. Дүйінов (жер бөлімі).

4. Хайруллин (жұмысшы комитеті).

Ертеңіне, яғни 17.09.1928 жылы ауыл өкілдері қатысқан Партактивте, мен тәркілеу туралы толық баяндама жасап, Қазақ өлкесі партия Комитеті директиваларымен, осы жылғы 27 тамыздағы үкіметтің декретімен, ҚАССР Совнаркомы ұсыныстарымен егжейлі-тегжейлі таныстырғаннан соң, актив менің баяндамамы жан-жақты талқылай отырып, бірауыздан төмендегідей қаулы қабылдады: «Орынтаев жолдастың экспроприация кампаниясына дайындықтың маңызы туралы баяндамасын тыңдай отырып, ауылдық өкілдердің қатысуымен өткен актив жиналысы экспроприация принципін ауылдың таптық жіктелуін қамтамасыз ететін қажетті шара деп, кедейлер мен батрақтарды байлардың қанауынан құтқару құралы деп бірауыздан қабылдады, сонымен қатар Теңіз ауданы көшіп-қонушылар аз, таза өндірістік аудан болғандықтан, мал саны аса көп емес аудан болып табылады. Аудан жұртшылығының арасында патша шенеуніктері аз емес: олар болыстар, хатшы-песірлер, кеңесшілер, депутат-старшиналар және т.б, олар патша өкіметіне ұзақ уақыт мінсіз қызмет еткені үшін наградалар алғандар. Одан көретініміз, олар мал басын өсірмей, көбейтпей, керісінше оларды ақша капиталына айналдыруға тырысқан, немесе малды жасанды түрде бөлшектеумен айналысқан, сондықтан жартылай көшпелі ауданның нормасы біздің жағдайға мүлде сәйкеспейді, осыны ескеріп, Округтік орталықтың алдына біздің ауданды отырықшы аудандардың қатарына жатқызу қажет.

Осындай шешімдер барлық өкімшілік аудандардың кедейлерінің жиналыстарында, Аудандық партия Комитеті бекіткен кедейлер мен батырақтардың партиядан тыс конференцияларында қабылданды. Осыған байланысты актив пен жергілікті жұртшылықтың пікірлерімен келісе отырып, аудандық комиссия жартылай көшпелі ауылдардың қатарына төмендегі елді мекендерді: Мыңтөбе, Дыңғызыл, Қарағайлы ауылдарын, ал қалғандарын шаруашылық түріне орай отырықшыларға жатқызуды жөн көріп, ол жөнінде орталықтың рұқсатын алу үшін сұранысын телеграф арқылы уақытында жіберді. Сол жиналыста байлар мен жартылай феодалдардың тізімі талқы-

ланды, ондайлар ауданда 43 адам болып шықты, бірақ бұл тізімге тек ірі байлар ғана ілінетіні есепке алынбады, сонымен қатар тізімдегілердің мүмкіндік жағдайы толықтай анықталмағандықтан, актив өзінің қаулысымен кетіп бара жатқан ауыл өкілдерін үш күн ішінде кәмпескеге жататындардың мүлкіктік жағдайының 1928 жылдың 1 қаңтарындағы нақты мөлшерін анықтап, ол жөнінде Аудандық комиссияға хабарлауды қатаң міндеттеді. Одан кейін Аудандық комиссияның жұмыс жоспарын, ұсыныстарын дайындауға өкілдерді ауылдарға жіберу үшін ат-көліктерді іздестіруге кірісіп оларды барлық қажетті ережелермен, директивалармен қамтамасыз ете отырып байларды тәркілеуге қажетті үгіт-насихат жұмыстарын 19 қыркүйектен бастап, 1928 жылдың 1 қазанында бітіруді жоспарлады.

Тәркілеуге төменгі аппараттың, жұртшылықтың дайындық деңгейі және кедейлер мен батырақтардың орта шаруаның көңіл күйі.

Округтік атқарушы органдары мен аудандық тәркілеу комиссиясының болашақ тәркілеу шараларына кірісуге байланысты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу туралы жарлықтарына қарамастан, бұл бағытта дұрыс жұмыс жүргізілмеген, себебі бұндай «экспроприацияға» төменгі аппаратта, қалың жұртшылықта дайын болмай шыққандықтан, кейін осы компанияның жүрісіне теріс ықпал етті. Қалың жұртшылық болашақ компанияны барлық байлардың малын тартып алып, оны кедейлерге бөліп береді деп түсінгенде, байларды жер аудару шарасынан мүлде хабарсыз болып шықты. Тәркілеу жөнінде үгіт-насихат жұмысын жүргізгеннен кейін, қалың жұртшылықтың оның ішінде сіңірі шыққан кедейлердің көңіл-күйі едәуір көтеріліп, соңғылары «жерден жеті қоян тапқандай» қуанып, тәркілеу шарасының таптырмайтын көмекшілеріне айналып, байлардың тығып қойған малдарын анықтау ісіне құлшына кірісті.

Компанияға кедейлердің қанағаттандырарлық көзқараста болғандығын төмендегі деректер дәлелдейді.

1) Ботақан аулында №14 Госрыбтрестің Өлеңті аулында №4 «Каспий» серіктестігінің жұмысшылары жиналысында сөйлегендер өкілдің тәркілеу туралы баяндамасы бойынша өз пікірлерін білдіріп, Совет үкіметінің ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі саясатын қолдайтындығын жеткізіп, сонымен қатар барлық жұмысшылар мен батрақтарды барлық байлар мен атқамінерлерге Қазақстанның еңбекшілерінің тап жаулары ретінде күреске шақырды.

2) Осы ауылдың «Шалбар» елді мекенінің делегаты, халық сотының өкілі Наурызова Жақұт ауыл активінің жалпы жиналысындағы өзіндік ашық дөзінде осы тәркілеу кампаниясының орасан зор саяси маңызына тоқтала отырып, жұртшылықты бұл шараға белсене қатысуға шақырып қана қоймай, өзі тарапынан экспроприацияға лайықты деп Самиев Жұмағалиды, Атепқали, Сұлтанғали Әлиевтерді және басқаларды атап көрсетті.

3) Партия мүшесі Төлегенов Қазі партиядан тыс батрақтар мен кедейлердің аудандық конференциясында Танашевтар мен Құрманбаевтардың және басқалардың қызметін сипаттай отырып, олардың 1916 жылы қазақтарды тыл жұмыстарына алу кезіндегі қазақтарға істеген қиянаттарын ашып берді. Өз сөзінде ол аталған байлардың мал-мүлкін тәркілеп қана қоймай, оларды елден жер аудару мәселесін төтесінен қойды.

Осыған ұқсас деректер барлық ауылдардың кедейлерімен өткізілген конференцияларында орын

алды. Орташалардың байларды тәркілеуге байланысты көзқарасына тоқталатын болсақ, олар барлық жағдайларда түпкілікті түрде кедейлер жағында болып, бұл маңызды шараны толықтай қолдап отырды. Онысын олар сөзбен де, іспен де дәлелдеп, аудандық комиссияның ауылдарға жүріп-тұруына ат-көлікпен көмектесті. Мәселен, Бірлік және басқа ауылдарға барғанда өкілдер солардың көмегіне сүйенді. Бірақ та, кейбір орташалардың, атап айтқанда Зормата №10 ячейкасының хатшысы Оразбаев Айыптың, Ботақан ауылдық Советінің хатшысы Алекешовтың №14 Госрыбтрестің кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұғмановтың тарапынан кәмпескеге тартылған байлар Самиев Нұрғалиды, Жұбатыров Шәмшіті, Әбішов Хайдарды азат ету туралы үзілді-кесілді түрде талап етулері комиссия жұмысына кесел келтіргендіктен оларды шұғыл түрде жұмыстарынан босатуға шешім шығаруға тура келіп, ал Нұғмановтың ісі Аудандық партия комитетіне жолданып, оның партия қатарында болуы туралы мәселені қарау жіті тапсырылды.

Тәркілеуге ұшырайтын тұлғаларды анықтау әдістері, байлардың жалпы көңіл күйі

Тәркілеуге жататын адамдарды анықтау кезінде олардың меншіктік жағдайы, әлеуметтік қаупі, қазіргі кездегі және бұрынғы уақыттағы қызметі, айналысатын жұмысы мен қоршаған ортаға беделінің, ықпалының деңгейі, хандар мен сұлтандарға және жартылай феодалдарға қатысы мұқият тексерілді.

Жергілікті жерлерге жіберілген өкілдердің мәліметтері бойынша 26 адамды анықтап, ол туралы қағаз түрінде 22.IX.28 Округтік комиссияға телеграфпен жіберілді.

Соңғы кезде тәркілеуге жататын және округтен жер аударатын адамдардың санының аз екендігін ескеріп, олардың арасынан 15 адамды таңдап алып, Округтің санкциясын сұрап 1928 жылдың 26 қыркүйегінде телеграфпен хабар жіберген болатынбыз, бірақ 3 қазанға дейін ешқандай жауап ала алмадық. Округтік орталықтың бұндай жайбасарлығы сайып келгенде антикеңестік элементтердің бастарын көтеруіне, кәмпескеге қарсы әрекеттердің (Ботақан ауылы кедейлері) орын алуына әкеліп соқты. Аталған ауылсоветтің хатшысы Әлекешов деген біреу байлардың сойылын соғатын адам болып шықты. Ол туралы басында айтылды. Оның үстіне сол ауылдың байлары Шандыбаев пен Байтеленев дегендер, егер оларды жер аударған жағдайда кедейлерден кек аламыз деп қорқытты.

Байлардың белсенділігін, олардың кедейлердің арасындағы ықпалы, сондай-ақ жергілікті жердегі туған-туысқандармен белсенді «коммунистсымақтарға» (мысалы Оразбаев, Нұғманов) артқа сүйреулерін ескере отырып, біз қатаң шараларды алуға мәжбүр болып сондай адамдарды (11 адам) жабуға үкім шығардық, кейбіреуін үйлеріне қамадық.

Жұртшылықты қамту деңгейі

Сөйтіп аудан бойынша 66 жалпы жиналыс өткізіліп, оларға 4670 адам қатысты. Олардың: ерлері 4001, әйелдері 669, коммунистер 239 адам, кедейлер 2232, орташалар 723, жұмысшылар мен батрақтар 710 жұмысшы мен батрақ әйелдер 180, ВЛКСМ мүшесі 81, кедей әйелдер 475, процентке шаққанда қазақтар барлық сайлаушылардың 30% құрады. Бұндай процент бірнеше жағдаймен: дұрыс байланыстың болмауы, аудан ішіндегі аумақтың бір-біріне алыс орналасуы, аудан жұртшылығы көпшілігінің ауда және

құмаршық жинауда жүруімен түсіндіріледі. Тәркілеу кампаниясының нәтижесін барлық жерде, оның ішінде орыс кедейлері арасында да дұрыс қабылдады, бірақ бір жерде өте қолайсыз оқиға болды: 1928 жылдың 28 қыркүйегінде Госрыбпромның есепшісі Аполухин деген біреу жұмысшылар жиналысында байларды тәркілеу туралы мәселені талқылау кезінде байларды тәркілеуді жүргізу барып тұрған тонаушылық деп бағалап, біздің өкілге жұртшылықты қарсы қоя отырып, елдегі байлардың малдарын тәркілеуге жол бермеуге шақырған. Осындай әрекеті үшін Аполухин дереу жауапқа тартылып, оның ісімен айналысу Теңіз ауданының қауіпсіздік комитетіне жүктелді.

Ықпал ету комиссиясы

Теңіз ауданында барлығы 11 әкімшілік қазақ ауылы бар, олардың барлығында 15-тен 25 адамнан тұратын ықпал ету комиссиялары құрылып, 191 адамнан тұрды. Олардың ішінде кедейлер 106, батрактар мен жұмысшылар 25 адам, әйелдер 9, коммунистер – 41, комсомолдар – 10 адам. Комиссия мүшелерінің тәркілеу кампаниясына байланысты қызметін, оның дайындық кезімен жүрісін қанағаттандырарлық деп айтуға болады. Олар байларды тәркілеу кезінде тәркілеу комиссиясының барлық тапсырмаларын бұлжытпай орындап отырды, орталықтың директивалары мен ережелерін, комиссияның құжаттарын елді мекендерге көп жағдайда, көліктің болмауы себепті жаяу, кейде күніне 12-14 шақырым жерлерге апарып жеткізіп отырды. Тәркілеуге байланысты өткізілген батрактар мен кедейлердің жалпы жиналыстарында сөйлеушілер партия мен үкіметтің саясатын бірауыздан қолдайтынын, жұртшылық арасында бөтен элементтерден құтылу қажеттігін, тәркіленген ірі байлардың мал-мүлкін ортаға салып ұжымдық шаруашылықтар құру туралы тоқталды.

Теңіз аудандық партиядан тыс адамдардың конференциялары 1 қазаннан бастап өткізілді. Күн тәртібінде мынандай мәселелер талқыланды:

1) Тәркілеу туралы және тәркілену кампаниясына дайындықтың нәтижелері туралы.

2) Партия мен Совет үкіметінің ауылдар мен деревнялардағы кезекті міндеттері.

3) Шабындық жерлерді бөлу және ауыл шаруашылығы салықтары туралы есеп.

Конференцияның бірінші мәселесі бойынша өз қаулысымен осы жылғы 27 тамыздағы үкіметтің Декретін қолдай отырып, шаруалар мен кедейлерді жергілікті жерлерде байларды қолдаушыларға қарсы аяусыз күрес жүргізе отырып, Оразбаев сияқтыларды және төменде көрсетілгендерді тәркілеу түрінде немесе ең болмаса жер аудару түрінде жазалауға шақырды:

1. Танашев Құсайынды – Бірлік ауылы.
2. Өтепқали және Сұлтанғали Алиевтерді – __//__//__
3. Самиев Жұмағалиды – __//__//__
4. Жұбатыров Шәмшіт – Зормата ауылы.
5. Артықов Харисті – Нұржау ауылы.
6. Танашев Өтеғалиды – Ботақан ауылы.
7. Исатаев Өтепқалиды – Мыңтөбе ауылы.
8. Құрманбаев Қайырлыны – Забурун ауылы.
9. Сәрсенғалиев Сырымды – Забурун ауылы.
10. Байтенов Әмірғалиды – Ботақан ауылы.
11. Құдайбергенов Алпанды – Забурун ауылы.
12. Оңдыбаев Мұхамеджанды – Забурун ауылы.
13. Қондыбаев Қасымды – Морской ауылы.
14. Үсібалиев Махмудты – Өлеңті ауылы.
15. Бекбаев Мұхамедшәріпті – Нұржау ауылы.

Сонымен қатар конференцияда БК(б)П Қазөл-кекомитеті мен Қазақ атқару комитетіне БК(б)П өлкелік комитетіне төмендегі мәтінді салтанатты телеграмма жіберуді жөн деп тапты:

Қызылорда БКП (б) Қазақ өлкелік партия комитетіне, Қазақ атқару комитетіне «Теңіз аудандық кедейлер конференциясы барлық ауыл кедейлері атынан бай элементтерімен патша жартылай феодалдарының мүлкін тәркілеу туралы заңды толықтай қолдай отырып, бұл шараның ауылды кеңестендіру ісіне және кедей мен орта шаруаның одағының одан әрі нығая түсуіне бастайтын ірі жол деп санайды. Аудан кедейлері ірі байлар мен феодалдардың мал мүлкін тәркілеу ісінде өздерінің барлық күш жігерін аямайтындығын өлкелік басшылыққа жеткізуді сұрайды. Ауылдың шын мәніндегі таптық бөлінуі жасасын!

Партия мен Советтердің өлкелік ұйымдары жасасын!»

Конференция Президиумы Тәркілеудің жүрісі

Құлшурун жолдастың 4 қазандағы № 96 телеграммасына сәйкес, біз Танашев Құсайынның, Құрманбаев Қайырлының, Өтепқали және Сұлтанғали Алиевтердің мал-мүлкін тәркілеуге кірістік, алайда бұл шаруа тәркілеуге дайындық кезеңіне қарағанда әлдеқайда қиынырақ болып шықты, себебі байлар бұл шараға әбден алдын-ала дайындалып алыпты, кейбір жағдайларда күні бұрын малдарын жасырып үлгерген немесе оларды бөліп-бөліп ағайындарына, туған-туысқандарына, мәселен әйелінің, ағасының, т.б атына жазып қойған. Мысалы Танашевтың шаруашылығы бөлшектеніп, өзінің атына және кіші әйелі Күлжамалдың атына жазылса, Құрманбаевтың малы балаларына бөлініп жазылыпты. Бірақ, оған қарамастан жергілікті билік бұл құжаттарды заңдылық күші жоқ деп тауып, олардың «күнәсін» сол күйінде қалдыруға шешім шығарды.

Танашевтың Астрахань округіндегі Марфин ауданына, Алиев Сұлтанғалидың Краснояр ауданына көшуі тәркілеуге қиындық келтіргеніне қарамастан, комиссия ол қиындықтарды жеңе отырып, төмендегі нәтижеге қол жеткізді.

Ең әуелі Танашевқа тоқталсақ:

1. Танашев Құсайын – Теңіз ауданы Бірлік ауылының азаматы, 63 жаста, жеті атасынан бері бай, өзі бұрынғы старшина және округ болысының көмекшісі, балық өндірісінің ірі иегері, саудагер, түзелмейтін рушыл, тек Теңіз ауданына ғана емес, бүкіл округке ықпалы мықты адам. 1916 жылғы қазақтарды тыл жұмыстарына алу кезінде Танашев қазақтарға көп қиянат жасап, оларды тонады. Соңғы кезде Танашев Астрахань округінің Марфин ауданында тұрды, ондағы мақсаты Қазақстанда жүргізілетін тәркілеу шараларынан бас сауғалап, малын жасыру еді. Танашевтың бағымындағы жанұяда 5 адам бар. Барлық деңгейдегі жиналыстарда Танашевты қоғамға қауіпті элемент ретінде бүкіл отбасымен Гурьев округінен аластату мәселесін бірауыздан кедейлер қолдады. Танашев Құсайынның мал-мүлкін тәркілеу үшін БК(б)П Нұржау ұясының хатшысы Төлегеновке, аудандық партия комитетінің қызметкері Оспановқа өкілеттілік беріліп, олар төмендегі мәліметтерді жеткізді. Осы жылдың 1 қаңтарында Танашев меншігінде 70 бас ірі қара мал болған, бірақ тәркілеуге ірі қарадан және ұсақ жандығын қосқанда 37 бас қана малы есептелген. Ал қалғандарын төмендегі адамдарға бөліп қойыпты:

1. Бірлік ауылының тұрғыны Бугаевтың көрсетуі-

мен Танашевтың 5 малы Байды ауылының тұрғыны Төлегенов Мұқанбетқалидан табылды.

2. Бірлік ауылының Кеңесінің төрағасы Дарабаевтың айтуымен Байды ауылының тұрғыны Жүгінісов Харестен Танашевтың 1 сиыры, 1 шөп шабатын машинасы, 1 шөп жинаушы, 9 қанат киіз үй тартып алынды.

3. Шонанова Ажардың көрсетуімен Бірлік ауылының азаматы Нұржанов Әліпқалидан 1 сиыр бұзауымен тартып алынды.

4. Танашев Құсайынның бақташысы Сейітовтың көрсетуімен Танашевтың 10 бас малы жайлауда тығылған жерінен қайтарылды.

5. Бірлік ауылының азаматы Ниязғалиев Өтегеннің көрсетуімен Танашевтың 1 қойы Зорматалық Құдайбергенов Әубәкірден тартып алынды.

6. Бірлік ауылының азаматы Сайытов Уәлидің көрсетуімен 4 бас ұсақ жандық, 2 арба, Марфин ауданының тұрғыны Танашевтың кіші әйелінің інісі Ахметов Зұлфұқардан табылды.

7. Танашев Құсайынның туған інісі Хисардың қолынан бір айғыр мен бір бие тартып алынды.

Танашевтан тәркіленген барлығы 53 малдан 11 бас мал Ережеге сай өзіне қайтарылды, 18 бас малды бірлік ауылдық Кеңесіндегі колхоздарға, қалған 20 бас малды аудандағы ұйымдасқан 9 шаруашылыққа бөліп берілді. Колхоз құрамына 15 шаруашылық енді.

Танашевтың тәркіленген мүлкінен: 6 бөлмеден тұратын үй, ас бөлмесі бар екі бөлмелі үй, дүкен, үлкен саман шолан, 1 шөп шабатын машина, 1 тырнауыш, 2 арба, 1 кілем, 1200 сом тұратын 1 қайық, 1 соқа, 1 жер тырнауыш. Киіз үй мектепке, қалған үйлері атқару комитетінің қарамағына берілді. Ауыл шаруашылығы құралдары мен қайық жаңадан құрылып жатқан «Жайық» колхозына берілді.

2. **Самиев Жұмағали** – жалпы жиналыстардың қортындысымен ірі байлар қатарына жатқызылды. Саудагер, қазірге дейін топ құрумен айналысады, айналадағы кедей-кепшіктерді қанап келеді, жасы 37-де, отбасында 14 жанды асырап келеді. Бұны да барлық жиналыстар өз қаулыларымен мал-мүлкін тәркілеп, жер аударуды дұрыс деп тапты. Самиев Жұмағалиды тәркілеу үшін Әжігереев пен Үмбеталиевті іс сапарға жіберді.

1928 жылдың 1 қаңтарында Самиевтің жеке меншігінде 170 бас мал болған, ал тәркілеу кезінде 110 бас мал болды. Осы көрсетілген 110 бас малдан Казсовнаркомның нұсқауына сай 40%, яғни 37 бас мал жаңадан құралған коллективтік шаруашылық «Талды-Мүше-Оралға» беріліп, ал қалған малдың $\frac{3}{4}$, яғни 55 бас мал жеке қожалықтарға тегін бөліп берілді.

Аталған мал шаруашылығы ұжымына 25 шаруашылық енген, оның ішінде: 22 Қосшы серіктері, 3-үй партия мүшесі. Самиевтің мүлкінен 1 саман үй, 2 киіз үй, 2 кілем тәркіленіп, олар Атқару комитеті қарамағына берілді.

3. **Құрманбаев Қайырлы** – Бірінші округтің 10-15 жыл болыс басшысы болған ол да Танашев сияқты 1916 жылы қазақтарды тонаған, оның әлеуметтік қауіптілігі Танашевтан еш кем емес, сондықтан партиядан тыс кедейлердің жалпы жиналысында сөйлегендер Құрманбаевтың мал-мүлкін тәркілеп, өзін Гурьев округінен тыс жерге жер аударуды талап етті. Құрманбаев Қайырлы ұзақ жылдар бойы мінсіз қызметі үшін патша үкіметінен көптеген белгілер мен марапаттар алған, олардың ішінде Романовтар династиясының 300 жылдығы мен 1897 жылғы халық санағына қатысқаны үшін алғандары бар, сондай-ақ обаға қарсы күрестегі белсенділігі үшін де марапат алыпты. Құрманбаев Қайырлының жасы 54-те,

асырауында 15 адам бар. Құрманбаевтың малы мен мүлкін тәркілеу үшін Теңіз аудандық Тағамдар қоғамының төрағасы Шынтөміров жіберілді.

Кедейлердің жалпы жиналысының мәліметі бойынша Құрманбаевтың 1928 жылы 1 қаңтарда 60 бас малы болған, бірақ кәмпеске кезінде 51 бас малы болды, оның ішінде 11 басын Құрманбаевтың өзіне қалдырып, бір түйесі салық төлеуге алынды, қалған 39 бас малы ауданның 14 шаруашылығына: 4 партия мүшесіне, 2 комсомол мүшесіне, 4 қосшы мүшесіне, 4 кедейге пышақ үстінде бөлініп берілді.

Байдың малын бөліске салған кезде ауданның кедейлерінің көңіл күйлері өте көтеріңкі болды, үлес алғандары «Әкелері базардан келгендей» қуанса, ала алмағандары тартып алынған малдар әйтеуір колхозға, ортаға түсетініне сенімді болып, масайрады.

Барлығы аудан бойынша 337 бас мал тәркіленді.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Теңіз ауданы партия ұйымдарының тікелей басшылығымен тәркілеу жөніндегі жұмыстарға алдынала дайындықты, сондай-ақ тәркілеу кампаниясын дер кезінде жүргізудің арқасында алынған малдарды кедей жұртшылыққа дұрыс бөлініп берілді.

2. Тәркілеу кезінде байларға жақ болған бірқатар жауапты қызметкерлер, атап айтқанда Зормата партия ұясының хатшысы Оразбаев, Ботақан ауылының кеңесінің хатшысы Әлекешов, № 14 Госрыбпром кәсіподағының төрағасы Нұғманов жұмыстан алынып, жауапқа тартылды.

3. Тартып алынған малдарды шаруашылықтарды дұрыс өсіру үшін Орталықтың алдына мәселе қойып, әрбір қожалыққа 5000 сомнан қарыз беріп, оны өтеуді 2 жыл мерзімге белгілеу қажет.

4. Жаңадан құрылған мал колхоздары тарап кетпеу үшін Округтік жер басқармасы мамандарын шақыртып, оларға нұсқаулар бергізу қажет.

5. Өткізілген тәркілеу кампаниясы менің пікірімше, кедейлерді орта шаруалармен ынтымақтастыра отырып, байлардың, атқамінерлердің, хандар мен сұлтандардың ұрпақтарын қалың жұртшылықтың арасында Кеңестер саясатына қарсы дұшпандық ниеттерін ашуға үлкен көмегін тигізумен қатар, Советтердің кезекті сайлауына бағытталған жұмыстарына игі ықпал етті.

6. Мен БК(б)П аудандық Комитетінің кейбір мүшелерінің байларға қарсы жүргізілген тәркілеу шарасын дұрыс емес деген пікірлеріне мүлде қарсымын, керісінше қазіргі тап күресі өршіп тұрған уақытта тәркілеу саясатын жекеленген байларға ғана қарсы емес, бүкіл байларға қарсы жүргізу қажет деп санаймын.

7. Кедейлер мен орта шаруалардың жалпы көңіл күйін жақсы деп бағалаймын. Олар Теңіз ауданында жүргізілген байларды тәркілеу кезінде өздерінің ғасырлар бойы қанаушыларына қарсы күреске дайын екендіктерін көрсетті.

Окрисполком өкілі:
Орынтаев.

Міне, 1928 жылы Гурьев округінің Теңіз ауданында байлар мен феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу осылай жүргізілген екен. Бұл мәліметтер Атырау облыстық мұрағатының №3-қорындағы, 4-тізімнен, №1-істен алынды. Істің тақырыбы: «Теңіз ауданындағы ірі байлар мен феодалдарды тәркілеуге дайындық және оның шын мәніндегі жүрісі» деп аталады. Бұл мәліметтер мұрағатта 88 жыл бойы қозғалмай жатты. Оны көтеру, зерттеу бізге неге керек? Быыл біздің еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 27 жыл

толады. Соған байланысты біздің отандастарымыз, әсіресе, жастарымыз өткеніміз қандай болды, кеңестік дәуірде біздің ата-бабаларымыз қалай өмір сүрді, қандай қиыншылықтарды бастарынан өткізді және т.б. мәселелерді білуі қажет. Біздің тарихымыздың ең бір қасиетті кезеңі – байларды тәркілеу және шаруаларды ұжымдастыру болып табылады. Сол кездегі ұр да жық кеңестік саясаттың айқын көрінісін сол кездегі үкіметтің белсендісі, Округисполкомының уәкілі Орынтаевтың жоғарыдағы баяндамасынан көреміз. Бұл баяндамамен мұқият танысу мақсатында, оны орыс тілінен сол күйінде аударып, оқушы назарына ұсынып отырмыз.

Коммунистік идеологиямен мейлінше уланған Орынтаев сияқтылар кедейлерге, батрактарға «Заман сендердікі, байлардың мал-мүлкін тартып алыңдар, ортаға салыңдар» деп үгіттеді.

Кеңестік бюрократтың баяндамасымен мұқият танысқан қазіргі оқырман бейне бір трагикомедия жанрының туындысымен танысқандай әсер алатыны сөзсіз. Өйткені бұнда сол жанрдың барлық белгілері бар. Күні кеше бірге жүрген, бір жердің суын ішкен адамдар бірін-бірі ұстап беріп, ауылдастарының тек бай болғаны үшін олардан безіп қана қоймай, сол адамдардың халыққа жасаған шапағаты мен жақсылықтарын ұмытып, мал-мүлкін тәркілеп қана қоймай, оларды туған жерінен жер аударуға бір кісідей дауыс бергенін қалай түсінуге болады? Теңіз ауданында 10-15 жыл болыс болып, ел басқарған Құрманбаев Қайырлы деген азаматқа тағылған айыптардың арасында ақ патшадан шен мен белгі алған деген айып бар екен. Оның ішінде Құрманбаевқа обаға қарсы күресте сіңірген еңбегі үшін медаль беріліпті. Соны да кеңестік шенеуніктер айыпқа санапты. Сол кездегі жағдайдан хабардар болу үшін Құрманбаевтың Совет үкіметіне жазған арызын оқушы назарына ұсынуды жөн көрдік.

Гурьев округтік кәмпескелеу комиссиясына Гурьев округі Теңіз ауданы Забурун аулының азаматы Құрманбаев Қайырлыдан АРЫЗ

Жергілікті комиссиямен окрисполкомның уәкілі Қазақ үкіметінің үстіміздегі жылғы 28 тамыздағы байлар мен феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу және өздерін жер аудару туралы Декреттің негізінде мені кәмпеселеу туралы шешім шығарды, жергілікті комиссия мен уәкілдің бұл шешімін дұрыс емес деп есептеймін.

Мен қарапайым қазақ жаңұясынан шыққан адаммын, руым – Беріш, оның Есен бөлімі. Ауыл мектебінде оқыдым. Кейін хатшы болып түрлі болыстарда істедім. Кейін әртүрлі әкімшілік қызметтерде болып, учаскелік болыс басқарушысына дейін көтерілдім. Барлығы патша кезінде 17-18 жыл қызметте болдым. Ерекше марапаттар алған емеспін. Тек маған зорлағандай қылып берген Романовтардың 300 жылдығына орай белгімен, обаға қарсы күрес үшін, 1897 жылғы халық санағына қатысқаным үшін берілген 2 медаль, оның несі айып? Патшалық кезеңде мен идеологиялық құлшыныс көрсетіп таптық жағдайға байланысты қызмет еткенім жоқ, ол кезде басқа ешқандай жұмыс болған емес, тамақ асырау үшін ғана еңбек еттім. Мені сауатты адам ретінде қызметке пайдаланды. 1917 жылғы қазан төңкерісін барлық қазақ еңбекшілері сияқты үлкен үмітпен және қуанышпен қарсы алдым. 1919 жылы біздің ауданды ақгвардияшылар басып алып, біздерді патша үкіметінің бұрынғы қызметкерлерін жергілікті халыққа салық салу ісіне зорлап пайдаланғысы келді. Олардың тапсырмасын шарасыз орындай отырып, біз халықтың тауқыметін қалай болса да жеңілдетуге тырыстық.

Ал қызылдар біздің ауданды ақгвардияшылардан азат еткеннен кейін, мен кеңес үкіметінің маған тапсырған барлық жұмысын адал атқаруға тырыстым. 1920 жылы мен үгіт-насихат бөлімін басқаруға сайландым, одан кейін юстиция органдарында, ал 1920 жылдан 1922 жылға дейін халық соты болып істедім. 1923 жылдан қазірге дейін Кеңес үкіметі органдарында адал қызмет еттім. Қазір менің жасым 54-те, жаңұямда 9 жан бар, олардың 3-еуі 14-ке толмағандар, 3-еуі аурулы. Алып бара жатқан мүлкім жоқ, жерүйден басқа, 36 бас малым бар, меншігімде ешқандай жер жоқ. Біздің тұратын жеріміз егіске де, малға да өте қолайсыз. Қарамағымда жалданып жұмыс істейтін ешбір қызметшім жоқ, ешуақытта болған емес. Менің тарапымнан ауылда Кеңестердің саясатына қарсы іс-әрекеттер болған емес, болмайды да. Осы айтылғандарды ескеріп, мені тәркілеу мен жер аударудан босатуыңызды сұраймын. Шындығын айтқанда, менде кәмпескелейтін ештеңе жоқ. Ал, Петропавловск округіне жер аудару менің өліммен тең, себебі жаңұя мүшелерінің жартысы ауру, оның үстіне соншалықты алыс аймаққа көшіп баруға оның қисапсыз шығынын көтеруге біздің экономикалық мүмкіндігіміз көтермейді. Сондықтан мені өзімнің туған жерімде қалдыру мүмкіндігі табылмаған жағдайда, округтің атқару комитеті менің ауыр жағдайымды ескеріп, ең болмағанда бізге жақын көршілес орналасқан орыс аудандарына жер аударса екен деп жалынып сұраймын. Осы арызыма жауапты төмендегі адреске хабарласуыңызды сұраймын.

Гурьев округі Теңіз ауданы Забурун ауылы Қ.Құрманбаевқа.

Бұл азаматқа Гурьев округі басшыларының қалай деп жауап қайтарғаны бізге белгісіз. Егер жүректері тастан жаратылмаса, Қайырлының жанайқайын естіп, дұрыс та әділ шарасын қабылдаған шығар деп ойлаймыз. Атырау архивіне сақталған осы құжат сол кездегі қатыгез заманның жаңғырығындай әсер қалдырады біздерге, ылайым ондай кезең енді қайталанбаса екен деп тілейік.

Осы мақаланың соңын Сервантестің «Тарих – біздің іс-әрекетіміздің қазынасы, өткеннің куәгері, қазіргі кезеңге үлгі және ақыл, болашаққа ескерту» деген сөзімен аяқтағымыз келеді.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены архивные материалы по конфискации баев-феодалов Атырауского края 20-30 гг. XX века.

Archival materials of confiscations of bayev-feudal lords of the Atyrausky region of 20-30 of the XX century are presented in article.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Абылхожин Ж.Б.** Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е гг.). А., 1991.
2. **Алланиязов Т.** О некоторых вопросах методологии и историографии коллективизации в Казахстане. // Мысль – 2002. №5.
3. **Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С.** Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы, - 1997.
4. **Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С., Абылхожин Ж.Б.** Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алматы, -1992.
5. **Кушнер П.И.** Об этнографическом изучении социалистической культуры и быта народов СССР // Советская этнография, 1953, № 1.
6. **Омарбеков Т.** 20-30-шы жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997
7. Атырау облыстық мұрағаты, №3 қор, 4-тізім, №1-іс.

ПОСЛЕДСТВИЯ АГРАРНОЙ ПОЛИТИКИ БОЛЬШЕВИКОВ В КАЗАХСТАНЕ в годы гражданской войны 1918-1920 годов

Бауыржан МУСАЕВ,
кандидат исторических наук, доцент,
Актюбинский региональный государственный
университет им. К.Жубанова

1917 год явился переломным в истории нашей страны. Он начался свержением царского самодержавия и закончился Октябрьским переворотом и началом установления Советской власти в стране. Непримируемость позиций большевиков и их политических противников привело весной 1918 года к развертыванию гражданской войны по всей территории страны. Территория Казахстана также была одной из арен активных боевых действий, что, несомненно, в дальнейшем, отразилось на социально-экономическом положении и состоянии народного хозяйства страны.

Руководствуясь ленинским указанием «...раз дело дошло до войны, вся внутренняя жизнь страны должна быть подчинена войне» [1, с 205] партия и правительство большевиков осуществили перестройку всей жизни страны на военный лад. Перестраивая экономику советских районов Казахстана на военный лад, в целях использования всех имевшихся материальных ресурсов для победы над врагом советские и партийные органы перешли к чрезвычайной экономической политике – «военному коммунизму».

Политика «военного коммунизма» – это совокупность разработанных большевиками и осуществленных ими в годы гражданской войны и военной интервенции, чрезвычайных мер в хозяйственной и политической области. Эта политика как система военно-экономических мер, являлась временной, вынужденной, чрезвычайной, но в то же время необходимой в условиях тогдашней действительности. Она была обусловлена хозяйственной разрухой в стране, экономической блокадой и трудными условиями обороны государства от вооруженной интервенции. **Политика «военного коммунизма» заключалась в осуществлении следующих мероприятий:**

- централизацию руководства всей промышленности в руках Советского государства, мобилизацию промышленности на производство вооружения и всех предметов материального снабжения армии;

- установление хлебной монополии и централизованной системы продовольственного снабжения населения, запрета частной торговли и ведения продразверстки;

- введение обязательной и всеобщей трудовой повинности по принципу «кто не работает, тот не ест».

Не все из перечисленных мероприятий политики военного коммунизма проводились в жизнь в том объеме, как это делалось в центральных районах России. Объясняется это особенностями социально-экономического и политического развития Казахстана в период гражданской войны [1, с 33-34].

Обязательная трудовая повинность, практически, осуществлялась частично и применялась больше

в селах и аулах, расположенных вблизи железных дорог и сухопутных трактов. В селах и аулах велась борьба с экономическим засильем кулака и бая путем изъятия у них земли, пастбищ, сенокосных угодий, инвентаря, скота, фуража, хлеба [2, с. 42].

Усиление гражданской войны привело к резкому сокращению производства хлеба, а для успешной борьбы необходимо было решить продовольственный вопрос. В этих условиях перед партийными и государственными органами Казахстана встала задача – изыскать продовольствие на местах путем мобилизации внутренних резервов. Хлеб, несмотря на неурожай 1917 года, в ряде районов был. Стремясь наладить продовольственное снабжение в стране, обеспечить армию и тыл продовольствием, ВЦИК и СНК РСФСР издали 9 мая 1918 года декрет о введении хлебной монополии и твердых цен на хлеб. Этим декретом было положено начало перехода к политике военного коммунизма в области продовольственного вопроса [2, с. 55-56].

На основе декрета ВЦИК РСФСР о продовольственной диктатуре, предоставившей право народному комиссару продовольствия применять меры к деревенской буржуазии, укрывающей хлеб, ряд Советов Казахстана приняли экстренные постановления о реквизиции излишков хлеба у кулаков [2, с. 60].

Все вопросы, связанные с заготовкой продовольствия и сырья, согласно этому постановлению, сосредоточивались в руках продовольственного комиссариата и его органов на местах. Продкомиссариат устанавливал нормы вывоза сельскохозяйственных продуктов для граждан.

Согласно декрету СНК РСФСР от 11 января 1919 года, все количество хлеба и зернового фуража, необходимое для удовлетворения государственных потребностей, разверстывалось для отчуждения у крестьян производящих губерний [1, с. 27]. На основе заданий губерниям на местах устанавливалась разверстка по уездам, волостям и селениям, а затем между отдельными крестьянскими хозяйствами с учетом посевной площади, урожайности, семенных фондов и запасов фуража для скота. При проведении продразверстки учитывался социальный тип хозяйства. Чем богаче было хозяйство, тем больше оно облагалось продразверсткой, а бедные хозяйства освобождались от этого.

Так, из Семипалатинской, Акмолинской областей и Кустанайского уезда весной 1918 года было отправлено в Петроград и Москву несколько эшелонов хлеба [3, с. 27]. Для проведения заготовок продовольствия в конце 1917 года были организованы продовольственные отряды с целью реквизиции хлебных излишков у кулаков и охраны продовольственных грузов.

В Тургайской области в марте 1919 года была запрещена торговля промышленными товарами

или обмен их на продукты. Всякая продажа хлеба запрещалась. Оплата сдаваемого продорганами зерна производилась по твердым ценам деньгами или промтоварами [6, 28]. Только с августа 1919 года по январю 1920 года в Кустанайском уезде было заготовлено до 6 млн. пудов хлеба, несколько десятков тысяч голов скота, тысячи пудов шерсти. За 1919 год из города Уральска было отправлено в Москву, Иваново-Вознесенск и другие города центральной России 2 117 536 пудов продовольствия. Продразверстка в Казахстане в полной мере стала осуществляться с начала 1920 года, после освобождения от белогвардейцев основных производящих хлеб районов [3, с.59].

То же самое следует сказать и о разверстке на мясо. Мясо заготавливалось путем обложения богатых скотоводов, изъятия излишков у крестьянства методом прогрессивного сбора, реквизицией скота у неплательщиков, введением в скотоводческих районах натуральной повинности и сдачи по твердым ценам, а также в порядке товарообмена и закупки по вольным ценам. Осуществление разверстки на мясо проходило на основе законодательных актов Советского правительства [4, с. 61].

23 марта 1920 года СНК РСФСР принял декрет «Об обязательной поставке скота на мясо». В соответствии с декретом Кирревком установил дифференцированные нормы поставок скота. В связи с тем, что в кочевом и полукочевом скотоводческом хозяйстве необходимый минимум скота середняцкого хозяйства для пропитания семьи и воспроизводства стада составлял 30-40 голов, разверстка на мясо в казахских кочевых и полукочевых хозяйствах должна была осуществляться, начиная с хозяйств, имевших более 40 голов скота в переводе на крупнорогатый скот. В русских и казахских земледельческих хозяйствах поставка скота на мясо начиналась с хозяйств, имевших более 20 голов. В хозяйствах с количеством скота более 100 единиц разверстка увеличивалась на 5% на каждые 50 голов; пределом отчуждения скота по разверстке было 60% поголовья [5, с. 8].

11 июня 1918 г. ВЦИК принял декрет «Об организации и снабжении бедноты», что положило начало появлению организаций беднейшего крестьянства-комбедов [4, с 55]. Комбеды в ходе практической работы в условиях острого продовольственного кризиса и ожесточенного сопротивления кулачества и байства выходили за пределы тех прав, которые диктовались декретом ВЦИК. Иногда они пытались сосредоточить в своих руках административно-политическую власть и руководить жизнью села, аула и даже волости. Отдельные бедняцкие организации, минуя Советы и их финансовые органы, по своему усмотрению устанавливали разного рода налоги и контрибуции, которые собирали в свою казну. Имели место и факты подмены комбедами деятельности продовольственных органов [3, с. 75-76]. Таким образом, в деревне Казахстана существовало двоевластие, что приводило к нарушению единой организации Советской власти в стране.

Следует помнить, что метод обязательной государственной разверстки нарушил привычные для крестьян экономические связи города с деревней через рынок, методом купли-продажи. Политика военного коммунизма не допускала свободной частной торговли. Для крестьянства только что освобожденных районов Казахстана от белогвардейцев все это было новым и не укладывалось

в его частнособственническом сознании. В основу осуществления продразверстки был положен ленинский принцип: «С бедных крестьян – ничего, с середняков – умеренно, с богатых – много» [1, с131]. Борьба за хлеб была проблемой не только экономической, но и политической – это была борьба за укрепление власти большевиков в стране. Для осуществления этой политики требовалось колоссальные усилия, так как продовольствие нужно было брать иногда в долг, то есть фактически бесплатно. Как правило, все продовольствие в годы гражданской войны отправлялось в центральные районы России, в Москву, Петроград, в промышленные центры и на содержание армии.

Колоссальный ущерб был нанесен народному хозяйству Казахстана во время гражданской войны. Больше всего пострадало скотоводство, тяжелым было состояние земледелия. Поголовье скота в 1920 году к уровню 1913 года составило 54,5%, посевные площади – 78,4%. Еще больше сократился валовый сбор зерна, составив в 1920 году всего лишь 26,0% к уровню 1913 года. Особенно сильно пострадали посевные площади и поголовье скота в тех областях, где происходили длительные бои. В Уральской губернии посевная площадь в 1920 году сократилась на 70%, поголовье скота уменьшилось почти на 70%. В 1920 году на территории Казахстана в административных границах 20-х годов 454,8 тыс. казахских хозяйств имели 552,7 тыс. гектаров посевов. Тогда как в 1916 году казахское население Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской и Уральской губерний, засеивало 671 тыс. десятин (1 десятина равна 1,1 га). Наряду с общим количественным сокращением скота изменился и состав стада. Значительно вырос удельный вес крупного рогатого скота и свиней, а удельный вес овец и коз намного снизился. Резко снизилась обеспеченность хозяйств скотом: если в 1913 году на одно хозяйство в среднем приходилось 22 головы всякого скота, то в 1920 году – 15,4, а в Западном Казахстане - 11,6 головы [6, с. 32].

Гражданская война, фуражный кризис, падеж скота катастрофически сократили гужевой транспорт, что резко снизило его грузоперевозки. Отсутствие транспорта грозило уничтожением огромных запасов сельскохозяйственного сырья и продовольствия на складах, что отрицательно сказалось на снабжении населения продовольствием, а промышленность сырьем. Так, например, количество лошадей в 1920 году по сравнению с 1916 года сократилось по Казахстану на 57,5%, а верблюдов – на 80% [6, 33].

Гражданская война нанесла огромный ущерб по железной дороге. Только на Оренбургско-Ташкентской железной дороге было разрушено свыше 550 км.железнодорожного полотна и 172 моста. Наибольший ущерб был нанесен участку дороги Оренбург-Аральское море, где было разрушено и сожжено 18 железнодорожных станций и вся инфраструктура. Только по Оренбургско-Ташкентской железной дороге убытки составили более 2 млрд. рублей. Значительными были разрушения на Покровско-Уральском и Урбах-Александрово-Гайском участках Рязано-Уральской железной дороги, на линии Омск-Петропавловск Омской железной дороги только на участке Омск-Петропавловск было уничтожено 36 железнодорожных мостов. На линии Уральск-Покровск было подорвано 75 мостов. Десятки километров железнодорожного полотна были уничтожены, сотни

паровозов и вагонов вышли из строя [4, с. 168-169].

Таким образом, большая часть Казахстана была отрезана от остальной территории РСФСР и Туркестана, что блокировало поставки продовольствия и сельскохозяйственного сырья, обрекая людей на голод. В результате кочевые и полукочевые районы Казахстана, где жили в основном казахи, оказались в полной изоляции от остального мира.

В ходе гражданской войны была уничтожена вся медицинская и ветеринарная сеть обслуживания. Многие специалисты к 1921 году переехали в благополучные районы РСФСР. Казахи-кочевники, заброшенные в далекой степи, были оставлены без всякой медицинской помощи, и в случае острой необходимости им никто не мог оказать первую медицинскую помощь. К 1921 году на 1 койку приходилось 438 человек [5, с. 5].

Если взять число коек на каждые 10 000 населения, то разница будет такова: в 1913 году на 10 000 жителей приходилось 4,4 койки, а в 1921 году - 23. Но это расширение носило односторонний характер: медицинской помощью обслуживались не все население Казахстана, а преимущественно губернские города и уездные центры. Из 9 227 коек половина - 4 681- приходилось на 8 губернских городов. В среднем по 585 коек на каждый город, и столько же приходилось на всю остальную территорию КазАССР, что давало всего по 120 коек на каждые из 38 уездов.

В губернских городах число коек было - 1 койка на 55 человек, но в некоторых городах, таких как Кустанай, Акмолинск, Урда, приходилась в среднем одна койка на 32 человека. Совершенно иную картину дают уезды: там уже 830 человек на 1 койку, то есть на каждые 10 000 человек приходилось в среднем не 183, а 12 коек. В Кустанае, например, 1 койка приходилась на 35 человек, а в уездах Кустанайской губернии 1 койка на 19 человек, а в Букеевских степях 1 койка на 624 человека. Лучше, чем в других губерниях обстоит дело в Оренбургской губернии, где из 36 больниц с 1 000 койками на долю уездных городов приходилось 8 больниц с 265 койками, а на сельские местности 28 больниц с 735 койками. В других губерниях положение было значительно хуже. В Уральской губернии в уездных городах Илеке, Гурьеве, Калмыкове и Джамбейте было сосредоточено 12 больниц из 20, насчитывающих 325 коек из 400. Сельское население обслуживалось фельдшерскими пунктами, располагающими 132 койками, но в общей сложности это давало только 207 коек из 532. В Акмолинской губернии в уездных городах: Акмолинске, Кокчетаве и Атбасаре находилось 10 больниц из 15, представленных для всех уездов губернии, с общим числом коек 665 из 820, т.е. 81%. Остальная часть населения вынуждена была пользоваться лишь 5-ю больницами и фельдшерскими пунктами, что давало вместе 864 койки или 56,5%. В Актюбинской губернии положение было еще хуже: из 8 больниц с 245 койками сельскому населению было отведено лишь 2 больницы с 25 койками или 10% общего числа, тогда как остальные 6 больниц с 220 койками расположены были в уездных городах и крупных населенных пунктах. Как оказывалась медицинская помощь в других отдаленных местах Казахстана становится понятным из нижеследующих примеров. Так, в Челкарском уезде Актюбинской губернии на пространстве 56 000 кв. верст не было ни одной койки, и медицинская помощь оказывалась только одной амбулаторией. Но даже там, где население

обслуживалось уездным городом, о размере и доступности этой помощи можно судить по тому, что одна скромная уездная больница на 10-15 коек приходилась на такие, например, пространства: в Иргизском уезде Актюбинской губернии - на 48 000 кв. верст, в Темирском уезде Актюбинской губернии - на 52 000 кв. верст, в Тургайском уезде Костанайской губернии - на 147 000 кв. верст, на Каркаралинском уезде Семипалатинской губернии - на 181 000 кв.верст, и в Адаевском уезде 1 больница в 30 коек приходилась на территорию в 274 000 кв.верст. Увеличение лечебной сети пошло на обслуживание губернских центров и, во вторую очередь, уездных городов и мало коснулось сельского населения, большинство которого составили казахи. Медицинская сеть обслуживания захватила северные части КазАССР, населенные, в основном, европейцами, а кочевые районы обслуживались так: 1 больница на 180 000-274 000 кв.верст. На каждый из 140 врачебных участков в КазАССР приходилось в среднем 13 742 кв.верст и 27 000 жителей, но значительная часть участков, по-видимому, только числилась в списках, а фактически никакой работы не велось: 27 врачебных участков или 20% были в бездействии. А из работающих только 23% или 32% обслуживались врачебным персоналом. Все остальные врачебные пункты были превращены в фельдшерские пункты [6, с. 107-108].

Таким образом, после гражданской войны производительные силы Казахстана находились в катастрофическом положении. В начале 20-х годов преобладали военно-административные методы управления народным хозяйством, сельское хозяйство Казахстана находилось в состоянии сильного упадка. В годы гражданской войны была разрушена вся социально-экономическая инфраструктура. Экономика носила натурально-распределительный характер, из-за чего остро ощущался продовольственный дефицит в стране.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғапырлар тереңінен тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған қазақ», – деп атап өтті [1]. Сондықтан да отандық тарихтың маңызды міндеті – оқушылардың бойында Қазақ мемлекеттілігі тарихына деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады. Осы маңызды міндетті жүзеге асыруда тарихи деректермен жұмыс қазіргі Қазақстан тарихының маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр. Әсіресе, бүгінгі күні Қазақстанда қазақ халқының өз тарихына деген қызығушылығының артып келе жатқан жағдайында тарихтың негізін құрайтын тарихи деректер ерекше маңызға ие болып отыр. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы [2] қазақ мемлекеттілігінің тарихын зерттеуде маңызы зор шетелдік қорлардан бірегей жәдігерлер мен архивтік құжаттар қазақ дерекнамасы мен тарихи-мағлұматтар базасын толықтырды.

Тарихи деректерді сыныптауға байланысты әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, олардың пайда болу тегіне, сыртқы ерекшеліктеріне, хронологиялық мерзіміне, жазылу тіліне, саяси бағытына байланысты бөлінетіндігін зерделей келе, **қазақ тарихына қатысты тарихи деректерді, отандық тарихшылар шартты түрде 7 түрге бөліп қарастырады:**

- Археологиялық деректер.
- Жазба деректер.
- Фольклорлық деректер және ауыз әдебиеті.
- Жылнамалар.
- Мерзімді басылымдар.
- Шежіре.
- Заң актілері [3].

Сонымен қатар тарихи деректермен жұмыс тарихи әртүрлі деректермен жұмыс жасауды қажет етеді. Деректерді тиімді түрде қолдану «көзге көрінетін ақпарат» шегінен шығуды және сәйкесінше қорытынды шығаруды көздейді. Оқушылар негізгі қорытындыларды қолдау үшін деректерді олардың контекстінде аудиториясы мен міндеттері аясында бағалайды және деректермен жұмыс жасауда: қорытындылар шығару, пайдалылығын анықтау, дереккөздерді бағалау өте маңызды. «Көзге көрінетін ақпаратпен» салыстыру нәтижесіндегі жасалатын

қорытындыларға мысал келтірейік. Айталық, 10-сыныпқа «Дүние жүзілік соғыс» сурет дерек көзі бойынша «көзге көрінетін ақпарат», деректің айқын ақпараты ретінде зеңбірек, противогаз, окоптардың болғанын біледі. Сол ақпарат арқылы қорытындылар: тереңірек оқу арқылы талдау. Нені көздейді? Сұрағына жауап береді. Оқушылар соғыста газ қолданғаны, жаңа қаруды қолданғаны, көп адамның қайтыс болғаны туралы қорытынды жасайды.

«Көзге көрінетін ақпаратпен» салыстыру нәтижесіндегі жасалынатын қорытындылар
(Дүниежүзілік соғыс)

«Көзге көрінетін ақпарат»: Деректің айқын ақпараты

Қорытындылар: Тереңірек оқу арқылы талдау. Нені көздейді?

Оқушылар соғыс барысында адамдар газды қолданды деп айта алады. Ал одан қорғану қарапайым түрде масканы кино болды. Газдың қолдануы жаңа қарудың пайда болуын білдіреді деп қорытынды жасай алады.

Оқушылар көп адамдардың қайтыс болуы туралы болжам жасай алады. Өйткені пулеметтер өте тез атыпты. Оған қоса алу жаңа түрдегі сол кезде үлкен қажеттілікте болғанын болжай алады.

Оқушылар майдандағы жағдайдың мүшкіл болғандығы туралы айта алады. Окоптардың да нашар салынғандығы, сол оқ салдарынан қорғаныстың әлсіз болғандығын тұжырымдайды.

«Көзге көрінетін ақпаратпен» салыстыру нәтижесіндегі жасалынатын қорытындылар
(Дүниежүзілік соғыс)

«Көзге көрінетін ақпарат»: Деректің айқын ақпараты

Қорытындылар: Тереңірек оқу арқылы талдау. Нені көздейді?

Әскерилер маска киетін болған

Пулеметтер қолданылды

Олар окоптарда соғыс жүргізді

Деректің пайдалылығын анықтау дегеніміз – кез келген деректің белгілі бір оқиғаға түсіндірме беру үшін қаншалықты септігін тигізетін туралы ойлану. Қаншалықты маңызды екенін анықтау керек. Деректі тексеру кезінде: Бұл қандай дерек түріне жатады? Ол бізге қандай ақпарат береді? Қалай және неліктен бұл дерек пайда болды? Нені баяндайды немесе айқын не жасырын түрде көрсетуде? Стилі? Интонациясы? Ақпараттың контексті түсіндірмеге қалайша әсер етті? Қандай қорытындылар шынайылыққа жақын? Ал қайсысы ойдан шығарылған? Интерпретация мен қолжетімді ақпараттар арасында қандай байланыс бар? Деректің мақсаты не болды (және қандай аудиторияға бағытталды)? Мысалдар:

«Сендіру», «Ақпараттандыру», «Есте сақтау үшін», «Ағарту үшін», «Қорғау» сұрақтарын қою арқылы жүзеге асырылады. Көбінесе Қазақстан тарихы сабақтарында тарихи деректерді аналитикалық талдау парақтарымен жұмыс, дереккөзбен сатылап сұрақ қою арқылы жұмыс жасаймыз.

Тарихи деректермен жұмыс жасауда берілген тапсырмалар оның қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады.

1. Тарихи оқиғалар және оған қатысушылар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей;

2. Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға сұрыптау, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын жаңғыртушы деңгей;

3. Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей [4].

Тарихи деректерді тарихи білім беруде қолдану бірқатар міндеттерді шешуге септігін тигізеді:

-Салыстырмалы толық, әрі терең тарихи білімнің қалыптасуына;

-Тарихи білімді нақтылап, тереңдетуге;

-Теориялық ойлар мен ережелер дәлелділігінің қамтамасыз етілуіне;

-Білім алушының ақыл-ойының дамуына;

-Қарастырылып отырған мәселені бейнелер арқылы зерттеуге;

-Білім алушының тақырып жайлы нақты, әрі дұрыс шешім қабылдауына;

-Білім алушының танымдық мүмкіндіктерінің артып, тарихи деректі сыни көзбен бағалау әрекетінің қалыптасуына;

Суретті, артефакты, жазбаша деректі, дыбыстық жазбаны, т.б. деректерді талдауға арналған аналитикалық парақтарда оқушылар бірнеше сұрақтарға жауап беру арқылы деректерді талдайды. Мысалы: жазбаша құжатты талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағында ұсынылған құжаттың түрін анықтаңыз деген сұрақтан басталады.

-Автор баяндаған мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені тізіп жазыңыз.

-Бұл құжат неге жазылған деп ойлайсыз?

-Құжаттың неліктен жазылғанын білдіретін қандай дәлелдер бар?

-Құжаттан дәйексөздер (цитаталар) келтіріңіз.

-Бұл құжатты талдай отырып оның жазылған кезеңінің екі ерекшелігін анықтаңыз.

-Құжатқа қатысты жауапсыз қалған сұрағыңызды авторға жазыңыз деген сұрақтар арқылы оқушылар жазбаша деректерге талдау жасайды.

Көбінесе сабақтарда сатылап сұрақ қою арқылы деректерді талдау жүргізіледі. Мысалы: Суй



кітабы (84-бума, 49-баян). Солтүстік Ди. Түркілер туралы (Тужие).

А. Түріктің арғы атасы аралас хулардан еді. Оны ашына деп атаған. Кейін Вей патшалығының Тай-ву патшасы Жүйчүйді талқандағаннан соң, ашына 500 үйлі жанды ертіп, Жужөндарға қашып барып, Алтын тауды мекендеді де, сонда темір өндірумен айналысты. Алтын таудың түрі дулығаға ұқсайтын. Дулығаны әдетте «тужию» деп атайды. Осы «тужию» кейін халықтық атауға айналады.

А. Деректі тарихи контекст шеңберіне салып көріңіз.

-Берілген деректі кім жазуы мүмкін?

-Бұл дерек қайда және қашан жазылған?

-Неліктен жазылды?

-Қандай аудитория үшін жазылды? Бұл аудитория жайлы сіздер не білесіздер?

В. Түріктің әуелдегі мемлекеті Сихәйдің жоғары жағында болған. Кейін оны көршілес мемлекет талқандайды. Адамдардың кәрі-жасына, еркек-әйеліне қарамай, бәрін өлтіреді. Бірақ, бір баланы өлтіруге қымай, оның аяқ-қолын кесіп, үлкен саз жерге тастайды. Бір қаншық қасқыр әр жолы оның жатқан жеріне ет тістеп әкеп беріп жүреді. Бала осы етті жеп, өлмей аман қалады.

В. Деректі топтастырыңыз.

1. Берілген мәліметтер деректің қай түріне жатады?

2. Деректің мақсаты неде?

4. С мәтіндегі ақпарат бойынша Бумын өз билігін қалайша күшейтті?

5. Неліктен Анағұй Бумынның қызын әйелдікке беруін сұрағанына ашуланды?

6. D мәтінде суреттелген түркілерге сай екі негізгі ерекшелікті анықтап атаңыз.

7. «... құрбандыққа жылқы мен қой шалады. ... өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін оның денесімен бірге өртейді де, күлін жинап алып, жылдың белгілі бір мезгілінде жерге көмеді немесе өртемей жерге бірге көмеді». Мәтіннің бұл үзіндісін қалайша дәлелдеуге болады? Қандай археологиялық олжалар бұған куә?

8. A, B, C, D мәтіндерін біріктіретін не?

9. B мәтіндегі ақпарат қаншалықты шындыққа жақын деп ойлайсыз?

С. Бумынның кезінде тайпалары біраз күшейе бастап, шекараға келіп, мақта және жібек маталарын сатып алып, Орталық мемлекетпен қарым-қатынас жасай бастайды.

536 ж. Бумын да тарту-таралғымен өз елшісін жібереді. Осы кезде телілер жу-жуларға бастап, оларға орта жолда бүйірден тиісіп, талқанын шығарады. Сөйтіп 50 түтіндік бүкіл елді бағындырады. Адамының көбейіп, қуатының артқанына сенген Бумын жу-жудың билеушісінің қызын әйелдікке беруін сұрайды. Бұған шектен шыға ашуланған Анағұй Бумынға кемсіте сөгіп, балағаттаған жауаппен арнайы адам жібереді: «Сен менің темірші құлымсың, осылай істеуге қалай батылың барады?». Бумын да сондай ашуланып, жіберген адамын өлтіріп тастайды.

Вей Фи-ди билігінің бірінші жылының бірінші айында Бумын жу-жуға әскерін жіберіп, Хуэй-хуаңның терістігінде олардың тас-талқанын шығарады. Анағұй өзін-өзі өлтіреді де, оның баласы Ийнлочын Чи мемлекетіне қашып барады.

С. Деректі түсіну.

1. Деректе қандай кілт сөздер бар және олар қандай мағынаны білдіреді?

2. Автор қандай ой-пікірді білдіргісі келеді? Деректегі ақпаратты жинақтап, тұжырымдаңыз.

3. Автор өзінің жазғанына қандай дәлелдер мен дәйектер келтіреді?

4. Дәйектің негізінде қандай жорамалдар жасауға болады?

5. Деректегі ақпараттың құндылығы неде?

6. Қандай мәселеге қатысты жазылды? Бұл мәселені белгілі бір тарихи жағдаймен байланыстыра аласыздар ма?

D. Шаштарын жайып жібереді, сол жақ етегің жоғары қайырып жүреді. Киіз үйлерде тұрады. Судың тұнығын, шөптің шұрайлысын қуып, көшіп отырады. Мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысады. Ет жеп, қымыз ішеді. Теріден және жүннен тоқылған киім киеді. Қару-жарақтан оларда бары: ысырма жебелі садақ, сауыт, найза, қылыш және семсер, соңғы екеуін бойларынан тастамай сән үшін асып жүреді. Туында бөрінің алтын басы бар. Шауып келе жатып ат үстінен садақ тартуға шебер. Тумысынан жауыз, аяушылықты білмейді.

Олардың қылмыстық заңдары бойынша бүлікшілік, опасыздық, кісі өлтіру, ат ұрлау – өлім жазасымен жазаланады. Өлген адамның денесі киіз үйге жайғастырылады. Балалары, немерелері және туысқандары жиналып, құрбандыққа жылқы мен қой шалады. Содан кейін белгіленген күні өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін оның денесімен бірге өртейді де, күлін жинап алып, жылдың белгілі бір мезгілінде жерге көмеді немесе өртемей жерге бірге көмеді.

D. Тарихи ақпараттың дерегі ретінде бағалаңыз.

1. Берілген кезең үшін бұл дерек қаншалықты тән болды?

2. Берілген кезеңге сай деректегі мәселелер, жорамалдар, идеялар мен құндылықтары ұқсас ақпаратты қамтитын өзге деректер бар ма?

3. Өзіңіздің қорытындыларыңызды негіздейтін басқа да дәйектер келтіре аласыз ба?

4. А, В, С, D мәтіндерін негізге ала отырып, өзіндік интерпретация арқылы оқиға желісі бар мазмұндаманы жазыңыз! Осы сияқты сатылай сұрақтар қойып, әр деректі талдау арқылы жұмыс жасалады. Бұл ұсынылған деректер НЗМ бағдарламалар орталығының өткізген семинарының материалынан алынып отыр.

НЗМ «Қазақстан тарихы» пәнінің кіріктірілген білім беру бағдарламасында:

- әртүрлі деректердегі мәліметтерді талдау, жүйелеу;


- өткенді куәландыратын деректерге сыни тұрғыдан баға беру;

- қазіргі қоғамдық құбылыстардың мәнін ұғыну үшін тарихи білімін қолдану;

- қазіргі кездегі ақпарат деректерінің негізінде дәйекті қорытынды шығару;

- тарихи үдерістердің өзгерісін түсіну басты назарға алынған.

Әр сынып сайын бұл дағдылар дамытылып отырады [7].



Осындай бағытта деректермен жұмыс жасау – басты мақсатымыз. Қорыта айтқанда, тарихи деректермен жұмысты оқу үдерісіне қолдануға қатысты іс тәжірибемізден ой бөлісуге тырыстық. Тарихи деректерді оқу үдерісіне енгізу арқылы халықтың тұнып тұрған асыл мұрасына айналған археологиялық, этнографиялық және тарихи жазба деректерді болашақта өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қолдану, қоғам мен отбасында ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз ұлты мен мемлекетін қорғайтын, ұлттық тарихи санамен қаруланған тұлғаларды тәрбиелеп шығару септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, 14-желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысы.

3. **Атабаев Қ.М.** Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: оқу құралы. Алматы: Қаз ун-ті, 2002. – 302 б.

4. **Алдабергенова М.К.** Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Түркістан, 2016.

5. **Еңсепов Қ.** Деректанудағы тарихи факті ұғымы. Дерек: <http://e-history.kz/kz/contents/view/2132> © e-history.kz history.kz

6. **Медеев Т.** Тарихи дерек негізінде мұрағат құжаттарын пайдалану бағыттары Дерек: <http://e-history.kz/kz/contents/view/1522> © e-history.kzhistory.kz

7. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҒ Білім беру бағдарламасы –NIS-Program Қазақстан тарихы, Негізгі мектепке (7-10-сынып) арналған оқу бағдарламасы.

Астана қаласы.

ЖАҢА ОҚУЛЫҚ – ЖАҢА БЕЛЕС

Қуаныш МАКТИЕВ,
тарих және қоғамтану пәні мұғалімі

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей, күнін түнге, түнін күнге жалғастырып жүрген ұстаздар қауымына жаңа ғасырдың, жаңа заманның қояр талабы түбірімен өзгерді. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің санатына сенімді түрде ену үшін мектебіміздегі шәкірттерімізге заман талабына, ғасыр сұранысына сай білім беру, тәрбие беру мәселесі күн тәртібінен басты орын алды. Білім берудің жаңартылған бағдарламасымен мемлекеттік деңгейде басталған ұлы істің басы-қасында жүріп, өз үлестерін қосуға мүмкіндік алған аға буын ұстаздар сапында өз басым бұл лекке бар ықыласыммен қосылдым.

2014 жылы Кембридж университеті бағдарламасымен үшінші деңгейлік курсты тәмамдап, одан оқып-үйренген әдіс-тәсілдермен оқушыларға дәріс беріп келдім. Ал, 2017 жылы 5,7-сыныптарды білім берудің жаңартылған бағдарламасы бойынша оқыту мақсатымен ұйымдастырылған екі апталық курстан да өттім. Қысқасы, оқу мен оқытуды жаңа әдіс-тәсілдерімен жүзеге асыруға жол көрсеткен теориялық ілімнің негізімен білімімді көтерген мұғаліммін. Ағылған ақпараттар тасқыны астында қалған бүгінгі ұрпақты жаңа әдіс, жаңа тәсілмен оқытып, білім бермесен, жақсы нәтижеге қол жеткізуді ойыңа да алма. Бесіктен белі шықпай жатып-ақ, кімнің кім, ненің не екенін саған келмей тұрып-ақ біліп алған шәкірт үшін, сенің ескіден келе жатқан жаттанды амалың мен әдісіңнің құны көк тиын. Жаңа амал мен әдіс, жаңа құрал мен дәріс қажет. Сол жаңа құралдың бірі әрі бірегейі – оқулық, пән оқулығы.

Менің көпшілік назарына ұсынып, көкейдегі ойымды бөлісуіме себеп болған басты мәселе – осы оқулық. Ең біріншісі – меніңше, бұл сөзіме еліміздегі барлық тарихшылар қосылатын сияқты, тарих оқулығының жиі өзгеретіні. Қазақстан тарихы болсын, Дүние жүзі тарихы болсын жаңа шыққан оқулықпен екі-үш жыл мөлшерінде ғана жұмыс істейсің де, келесі жаңа шыққан оқулыққа тағы да көшесің. Онымен жұмыс істеп енді ғана қалыптаса бастаған кезде, тағы да жаңа оқулық, сөйтіп бас-аяқсыз эксперименттер жалғасып келеді. Бұл арада мен өмір бойы өзгермейтін қазақ тілі, математика, физика, химия сияқты пәндердің мұғалімдеріне қызыға да, қызғана да қараймын. Ол пәндердің иелерін түн ұйқысынан тұрғызып алып, пәніне байланысты қандай сұрақ қойсаң да іркілмей нақты әрі сенімді жауап береді. Ал біз ше, біз соңғы оқулықта қалай жазылып еді, не жазылып еді деп бас қатырып жатқанымыз. Тіпті жауап берсек те, жауабымыз дұрыс па, жоқ па, еқұшты, дүдәмал күйде қалатынымыз ақиқат. Өйткені кез келген мейлі дата, мейлі тарихи факт болсын әр жылы шыққан оқулықта әр түрлі беріледі де, нақты мынау деген жауапқа табан тірей алмай қор боламыз. Алпыстан ассақ та, көңіліміз әлі де баяғыдағыдай, әлі де жаспыз, қартайғамыз жоқ деп қанша кеуде соққанмен, ағзаның табиғаты бөлек қой, сені бәрібір өз дегеніне көндіреді. Жаратылысымызда алпыс жастан ары қарай ұмытшақтық деген кесел жабысатынын бәріміз де білеміз, ғылыми түрде айтсақ

склероз, ми қабаттарының жұмысында жас келгенде пайда болатын ақау ғой, оқыған дүниелерімізді еске сақтау жағынан олқы түсіп жатамыз, кейде оқулықтағы өтілетін материалдармен оқушылар алдында сөз сөйлеп кетсең, олар ағай, кітапта басқаша жазылған ғой деп шу ете түседі. «Ааа» деп сасқаныңнан мына кітапқа қарасаң рас, ана кітапта басқаша жазылған, содан амалсыз мына кітапқа қарап сөйлейсің, ал кітапқа қарап сөйлеген мұғалімнің оқушы алдында қандай беделі болмақ?! Оқулық жазып, оны жарыққа шығаратын киелі істің тұтқасын ұстаған ағайындарға айтатын осы базынамызға, мұны мен еліміздегі барлық замандастарым мен құрдастарымның базынасы десем қателеспеспін, құлақ асылар, түбі шыт жаңа қып қайта-қайта кітап шығара беруді тоқтатар деуден үміт үзбеймін.

Білім берудің жаңартылған бағдарламасы еліміздегі барлық мектептерге енгізіліп, қолға алынғаннан кейін 5-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығы 2017 жылы жарық көріпті. Бұл да көп ұзамай-ақ қайта шығарылатын шығар. 2017 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасы тұсауын кескен, авторлары – Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Ноғайбаева сынды қандастарымыз болып келетін бұл оқулықтың тілі тым жұтаң, мазмұны өсіре ресми. Бұл кітапқа оқушыларды қойып ата-аналардың өздері де риза емес. Кітаптың көркемдік безендірілуі мен жазылу үлгісі көңілдегідей десек те, әуелі тақырыптардың мазмұны, одан соң кітаптың формасы немесе қалыбы бір түрлі оғаштау екенін айтпақпын. Біздер, пән мұғалімдері, пән оқулығын пайдалана отырып, оқушымен қоян-қолтық жұмыс істейміз, яғни, тікелей өндірісте еңбек етеміз. Сондықтан да, пән оқулығының кемшілігі мен жетістігін өз көзімізбен көріп, қолымызбен ұстаймыз, жақсы және жаман жағын айырамыз, қорытынды шығарамыз, тұжырым жасаймыз. Оқушы кезімізден мектеп қабырғасында жүріп, тарих оқулығын жата-жастана өскен біздің ұрпақ үшін қазіргі оқулықтың олқылығы тайға таңба басқандай көрініп тұр. Біздер, іс үстіндегі қарапайым мектеп мұғалімдері, тіпті ғалым болмай-ақ қояйық, оқулық жайлы нақты пікір, шынайы сын айта алатындай қауқарымыз бар.

Оқулықтың ең басты кемшілігі – тарихи әңгімелердің жоқтығы, ал бұл бастауыштан енді ғана 5-сыныпқа келетін оқушы үшін орны толмас олқылық. Бұл біздің ұлттық менталитетімізге қайшы келетін кемшілік, өйткені атам қазақ он үшке дейінгі баласына қандай да болмасын өнеге мен өсиетті, тәрбие мен тәлімді ертегі мен әңгіме арқылы дарытқан, үйреткен. Ал он үштен кейінгі балаға оларын қаз-қалпында беретін. Он үште отау иесі деп, үкілеп өсірген баласына зор сеніммен қарайтын, сөз ұғады деп санайтын халық даналығы даусыз дүние ғой, оған кім шәк келтірмек. Отау иесі болатын жасқа жетпеген балаға қасаң тілмен, сараң айтылған өнеге де, өсиет те дарымайтынын, тәрбие де, тәлім де қонбайтынын, ата-бабамыз ежелден білген. Сол себепті де, бала үшін әңгіме мен ертегі айта отырып оған тәлім мен тәрбие беретін, санасына өнеге мен

өсиет сіңіретін ата мен әженің орны бөлек болатынын аңғарсақ екен, әке мен шешенің күнделікті тірліктен қолы босамай, баласына да қарауға мұршасы болмай қалатын кездері басым болатындықтан, баланы көбінесе атасы немесе әжесі қарауына алатын, қамқор болатын. Өткен ғасырлардағы қазақтың үш алыбы – Абай, Шоқан, Ыбырайлардың атасы мен әжесінің тәрбиесінде өскенін еске алсақ та болады. Балаға баланың түсінігі мен тіліне сай етіліп айтылған аңыз-өңгімелер мен ертегілер, шежірелер қатты әсер ететінін неге білмеске?! Бала сол естіген ертегілері мен аңыз-өңгімелерін ғұмыр бойы ұмытпай, одан өз ой-өрісіне сай сабақ алып, жақсысын ойға тоқып, жаманынан жиіркеніп өсетінін көріп жүрміз. Менің өзім де көз ашқаннан атамның бауырында өстім, бұл күндері азын-аулақ ақындығым болса, сөз өнеріне бейімім болса, сол кісінің тигізген ықпалы мен еткен әсері дер едім. Өйткені ол кісі елге танылған суырып салма, айтыскер ақын болған адам, әрі дауысы да тамаша әнші еді.

Ақыл-ойдың алыбы – абыз Абайдың кейінгі ұрпаққа өшпестей мұра болып қалған қара сөздерінің отыз сегізінші санында былай делінген: «... ғылым-білімді әуелі бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе, өзі ізденгендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады...». Бесінші сыныпта оқытылатын тарих пәні сынып оқушылары үшін жаңа пән, бейтаныс сабақ екендігін ескеріп, оқушыны жаңа пәнге, бейтаныс сабаққа ақырындап, біртіндеп үйрету керек екендігіне Абай атамның осы бір нақылын ғибрат етсем дұрыс болар. Ал, бұл үдерісті қандай жолмен жүзеге асыруға болады дегенге келсек – тарихи әңгімелерге арқа сүйеу туралы айтар едім. Қазақстан тарихы оқулығының (5-сынып) 25-параграфінде көшпелілердің ежелгі замандардағы дәстүрлерінің бірі жылқыны қастерлеу болды деген, жылқыға байланысты жолдар бар. Тақтаға шыққан оқушы бұл сөзді айта алады, бірақ жылқыны неге қастерледі деген сұраққа жауап бере алмай қиналады, ата-ана қатысып отырған сабақта бала ақыры жылқыны неге қастерледі деген сұраққа жауап таба алмады. Өткен сабақтардың мазмұнына үңіле отырып, жылқы туралы Сақтар тарауында жазылған материалды да тауып алдық, оны да оқып шықтық, дегенмен жылқыны неге қастерлегені туралы 5-сынып оқушысының түсінігіне лайық ойды кездестіре алмадық. Жылқы туралы оқулық беттеріндегі қатып қалған қасаң тілмен жазылған ресми мәліметтерден гөрі балаға жылқы туралы бір қызық тарихи оқиғаны он шақты сөйлемнен тұратын шағын ғана әңгіме ретінде ұсынсақ, ұтпасақ, ұтылмайтын едік. Көзімізді малмен ашқан біздің замандастарға жылқыны неге қастерледі деген сұрақ өте күлкілі көрінер, өйткені жылқы біздің жырымыз болды ғой, құлын күнінен еншілеп алып, бауыр басқан бәсіре атымыз, жанымыздың бір бөлшегі болған. Алда-жалда ол атты әкеміз не сойып тастаса, не біреуге берсе, не қасқыр жеп кетсе қатты қайғыратынбыз. Ал бүгінгі бала, оқушы болса, тек осындай әңгіме арқылы ғана өзінің таным көкжиегін кеңейте алады, тілін дамытады, ең бастысы – білім алады. Ал жылқы туралы ана жазылған жолдар ше, баланың ойында да тұрмайды, санасына да кірмейді, бейнелеп айтсақ ішінде түгі жоқ құрғақ қасық сияқты, құрғақ қасық ауызды жыртып ма?! Сақтар тарауы бойынша 38, 40-параграфтарда Томирис ханшайым мен сақ жауынгері – Шырақ туралы баяндалған, тағы да сол құрғақ қасық стилі. Ана бір жылдардағы тарих оқулығында жақсы еді, онда Томирисің Кир патшаның басын кесіп алып, қан толған ыдысқа салып тұрып айтқан сөзін келтірген, әсерлі,

қызықты, баланың зейініне қонады, сол фрагментті неге қайталамасқа, заман қанша алға жылжыды дегенмен, бала бала күйінде қалады ғой. Кейін өсе келе өзгерсе өзгертін шығар, ал біз білсек, ішіндегі бірен-саран оза туғандары болмаса, көпшілік баланың зейіні мен зердесі, ойы мен қиялы әрқашанда балалық күйінде қалады. Оқулық жазған кезде біздің ойымызда 5-сыныптың оқушысы тұруы шарт, бірінші курстың студенті немесе жоғары сынып оқушысы емес. Шырақ туралы да осыны айтуға болады, Шырақтың өз денесін жарақаттағаны, парсыларды алдау үшін айтқан уәжі солғын, сезімсіз, қан-сөлсіз, бала ат үсті оқи салатын дүние, есіне де сақтай алмайды, әсер де алмайды. Оқу материалын 5-сынып оқушысының санасына толық дарыту үшін оның мейлінше қызықты, әсерлі болғаны тиімді, мүмкіндігінше солай еткен жөн. Шырақ өз-өзіне дене жарақатын салғанда не істеді, ана бір кітаптарда өз құлағын өзі кесті деген жолдар болған, ғажап еді, өз құлағын өзі кескен Шырақ бала қиялын жаулап алған, мұнда ше, өз денесін жарақаттап дей салған, шырыны жоқ, сылдыр су, бала үшін жарақаттау, жарақаттану деген сөздердің мағынасы беймәлім, белгісіз, әрі әсерсіз. Одан соң Шырақтың парсыларды артынан ерту үшін айтқан уәжі бала көңіліне қонбайды, тағы да ана жылғы оқулықта келтірілген Шырақтың сөзі сенімді, нанымды шыққанын еске түсірейік. Сақтардың баратын жеріне күні бұрын барып, алдынан тосып алып, шаршап-шалдығып жеткен оларды оп-оңай-ақ талқанын шығарамыз деген Шырақтың сөзі нанымды ма, нанымды, сенесің бе, сенесің. Бесінші сынып баласы да осыны түйсігімен аңғарады да, шынымен-ақ Шыраққа риза болады, өзі де солай істегісі келеді. Ал, мына оқулықта 200 мың әскерді басқарып келе жатқан Дарийді қойып, 5-сынып оқушысының өзі де сенбейтін аргументті келтірген, баланы түк те иландырмайды. Баланың ой-санасын жаулап алатындай дәрежеге жетудің басты шарты – оны иландыра білу ғой, сонда ғана бала, оқушы естігенін есіне сақтайды, оқығанын ойға тоқиды. Бұл арада тақырыпты оқып-үйренудің нәтижесі қалай болатынын өзіңіз-ақ шамалай беріңіз. Сөз реті келгенде айтпасқа тағы да болмайды, оқулықтың өн-бойынан мағынасы маңыраққа, шаранасы шаңыраққа қарап тұрған жеке сөздер мен сөз тіркестері мейлінше жиі кездеседі. Қалың орыстың арасында өмір сүріп, ана тіліміздің әрбір әрпі үшін орыс тілді шала қазақтармен жан алысып, жан берісіп жүрген біздер қақ шекемізден сойылмен соққы алғандай күй кешеміз. Оқулықтың 116-бетінде: «...патшаның сарбаздары шөл дала мен аптап ыстықтан қаза бола бастағанда ғана алданғанын түсінеді...», – деп жазылған. «Қаза бола бастағаны» несі, қырыла бастағанда десе қайтер еді, қаза бола бастады деп, бір-бірден өле бастағанда айтпай ма, қырылу – топ-тобымен өле бастағанын білдіреді ғой, қайсысы оқушы үшін әсерлі.

Құрметті оқырман қауым, ардақты әріптестер! Менің мақсатым оқулықты мүлдем іске алғысыз етіп, сынап-мінеу емес, көзге ұрып тұрған кемшіліктерін түзету, олқылықтарын оңалту екенін түсініңіздер. Оқулықтың жақсы жақтары да баршылық, 52-параграфта ғұн көсемі – Мөде туралы өте тамаша жазылғанын атап өту керек. Барлығы 64 параграфтан тұратын оқулықты бастан-аяқ осы сарында жазса деген ойымды қабылдаңыздар. 5-сыныпта тарих пәнін оқушы ойы мен санасына ойдағыдай сіңіре алсақ, зор табыс пен биік жетістікке жететінімізге сенімдімін. Ол үшін жоғарыда жазған жайларды ескерулеріңізді өтінемін.

**Шығыс Қазақстан облысы,
Зырян ауданы,
Серебрянск қаласы.**

Редакциядан. Оқулық мәселесі журнал беттерінде 25 жыл бойы тұрақты түрде көтеріліп келеді. Авторлар оқулықтың қалай жазылғаны, оны пайдаланғанда тарих пәні мұғалімдері қандай мәселелерге көңіл аударып, мән беруі керектігімен толық таныстырса, мектеп мұғалімдері де сабақ беру барысында қандай қиындықтарға тап болғанын, бағдарлама мен оқулықтың сәйкеспейтін, үйлеспейтін тұстарын, өздерінің оқулық авторларына базынасын да мақала, ұсыныс пікірлер түрінде жеткізіп отырды. Бұл туралы журналдың биылғы

1-санындағы «Қазақ тарихы» журналы және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі мәселесі» деген мақалада егжей-тегжейлі айтылған. Жоғарыдағы Қ.Мақтиевтің мақаласында да осы мәселе көтеріліпті. Автор «*Менің мақсатым оқулықты мүлдем іске алғысыз етіп, сынап-мінеу емес, көзге ұрып тұрған кемшіліктерін түзету, олқылықтарын оңалту*», – деп, өзінің ізгі ниетті ұстанып отырғанын білдіріпті. Осы туралы Сіз не дейсіз, оқырман? Айтылған сын туралы авторлар не дер екен?

ҚАҢЛЫЛАР

Лариса КОЖАХМЕТОВА,
Жаңақала мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушыларға қаңлылардың қоныстанған жері, этникалық құрамы, қоғамдық құрылысы, шаруашылығы, саяси жағдайы, өнері, діні, тарихи археологиялық деректері жөнінде түсінік қалыптастыру. **Дамытушылық:** Оқушылардың тарихи материалдарды меңгеру, салыстыру, қабылдау және білім-білік дағдыларын дамыта оқыту. **Тәрбиелік:** Оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілдікке, тарихи сауаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, пікір алмасу.

Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихы.

Сабақтың көрнекілігі: карта, кестелі суреттер.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

Сыныпты 3 топқа бөлу.

II Үй тапсырмасын тексеру. «Алмастыр да қайта бер» ойыны.

Оқушылар арнайы таратылған ақ парақтың төменгі жағына өз тараптарынан үйсіндердің шаруашылығы туралы сұрақтар жазып, жанындағы оқушыға береді, алған оқушы сұрақтың жауабын жазып, шетін бүктеп, келесі оқушыға тапсырады. Осылайша өз сұрағы өзіне келгенде сұрақтың жауаптарын тексеріп, бағалайды.

III Жаңа сабақ. Жоспары: 1. Қаңлылардың орналасқан жері, халқы, кәсібі. 2. Шаруашылығы, қоғамдық құрылысы. 3. Өнері мен діні. 4. Археологиялық ескерткіштері.

1-тапсырма: 1-топ. Қаңлылар тарихы туралы қытай, иран жазбалары.

2-топ. Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері.

3-топ. Қаңлылардың қоныстануы, қоғамдық құрылысы.

Әр топқа 3 минут уақыт беріледі. Постер қорғайды.

2-тапсырма: 1-топ. Сөйлемді толықтыр.

Қаңлы елінің билеушісі - Ел басқаруға оның үш орынбасары - көмектесіп отырды. Қаңлы елі иелікке бөлінді. Әр иелікті басқарды. Кіші хандарға бағынатын тайпаларды басқарды. Көсемдердің лауазымы берілді.

2-топ. Қаңлы туралы айтылатын жазба ескерткіштерді ата.

3-топ. Қаңлылардың археологиялық мәдениеті: Қауыншы, Отырар-Қаратау, Жетіасар.

3-тапсырма: «Авеста» қасиетті кітабы.

Вэсканың ержүрек ұлдары ең биік Канха қамалының алдында құрбандық шалды.

Қытай тарихшысы Сыма Цянь көшпелілердің өмірі мен тұрмысын суреттеген.

Қытайдың «Цянь Ханышу» атты тарихи деректерінде мемлекеттің пайда болған уақыты мен оның шекарасы жайлы мәліметтер берілген.

Кестені толтыр.

Қаңлылар	
Хронологиялық шеңбері	Б.з.д. III – II ғғ. мен б.з. V ғасыр аралығы
Негізгі мекендеген жері	Сырдария өзенінің орта ағысы (Қазақстанның оңтүстігі)
Ел билеушісі	Хан
Астанасы	Битянь
Қаңлылар туралы деректер	Қытай жазбаларында кездеседі. Сыма-Цянь «Тарихи жазбалары», «Цянь Ханышу».
Қытай деректері бойынша	600 мың адам, 120 мыңға дейін жауынгерлері болған.
Солтүстіктегі көршілері	Сарматтар мен аландар
Қаңлы елі экономикалық, мәдени, саяси байланыс жасаған елде.	Қытай, Рим, Кушан.

4-тапсырма: Хатқалтаға салып Көк-Мардан, Қуандария, Жаңа дария, Қостөбе деп жазылған сөздерді ортаға тастаймын. Әр топ ақылдасып, анықтама береді. Айырмашылығын айтады.

IV Жаңа сабақты бекіту. «Жұптасу» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады.

Сұрақтары: 1. Қаңлылар қай ғасырларда өмір сүрген?

2. Қаңлы ескерткіштерін ата!

3. Қаңлылардың негізгі шаруашылық түрін ата! Қосымша кәсібі қандай?

4. Қаңлыларда не өндіру жақсы дамыған? Орталығы қай қала?

5. Қаңлы жерінен табылған теңгелер саны қанша?

V Үйге тапсырма. «Қаңлылар» тақырыбын толық оқу, қосымша материалдар жинақтап, тест құрастыру.

VI Бағалау.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақала ауылы.

ЖУАЛЫОЙДАН ХАБАРСЫЗ КЕТКЕНДЕР

Қаныш САДЫР,
Х.Нұрымғалиев атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры

Талай баланы жетім, әйелді жесір, көптеген отбасыларды ойран еткен адамзат тарихындағы ең қанқұйлы екінші дүниежүзілік соғыс шеңберіндегі Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 73 жыл болса да әлі де ашылмаған «ақ таңдақтары» жетерлік. Анық емес қолда бар деректерге сүйенсек, Тұрдығұл ауыл кеңесінен (1963 жылдан кейін Жуальной ауылы) 105 адам майданға аттанып соғыста қаза тапса, кейбірі мүлдем хабарсыз кеткен.

Сол хабарсыз кеткендердің кейбірінің ұрпақтары қазір ауылымызда, қала берді облыс аумағында тіршілік етіп жатса, кейбіреулерінің ешкімі де қалмаған екен. 1942 жылдың 14 қаңтарында Жаңақала аудандық әскери комиссариатынан көптеген адамдар әскерге аттанған. Төменде солардың ішіндегі № 8 Тұрдығұл ауыл советінен шақырылған адамдар туралы қысқаша болса да мәлімет бергім келеді.

Арыстан Ахметов – қатардағы жауынгер, партияда жоқ. 1902 жылы дүниеге келген, Жаңақала ауданы, 8-ауыл кеңесінің тумасы, соңында қалған туысына әйелі Ахметова Жұмазия әжемізді көрсеткен. Ол асқан ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің бірі еді. Ол атақты Панфилов дивизиясының құрамында соғысқан. Воронеж облысының Сурковское селосы маңында 19 қызыл әскер фашистердің бір батальонына қарсы шайқасады. Олардың он бірі қаза тауып сегізі ауыр жарақаттанған күйінде жау қолына түседі. Фашистер Арыстаннан жауап алуға тырысады. Бірақ ол да, жолдастары да мәлімет беруден бас тартқан. Ақырында жеңдеттер оларды үстеріне жанармай құйып тірілей өртеп жібереді. Олар туралы майдан газеті мен бірнеше кітаптарда жарияланған.

Ермекқұлов Ізмұқан – 1906 жылы дүниеге келген, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. Жаңақала ауданы, 8-ауыл кеңесінің тумасы, 1942 жылдың қараша айында 382 артиллерия полкінде болған. Одан кейінгі тағдыры белгісіз. Хабарсыз кеткендер тізімінде. Әкесі Берқалиев Ермекқұл №8 ауыл советінде тұрған. Баласы Сағынғали атамыз өле-өлгенше әкесінің хабарсыз кеткенін айтумен өтті. Қазір немересі Мұсағали мен шөберелері Жуальной ауылында тұрады.

Хайырлиев Мәжит – 1916 жылғы, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. 1942 жылдың 14 қаңтарында Жаңақала әскери комиссариатынан әскерге шақырылған. Әкесі Жанысов (Джанисов) Хайырлы №8 ауыл кеңесінде тұрады. Басқа ешқандай да дерек жоқ. Ол кісіден ұрпақ қалмаған. Інісі Мақсоттың үрім-бұтағы Орал, Жаңақала, Жуальной ауылдарында тұрады.

Өтешев Сисенғали (Утешев) – 1903 жылғы, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. 13 атқыштар полкінде Севастополь үшін болған шайқаста қаза тапқан. Қаза болған уақыты белгісіз. Хабарсыздардың тізімінде. Анасы Өтешева Қалау №8 Тұрдығұл ауыл кеңесі Интернационал колхозында тұрған. Ол кісінің немере-шөберелері Жуальной, Жаңақала ауылдарында тұрып жатыр.

Әкімқұлов Іздай (Акимқұлов Здай) – 1908 жылғы, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. Мүлдем хат келмеген, хабарсыз кеткен. Баласы Тұрған Жуальнойда тұрып, кейін Мерген ауылына қоныс аударған еді. Оның бала-шағасы Мерген ауылы мен Орал қаласында

тұрмыс кешіп жатыр.

Мырзабаев Ізбасар – 1901 жылғы, партияда жоқ, қатардағы жауынгер. 1942 жылдың 15 қаңтарында Жаңақала АӘК – майданға алынған. Анасы Мырзабаева Жұмазия қалған. Басқа ешқандай мәлімет жоқ.

Шоқпаров Сәмен – 1913 жылғы, партияда жоқ, әскери шені белгісіз. Соңғы хаты 1942 жылдың мамыр айында келген. Мекен-жайы жоғалған. Хабарсыз. Жақын туысынан 1869 жылы дүниеге келген әкесі Құрманғалиев Шоқпар көрсетілген. Баласы Жаңақазандағы Саменов Ермекқали.

Әбдіғалиев Боранбай – 1918 (1908) жылғы, ВЛКСМ мүшесі, 1939 жылы 10 қазанда әскерге алынған. Соңғы хаты 1941 жылдың 15 қыркүйегінде келген. Мекен-жайы жоқ. Содан хабарсыз. Анасы Усина Ұлдай деректе тұр.

Тұралиев Бисен – 1907 жылғы, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. Соңғы хаты 1942 жылдың 10 маусымында келген, мекен-жайы жоқ. Әйелі Тұралиева Ақша №8 ауыл кеңесінде тұрған.

Сүндетқалиев Темір – 1923 жылы дүниеге келген, 1942 жылдың маусым айынан желтоқсанға дейін 973-атқыштар полкінде міндетін атқарған. Ары қарайғы тағдыры белгісіз. Кеңес Одағының әскери министрлігінің мұрағатынан 1952 жылғы 7 қазандағы № 66938 қатынас хатында 3 бөлім бастығы полковник Иванов қол қойған анықтамада ол туралы мәліметтерді білу мүмкін еместігін көрсеткен.

Әбілов Мәжит – 1918 жылғы, әскери шені белгісіз, партияда жоқ. Әскерге шақырылған жылы 1940 жыл болуы мүмкін, (анық емес). Соғысқа дейінгі мекен-жайы Латвия ССР, Даугапилс, №46 пошта жәшігі, артиллериялық полк, №23 бөлімше. Анасы Әлденова А., №8 ауыл кеңесі, Еңбекші колхозында тұрған. Басқа мәлімет жоқ.

Сапаров Мұбарак – 1918 жылғы, партияда жоқ, әскери шені белгісіз. 1939 жылдың 20 қыркүйегінде Жаңақала АӘК шақырылған. Соңғы хаты 1941 жылы 25 шілдеде Чита облысы, Сбега станциясы, 3 пошта жәшігі, II бөлімшеден келген. Басқа мәлімет жоқ. Анасы Мұстафина Бақтылы 1890 жылғы, №8 ауыл кеңесі.

Сарғойшин Иман – 1912 жылғы, қатардағы жауынгер, партияда жоқ. 1942 жылдың ақпанында Жаңақала АӘК әскерге алынған. Соңғы хаты 1943 жылдың 10 маусымында келген. Дала поштасы №1676. Соңында әкесі, анасы, ұлы, қызы қалған.

Мыңбаев Орынбай – 1916 жылғы, қатардағы жауынгер, партия мүшесі. 1939 жылдың 14 қазанында әскерге алынған. Соңғы хаты 1941 жылдың қазанында келген. Әкесі Бегалиев Жанбай. Туыстары Орал қаласында тұрады.

Мәліметтердің барлығыда obd-memorial.ru сайтынан алынды. Кейінгі ұрпақ еліміз үшін жандарын қиған ерлері туралы біліп жүрулері міндет деп білемін.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс», – деп атап көрсеткен еді. Туған жердің тарихы оның ерлерінен де құралатыны анық.

Батыс Қазақстан облысы,
Жуальной ауылы,
Жаңақала ауданы.

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Бақытжан ҚАЙЫРБЕКОВ (Каирбеков),
№39 «Қызылөзек» орта мектебі
Зайырлылық және дінтану негіздері пәні мұғалімі

Мақсаты: а) Христиан шіркеуіндегі өзгерістердің орын алуы және христиан дінінің бөлінуі. Православие мен католицизмнің бір-бірінен айырмашылығы. Католик ұғымы мен ілімі. Католиктік шіркеудегі өзгерістер. Протестанттық ағымның қалыптасу тарихы. Қазіргі заманғы христиандық және миссионерлердің мақсаты. Христиандық діни мерекелер туралы түсінік беру. ә) Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. Ойлау қабілетін арттыру. Өз бетімен ізденуге дағдыландыру. б) Адамгершілікке, елжандылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығы, дүниежүзінің саяси картасы, сұрақ-жауаптар, техникалық құралдар.

Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихы, география, Қазақстан тарихы.

Тіпін мен түрі: жаңа сабақ.

Өтілу барысы: 1) Ұйымдастыру. 2) Үй тапсырмасын сұрау. 3) Жаңа сабақты баяндау. 4) Үйге тапсырма беру.

Жаңа сабақ: Христиан діні Рим мемлекетінің көптеген аймақтарына таралу барысында әр елдің жағдайына, қалыптасқан әлеуметтік қатынастары мен жергілікті дәстүрлеріне бейімделді. Христиандықтың діни ілім дәстүрлерінің көптеген түрлері қалыптасқан. Бұған Рим мемлекеті халқының мәдени сан алуандығы әсер етті. Көптеген аймақтарды мекен еткен христиандар діни нанымдарын түрлі тілде атқарған. Тілдің, мәдениеттің айырмашылығы шығыс пен батыстық христиан шіркеулерінің арасында діни оқытуларда догмалық және ғұрыптық айырмашылықтардың пайда болуына әкелді. Содан барып 1054 жылы христиандықта екі шіркеу пайда болды: православиелік және католиктік. Бұл бөліну бірнеше ғасыр бойы қалыптасты.

Православие Византия аумағында қалыптасты. Римнің шығыс бөлігі – Византиялық миссионерлер арқылы христиандықты қабылдаған елдер, сондай-ақ, Соборларда бекітілген діни ілімді сақтайтын барлық шіркеулер Православие әлемі деп аталды. Православие (грекше «дұрыс ойлау», «дұрыс ілім») шіркеуінің басшысы Константинополь Патриархы деп ресми түрде жарияланған. Алайда ол нақты билік құрған жоқ. Әр шіркеудің өз билігі өзінде болды. Константинополь, Александрия, Антиохий, Иерусалим, Болгар, Эллада, т.с.с. тәуелсіз бірнеше шіркеу болды. Олардың саны үнемі өзгеріп тұрды. Сондай дербес шіркеу құрған Көне Русь Константинополь патриархатынан шоқынуды ресми түрде 988 жылы қабылдады. Ресейдің православиелік шіркеуінің (Мәскеу Патриархы) дербестігі қазіргі кезге дейін сақталып отыр.

Православиенде ғұрыптық ғибадат үлкен орын алады. Оның басты элементтері – жеті құпия деп есептеледі.

Католик ұғымы грекшеден аударғанда «жалпы, жалпыға ортақ» деген мағынаны білдіреді. Католиктің ең алғашқы епископы Петр апостол болып саналады. Христиандықтан католиктің бөлінуі III – V ғасырларда Рим мемлекетінің Батыс және Шығыс аймақтарында басталды.

Католиктердің православтардан айырмашылығы: православтар адам жер бетінде мұқтаждық көріп,

Құдайдың өсиеттерін орындай білсе, о дүниеде үлкен бақытқа жетеді деп сенсе, ал католиктер бұған керісінше, бұл дүние мен о дүниелік жаза үйлесімді деп санады. Католиктер Құдай мен адам қатынасын заңдық тараптан қарастырады; христиан жазадан құтылу үшін жақсы амалдар жасау керек. Адам өзінің күнәсінен тазаланудан гөрі одан құтылу жолының құралын ойлағаны дұрыс деп білді. Католикшілдікте күнәдан арылу идеясы айқын (крест) жорығына қатысу, белгілі уақыттарда құрбандық шалу, құлшылық жасау, қасиетті жерлерге зиярат жасау формасында болады. Орта ғасырларда Рим Папасының бекітуімен сатылған индульгенция да күнәдан арылу жолы болып есептелді. Католиктік шіркеуде Иисуспен қатар Мәриямды Құдай ана ретінде дәріптеуге көп мән беріледі. Мәриям ана да аспанға көтерілді деп сенеді.

Рим католиктік шіркеуі – Рим Папасының басқаруындағы күрделі иерархиялық институт. Католик шіркеуінің басшысы – Рим Папасы. Оны 150-ге жуық кардинал бас қосатын діни жиналыс – конклав сайлайды. Папа – Петр апостолдың мұрагері, Иисустың жер бетіндегі өкілі саналады. Рим Папасының басты қасиеттерін білу католиктік доктринасының негізгі өзегі есептеледі.

Католиктік шіркеуде екінші Ватикан Соборынан соң (1962-1965) көп өзгерістер болды. Көне латын тілінде жасалатын құлшылық пен діни рәсімдер енді әр ұлттың өз тілінде жасалады. 1996 жылы Папа Иоанн Павел II қол қойған құжаттар бойынша триаология қасиетті рух туралы оқумен қатар көне шығыс әкейлерінің ілімдеріне сәйкес түсіндірілуі керек болды.

Қазіргі православиелік шіркеуі мен католицизмнің арасында догматтарының дұрыстығы, литургиясының толықтығы, құлшылықтардың шынайылығы өзара мойындалады.

Христиандықта протестанттық ағымның бөлінуі XVI ғасырда болды. Ол Инжілді неміс тіліне аударған, христиан дінінің білгірі Мартин Лютердің атымен байланысты. М.Лютер алдымен шіркеуді өз ішінен реформалауға ұмтылды. Ол шіркеулер I ғасырда пайда болған апостолдық білімге, діни оқуға, дін тазалығына қайтып келуі тиіс және сол ілім арқылы қайта дамуы керек дегенді айтты. Ол Киелі Жазбаның тікелей және терең мағынасына назар аударылуы қажет деп білді.

Протестантизм лютерандық, кальвиндік, англикандық ерекшеліктермен дамыды. М.Лютер мен Ж.Кальвин ілімі негізінде пайда болған, бірақ даму барысында өз ілімдері мен ғұрыптарын қалыптастырған шіркеулер саны көбейді. Протестанттық шіркеулердің ерекшелігі миссионерлік іске, яғни, өз діндерін таратуға ұмтылуында.

Жаңа сабақты бекіту: 1. Христиан діні ағымдарға қашан бөлінді? 2. Православиелік шіркеу мен католиктік шіркеуді сипаттаңдар? 3. Алғашқы католиктік монах ордені қашан пайда болды? 4. Христиан діні қай аймақтарда көп таралған? 5. Протестанттық бағыт қалай пайда болды?

Үйге тапсырма: §13-14. Христиан дінінің бағыттары (православие, католицизм, протестантизм). Қазіргі заманғы христиан діні.

Қызылорда қаласы,
Қараөзек ауылы.

Қазақ тарихы
№6 (163), тамыз, 2018